

**Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы
Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты**

АЛУА ЖОЛДЫБАЛИНА

**САРАПТАМАЛЫҚ ТАЛДАУ
ОРТАЛЫҚТАРЫ:
ЗАМАНАУИ САЯСАТ САРДАРЛАРЫ**

Нұр-Сұлтан, 2019

ӘОЖ 327 (075)
КБЖ 66.06 (0)
Ж 69

*Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы
Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының
Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған*

Пікір білдірушілер:

Е.Т. Қарин, саяси ғылымдарының кандидаты
А.Н. Нүкенов, саяси ғылымдарының кандидаты

Жолдыбалина А.С.

Ж69 Сараптамалық талдау орталықтары: заманауи саясат сардарлары. – Нұр-Сұлтан: ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2019. – 248 б.

ISBN 978-601-80217-0-1

Монография саясаттағы сараптамалық талдау орталықтарының әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, қызмет етуі мен саяси үдеріске ықпал ету ерекшеліктерін кешенді зерттеуге арналған. Сараптамалық талдау орталықтарының теориялық негіздері, қызметтері, түрлері, қаржыландыру мәселелері қарастырылады.

Сонымен бірге, АҚШ-тың саясатындағы, Қытайдың саяси жаңаруындағы, Ресейдің саяси үдерісіндегі сараптамалық талдау орталықтарының маңызы және олардың негізгі ерекшеліктеріне, сондай-ақ Қазақстандағы тұңғыш сараптамалық талдау орталығы – Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының қалыптасуы мен дамуына, қызмет ету ерекшеліктері мен даму үрдістеріне талдау жасалған.

Монография саясаттанушыларға, магистранттарға, студенттерге, саясат саласындағы мамандарға арналған.

ӘОЖ 327 (075)
КБЖ 66.06 (0)

ISBN 978-601-80217-0-1

© ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2019
© А.С. Жолдыбалина, 2019

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
1. САРАПТАМАЛЫҚ ТАЛДАУ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	8
1.1 Сараптамалық талдау орталықтарының анықтамалары.....	8
1.2 Сараптамалық талдау орталықтарының қызметтері және жіктелуі	30
1.3 Сараптамалық талдау орталықтарды қаржыландыру және негізгі ғылыми өнімдері	49
2. САРАПТАМАЛЫҚ ТАЛДАУ ОРТАЛЫҚТАРЫ: ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ	64
2.1 АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтары.....	64
2.2 Қытайдың сараптамалық талдау орталықтары	93
2.3 Ресейдің сараптамалық талдау орталықтары	111
3. ҚСЗИ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰҢҒЫШ САРАПТАМАЛЫҚ ТАЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ: 25 ЖЫЛДЫҚ ТӘЖІРИБЕ	139
3.1 Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты: дамуы және бағыттары	139
3.2 Ғылыми кеңістіктегі Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты	147
3.3 Жаһандық рейтингтегі ҚСЗИ: негізгі көрсеткіштері.....	161
ҚОРЫТЫНДЫ	174
ҚОСЫМШАЛАР	179
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	230

КІРІСПЕ

Кез келген деңгейдегі саяси шешімдерді дайындауда әрі қабылдауда, мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыруда, елдің экономикалық, әлеуметтік, саяси бағыттарын, ішкі және сыртқы саяси дамуын анықтауда сарапшылар мен ғалымдардың пікіріне, ұсыныстары мен ой-түйінділеріне негізделу – саясаттың ажырамас бөлігі болуы тиіс.

Мемлекеттің басқару түріне, саяси жүйесі әрі саяси мәдениет түріне қарамастан, мемлекеттік құрылымдарды талдау жұмыстарымен сараптамалық қызметпен қамтамасыз ететін, мемлекеттік саясаттың қалыптасуына ғана емес, сонымен бірге қоғамның әр түрлі салаларында оның жүзеге асуына баға беруге мүмкіндік беретін **сараптамалық талдау орталықтары** (саяси ғылымда «think tanks» деген атаумен танымал) қызмет етеді.

Сараптамалық талдау орталықтарын ортақ бір сөзбен сипаттау мүмкін емес, себебі көптеген елдерде олар әр түрлі атаумен танымал. Мысалы, АҚШ-та, Еуропа мемлекеттерінде - «think tank, research institute», Ресейде – «мозговые центры, фабрики мысли», Орталық Азия елдерінде - аналитикалық орталықтар. Атауларының әр түрлілігіне қарамастан, олар бір қызметті атқарады, сол себепті сараптамалық талдау орталықтары деген түсінікті қолдануды жөн көрдік.

Саясаттағы сараптамалық талдау орталықтарының маңыздылығы келесіде:

Біріншіден, қоғамда, оның ішінде саясатта бірқатар процестер күтпеген жағдайда пайда болуы мүмкін. Мысалы, әлемдік экономикалық дағдарыс. Дегенмен, дер кезінде мониторинг жүргізіліп, талдау, талқылау жасалса, қоғамдағы көптеген кешенді әрі жүйелі мәселелердің алдын алуға болады, яғни болжамдық қызмет үлкен маңызға ие. Ал болжам жасау қызметі сараптамалық талдау орталықтарының да негізгі қызметтерінің бірі. Сараптамалық талдау орталықтары дайындаған әр түрлі болжамдар негізінде мемлекеттің бағдарламаларын, стратегияларын қалыптастырып, жүзеге асырып, оған уақтылы өзгерістер мен толықтырулар да енгізуге болады, ал бұл мемлекеттегі стратегиялық бағдарлаудың негізін құрайды. Бұл мәселенің өзектілігі Қазақстанның даму стратегиясында айқын көрсетілген: «әлеуметтік экономикалық өмірдегі дағдарысты құбылыстардың негізгі себептерінің бірі - министрліктер мен ведомстволар арасында, аймақтар арасында үйлестірудің болмауында. Бұл проблеманың тамыры - стратегиялық жоспарлардың жоқтығында болып отыр. Әрбір министрліктің, ведомствоның, әкімшіліктің жұмысы, сайып келгенде аймақтық дамудың өзі мақсаты айқын, міндеттері нақты жалпы мемлекеттік стратегияға бағындырылуы тиіс. Бұл тың көзқарас пен жаңа әдістемені талап етері даусыз. Стратегиялық жоспарлау, қаржылық бағдарламалау мен

жобалық менеджмент таяу болашақтағы мемлекеттік басқарудағы жанарудың өзегіне айналады».

Екіншіден, сараптамалық талдау орталықтарының қызметі қоғамдағы саяси жағдайға, ахуалға, дамуына талдау жасап, жағымсыз үрдістердің алдын алуға, олардың салдарынан туындаған кері процестерді реттеуге бағытталған. Сонымен бірге, олар мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын халыққа жеткізу, оны негіздеу әрі түсіндіру қызметін орындайды. Өтпелі қоғамдарда сараптамалық талдау орталықтары өзіне тән емес қызметтерді орындауға мәжбүр болады. Сол себепті сараптамалық талдау орталықтарының негізгі қызмет ету бағыттарын анықтау мәселесі маңызды. Мемлекет күн тәртібіндегі негізгі міндеттердің бірі – уақтылы жаңа қауіп-қатерлерді, жағымсыз процестерді анықтауға, оған тиісті шаралар қолдануға мүмкіндік беретін болжамдық-талдау жұмысына ерекше маңыздылық беру және оның нәтижелілігі мен тиімділігін арттыруға жағдай жасау.

Үшіншіден, мемлекеттің саяси жүйесіндегі саяси институттардың жұмысында ғылыми негізделген шешімдерді дайындау үдерісіне сараптамалық талдау орталықтары қатысады. Сараптамалық талдау орталықтарының қызметтері, қаржыландыру тетіктерін, басқару механизмдерін, жетекші мемлекеттерді оларды дамыту стратегиялары білу, сондай-ақ, олардың мемлекеттік органдармен жұмыс

істеу әдіс-тәсілдері оларды әрі қарай дамыту үрдісін анықтауға мүмкіндік береді.

Сараптамалық талдау орталықтары бір жағынан, мемлекеттік саяси шешімді дайындау үдерісіне қатысу арқылы ғылыми негізделген әрі жағымсыз салдары аз, тәуекелділік деңгейі төмен, ұтымды саяси шешімдерді қабылдауға, екінші жағынан, қоғам мен билік арасындағы сенімділікті арттыруға мүмкіндік береді. Халықаралық жағдайдың, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатындағы өзгерістерді толығымен алдын алу, болжам жасау мүмкін емес, бірақ ғылыми негізде саяси, экономикалық, әскери, әлеуметтік жағдайға талдау жасау, баға беру, олардың жағымсыз сипатта өзгермеу үшін тиісті ұсыныстар мен сценарийлерді құру - кез келген мемлекет дамуындағы стратегиялық тұрғыдан маңызды үдеріс әрі мақсат. Мемлекеттегі саяси, экономикалық, әлеуметтік салалардағы кез келген шешімді ғылыми негіздеп, оның мүмкін салдарына болжам жасау қажеттілігі саяси үдерісте үлкен маңызға ие болуы қажет.

Американдық ғалым Дж.Макганның пікірінше, саяси мәселелер ақпарат пен талдауды «қажет уақытта және дұрыс үлгіде» [1, 6] талап етеді, яғни бүгінгі таңда саясаттағы өзекті мәселелер уақыт жағынан шектеулі мерзімде шешіліп, оған қатысты қабылданатын шешім ғылыми негізделуі тиіс.

1. САРАПТАМАЛЫҚ ТАЛДАУ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Сараптамалық талдау орталықтары: негізгі анықтамалары

Сараптамалық талдау орталықтары ХХ ғасырдың басында саяси құбылыс ретінде пайда болып, қалыптасып, ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап саяси ғылымның зерттеу объектісіне айналды. Негізінен, сараптамалық талдау орталықтарының саясаттағы, саяси үдерістегі рөлі мен маңызына кешенді зерттеулер АҚШ-тың, Еуроодақтың, яғни батыс ғалымдарымен жүргізілген болатын.

Сараптамалық талдау орталықтары анықтамалары саяси ғылым дамуындағы ең өзекті әрі үлкен пікірталас туғызған мәселелердің бірі болып табылады. Зерттеу жұмыстарына жүргізілген үстіртін шолу нақты тұжырымдамалық негіздердің алуан түрлілігін байқатады.

Көптеген ғалымдардың анықтамаларына талдау жасау бүгінгі таңда сараптамалық талдау орталықтары түсінігінің көптеген нұсқаларының бар екендігін көрсетеді:

Біріншіден, «ақыл-ой орталықтары» және «ой фабрикалары», әсіресе Ресей ғалымдарының еңбектерінде өте жиі қолданылатын түсініктер.

Бұл тенденция жоғарыда аталған түсініктердің барлығы бір құбылысты зерттеу барысында қолданатындығын көрсетеді. Бұл тұжырымды ресейлік зерттеуші Д.Зайцев те ұстанады. Оның пікірінше, «сараптамалық талдау орталықтары түсінігімен қатар, ақыл-ой орталықтары және ой фабрикалары терминдері синоним ретінде қолданылады» [2, 2757].

Екіншіден, кейбір зерттеушілер, мысалы А.Погребняк, әлемдік тәжірибеде қолданылатын «think tanks» терминін пайдалануды ұсынады [3].

Үшіншіден, М.Лаумулин, Г.Илеуова, Н.Беляева, В.Филиппов, Е.Ковалишин сияқты зерттеушілер сараптамалық талдау орталығы терминін еш өзгеріссіз қолданады.

Төртіншіден, зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасау көрсеткендей, сараптамалық талдау орталықтары саяси ғылымның ғана емес, әлеуметтану ғылымының зерттеу объектісі бола отырып, әлеуметтанушы М.Михалевтің пікірінше, «мобильды зерттеу орталықтары» [4] деген терминмен белгіленеді.

Саяси ғылымның басқа да түсініктері сияқты сараптамалық талдау орталықтарына толыққанды әрі біртұтас анықтама беру мүмкін емес. Сараптамалық талдау орталықтарының мәнін әрі осы ұйымдардың негізгі белгілері мен айырмашылықтарын анықтау – күрделі тұжырымдамалық мәселелердің бірі болып табылады. Мұндай зерттеу ұйымдарын қалай атаудың өзі көптеген ғалымдардың, әсіресе посткеңестік елдердегі ғалымдардың пікірталасын туғызып отыр.

Сараптамалық талдау орталықтарына қатысты зерттеу жұмыстарында кездесетін өзге синонимдер сирек қолданылып, көп жағдайда жарияланым атауларында кездесіп, саясаттағы оның мәнін, ролін, маңыздылығын ашып көрсетуге бағытталған (1-сурет):

- ✓ «әлемдік саясат суфлерлері», «ақыл ой орталықтары – бүгінгі күннің бесінші билігі» (А. Зудин)
- ✓ «ой резервуарлары» (А.Симонов)
- ✓ «интеллектуалды корпорациялар» (А.Неклесса)
- ✓ «интеллектуалды орталық» (А.А.Куликов)
- ✓ «келісім шарт зерттеу орталықтары», «әлемді басқарудың интеллектуалды механизмдері» (С.Абдусаматов)
- ✓ «билік құлағындағы сыбыр» (В.Ратчев)
- ✓ «стратегиялық интеллектуалды ресурс» (Филиппов В.А.)
- ✓ «идеялар билеушілері» (И.Луценко)
- ✓ «ой танктері» (Д.Петров)
- ✓ «биліктің екінші агенттері» (Дж.Келли)
- ✓ «интеллектуалды лобби» (О.Колобов)
- ✓ «келісім шарт бойынша кеңес беру» (И.Шейдина, С.Дацюк, А. Сенаторов)
- ✓ «идеялар брокерлері» (Дж.Смит)
- ✓ «сараптамалық корпорациялар» (М.Ноттурно)
- ✓ биліктің «төртінші билігі» (Д.Зайцев)
- ✓ «қағазды алхимия» (П.Диксон).

1-сурет. Сараптамалық талдау орталықтарының синонимдері

Барлық ғалымдардың сараптамалық талдау орталықтарына қатысты анықтамаларын толыққанды келтіру мүмкін емес, сол себепті оларды бір принцип бойынша жүйелеуге тырыстық. Барлық сараптамалық талдау орталықтары анықтамаларын географиялық прин-


цип бойынша, яғни батыстық, азиялық, посткеңестік деп іріктеп, талдау жасаймыз.

АҚШ-тың саяси ғылымында сараптамалық талдау орталықтарын қалай атау керек жөнінде пікірталас жоқ, себебі бұл мемлекетте сараптамалық талдау орталықтары «think tanks» деген ортақ терминмен белгіленеді. Жалпы осы «think tanks» терминінің қай уақытта нақты осы зерттеу мекемелеріне қатысты қолданылуы жөнінде де нақты мәліметтер жоқ. Американдық ғалым К.Уивердің пікірінше, бұл термин екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қорғаныс, шабуыл, әскери стратегия жоспарларын дайындау мақсатында әскери және азаматтық мамандарды орналастыратын арнайы сенімді, қауіпсіз жағдайлардың жасалуын атаған болатын, бірақ бұл толық дәлелдемесі жоқ тұжырым болып табылады. Сараптамалық талдау орталықтарын атауда ортақ терминнің болғанына қарамастан, американдық ғалымдар сараптамалық талдау орталықтарын әр түрлі позициялардан қарастырады.

П.Диксон, К.Уивер, Э.Рич, Дж.Смит, И.Дрор, М.Рич, Дж.Макганн, Р.Страйк, Дж.Эйбельсон, Э.Джонсон, Р.Хаас, Дж.Мэтью, Д.Риччи, М. Вайденбаум және т.б. АҚШ-тағы сараптамалық талдау орталықтарын зерттеген негізгі ғалымдар.

Сараптамалық талдау орталықтарының табиғатын, қызмет ету ерекшеліктерін, АҚШ-тың сыртқы және ішкі саясатындағы ролін алғашқылардың бірі болып зерттеген П. Диксон сараптамалық талдау орталықтарын «қоршаған ортаны ластамайтын фабрикалар» [5] деп

атаған болатын. Өзінің зерттеуінде ол сараптамалық талдау орталықтарына «қағазды алхимия» атауын беріп, осы қымбат қағаздарды өндіру көптеген зерттеу мекемелері үшін жалпы тенденция болып табылады деп тұжырымдаған. Сонымен, жоғарыда аталған американдық ғалымдардың анықтамаларын шартты түрде 3 типке бөліп қарастыруға болады (2-сурет):



2-сурет. АҚШ ғалымдары анықтамаларының 3 типі

Мәртебесіне байланысты берілген анықтамалар сараптамалық талдау орталықтарының қандай ұйымдық нысанада қызмет етуіне басты назар аударады, яғни бір топ американдық ғалымдардың пікірінше, барлық сараптамалық талдау орталықтары міндетті түрде

тәуелсіз ұйымдар болуы қажет. Бұл анықтаманың түрі К.Уивер, Дж.Макганн, Э.Бетанкурт, Дж.Мэтьюз, Э. Рич, Р. Хаас ғалымдарына тән.

Осы топтағы ғалымдардың бірнеше анықтамаларына талдау жасап көрейік. К.Уивердің пікірінше, кең мағынадағы «сараптамалық талдау орталықтары дегеніміз жариялылық саясат саласында зерттеулермен, талдаумен және ұсыныс дайындаумен айналысатын мекемелер десе, американдық мағынада, бұл үкімет пен университеттерге тәуелсіз болып, коммерциялық емес негізде саяси зерттеулер жүргізетін ұйымдар» деп аталады [6, 64].

Бұл анықтама ел үкіметі тарапынан қаржыландырылатын мекемелерді қамтымайды. Біздің пікірімізше, қаржыландыру көзі сараптамалық талдау орталықтарының қызметінде үлкен рөл ойнағанмен, осы құбылыстың мәнін анықтайтын басты критерий болып табылмайды.

<https://www.youtube.com/watch?v=rk9-AJQ5P0s>



Әлемдегі сараптамалық талдау орталықтарының қазіргі дамуын зерттеуші жетекші ғалымдардың бірі - Дж.Макганн өзінің зерттеулерінде бірнеше анықтама береді. «Сараптамалық талдау орталықтары мемлекеттік саясатты зерттеумен және талдаумен айна-

лысатын тәуелсіз ұйымдар» [7] деген анықтамасында автор мемлекеттік саясат деген түсінік арқылы сараптамалық талдау орталықтарға кең ауқымды зерттеу кеңістігін анықтайды, себебі мемлекеттік саясат қоғамның кез келген саласында болады. Мысалға, білім беру, денсаулық сақтау, көлік және т.б. Бірақ автор сараптамалық талдау орталықтардың тәуелсіздігіне басты назар аударады. Біздің пікірімізше, осы арқылы сараптамалық талдау орталықтары мемлекеттің жүргізіп отырған саясатына баға беріп, талдау жасауы қажет. Өзінің екінші анықтамасында «сараптамалық талдау орталықтарын халықаралық, аймақтық және ұлттық деңгейдегі мәселелер бойынша ақпараттың баламалы қайнар көздері» бола отырып, үкіметке немесе бизнес құрылымдарға тәуелсіз түрде үкіметтер мен халықаралық ұйымдардың қызметіне сыни баға бере отырып, олардың зерттеу кеңістігін ұлғайтып отыр.

Американдық ғалым Э.Бетанкүрт Дж.Макганн сияқты сараптамалық талдау орталықтарын мемлекеттік саясатты зерттеуші орталықтар ретінде анықтап, тәуелсіз, коммерциялық емес негізде қызмет етіп, мемлекеттік саясатты қалыптастыруға бағытталған ұйымдар деп атайды [8, 35].

Осы анықтамада басты назар аударатын мәселе сараптамалық талдау орталықтарының саяси процестің, жалпы саяси өмірдің қай кезеңінде маңызды екенін анықтау. Көп жағдайда сараптамалық талдау орталықтары мемлекеттің жүргізіп отырған саясатына

сыни баға бере отырып, сол саясаттың қалыптасуы мен жүзеге асырылуына қатыспайды. Осындай жағдайдың қалыптасуына мемлекеттің өзі де сараптамалық талдау орталықтарына тапсырыс бермеу арқылы септігін тигізеді. Керісінше, сараптамалық талдау орталықтарының сараптамалық талдау мүмкіншілігі мемлекеттік саясатты қалыптастыру кезеңінде маңызды болып табылады.

Әрі қарай анықтамаларға талдау жасасақ, кейбір американдық ғалымдар сараптамалық талдау орталықтары кез келген құрылымдардан тәуелсіз болуы қажет деп есептейді. Мысалы, Дж.Мэтьюздың пікірінше, «сараптамалық талдау орталықтары мемлекеттен, тіпті партиядан да тыс қызмет ететін ұйымдар» болуы керек [9]. Ал Э.Рич «сараптамалық талдау орталықтары тәуелсіз, қандай да болмасын ықпал ету топтарының мүддесінде қызмет етпейтін, саясатты қалыптастыруға бағытталған, кіріссіз қызмет ететін саяси ұйымдар» болып табылады [10], яғни осы анықтамаларға назар аударсақ, сараптамалық талдау орталықтарының басқа зерттеу ұйымдарынан басты негізгі ерекшелігі – тәуелсіздігі.

Жалпы, саяси ғылымда тәуелсіз деген түсінік аморфты қасиетке ие, оны қандай да болмасын құралмен өлшеу мүмкін емес, сонымен бірге, қоғамда қызмет ете отырып, толығымен тәуелсіз болу мүмкін емес. Сараптамалық талдау орталықтары мемлекетпен не партиямен қаржыландырылмаса да, қандай да

бір ұйым, қор, бизнес құрылымдары демеушілік арқылы қолдау көрсетіп, зерттеуге тапсырыс беруі мүмкін. Тапсырыс беру барысында зерттеу бағытын, тактикасын, стратегиясын тапсырыс берушімен бірлесе отырып анықтайды. Осындай әрекеттесу жағдайында оның өзіндік ықпалы болуы мүмкін.

Сондықтан, сараптамалық талдау орталықтарының тәуелсіз болуы шартты критерийлердің бірі болып табылады.

Келесі анықтамалар тобын *институционалдық* деп атауға болады. Институционалдық анықтамаларда сараптамалық талдау орталықтары қоғамның бір жүйесі ретінде қарастырылып, институт ретінде өзіне тән әлеуметтік реттеуші нормативтері, заңдық негіздері, ережелер жиынтығын иеленуі қажет деп белгіленеді.

Бұл анықтамалар Д.Эйбельсон, С.Тэлботт еңбектерінде орын алған. Д.Эйбельсонның пікірінше, «сараптамалық талдау орталықтары дегеніміз коммерциялық емес, партиядан тыс қызмет ететін (идеологиядан тыс емес), қоғамдық пікір мен мемлекеттік саясатты қалыптастыруға бағытталған институт» [11, 12]. Бұл анықтама сараптамалық талдау орталықтары қоғамдық пікірді қалыптастырушы институт ретінде қарастырылып, партиядан тыс қызмет ететініне назар аударады.

Жалпы, АҚШ ғалымдары үшін сараптамалық талдау орталықтарын партиядан тыс қарастыру негізгі ерекшеліктердің бірі, бірақ бұл партияларда талдау,

зерттеу жұмысы жүргізілмеуінің көрсеткіші емес. Себебі, АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтары идеологиялық жағынан консервативті, либералдық болып бөлінеді. Сол жағдайда сараптамалық талдау орталықтарының партиялық бағыттылығы да айқындалады.

Сонымен, АҚШ ғалымдарының анықтамаларына тән екінші ерекшелік – институционалдық.

Сараптамалық талдау орталықтарының үшінші анықтамалар тобын **қызметіне байланысты берілген анықтамалар** кұрайды. Бұл анықтаманың түрі П.Диксон, Р.Рангуэт, Й. Дрор ғалымдарына тән.

Қызметтік анықтамалар сараптамалық талдау орталықтарының саяси процестегі рөлін анықтап, ерекшелігін көрсетеді.

Р.Рангуэттің пікірінше, «сарапшылар, қоғамдық пікір әлемі мен мемлекеттік бюрократия әлемі арасындағы делдалдық қызметті атқарып, бір бірінен алшақ екі әлемнің диалогында сұрақ-жауапты қалыптастыратын орын» [12, 5] болса, саяси ғылымда жариялылық саясаттың негізін қалаушылардың бірі Й.Дрордың пікірінше, «сараптамалық талдау орталықтары қоғам алдында туындайтын саяси мәселелерді шешу барысында, оны жақсарту мақсатында толыққанды пәнаралық ғылыми нәтижелерді сапалы пайдалану алаңы бола отырып, олар билік пен білім арасында негізгі көпір қызметін атқаруы тиіс» [13].

Сонымен, АҚШ ғалымдары сараптамалық талдау

орталықтарына берген 3 топ анықтамасы сараптамалық талдау орталықтардың қызмет етуіне қойылатын талаптар жиынтығын құрайды, яғни кез келген сараптамалық талдау орталығы тәуелсіз, институционалданған болып, делдал қызметін атқаруы тиіс.

Батыс Европа ғалымдарының арасында сараптамалық талдау орталықтарын Э.Джонсон, М.Сэндлер, Э.Дэнхэм, М.Гарнет, И.Стеффен, Д.Стоун, М.Тунерт, С.Боушер, В.Геллнер, Ф.Шеррингтон, М.Ларент зерттеген.

Батыс Европа ғалымдарының анықтамалары АҚШ ғалымдары анықтамаларынан ерекшеленеді. Батыс Европа ғалымдары сараптамалық талдау орталықтарын анықтауда басты назарды келесі үш критерийге аударады (3-сурет):

мұндай ұйымдардың негізгі зерттеу бағыттары экономика, қоршаған орта, қауіпсіздік, демократиялық процестер саласында болуы шарт

саяси күштерден тәуелсіз болуы шарт

коммерциялық емес ұйым ретінде тіркелуі қажет

3-сурет. Сараптамалық талдау орталықтарын анықтаудағы критерийлер

Сонымен қатар, батыс ғалымдары сараптамалық талдау орталықтарын институционалдық құрылым ретінде қарастырып, институт, корпорация, топ, сарапшылар

қауымдастығы ретінде қабылдайды, яғни сараптамалық талдау орталықтары сарапшылардың жиынтығы ғана емес, ол керісінше топтық жұмыстың негізінде бір команда ретінде жұмыс істеуден туындайды.

Батыс Еуропа ғалымдарының арасында сараптамалық талдау орталықтарын тәуелсіздік критерийі бойынша анықтау тән емес, себебі еуропалық сараптамалық талдау орталықтарының басым бөлігі партиялармен, университеттермен, мемлекетпен, әсіресе Еуроодақпен қаржыландырылып, тікелей байланыста жұмыс істейді.

Сонымен бірге, қызметіне байланыста берілген анықтама да Еуроодақ ғалымдарына тән. Еуроодаққа қазіргі даму тенденциясын негізге ала отырып, көптеген мемлекеттерде, әсіресе Шығыс Еуропа мемлекеттерінде сараптамалық талдау орталықтары өздерінің жұмыс істеу тактикаларын да өзгертті. Еуроодақ сараптамалық талдау орталықтары Брюссель мен басқа Еуроодаққа мүше мемлекеттердің арасында делдалдық, брокерлік қызмет атқаратын болды.

Еуроодақ шеңберінде Шығыс Еуропа ғалымдарын жеке дара қарастырған жөн, себебі Еуроодақ мемлекеттерінің қатарына қосылғанмен, бірігу, сіңісу үдерістері әлі аяқталған жоқ. Шығыс Еуропа мемлекеттерінде сараптамалық талдау орталықтарының атқаратын қызметі де, саяси процестегі орны да бөлек болып табылады.

Орталық Шығыс Еуропа ғалымдарының арасында сараптамалық талдау орталықтар мәселесін

С.Джеймс, С.Ионицэ (Румыния), О.Эрезден (Турция), Б.Анджелкович (Сербия), И.Крыстев (Болгария) зерттейді. Көптеген шығыс еуропалық ғалымдар сараптамалық талдау орталықтарын «азаматтық қоғам мен үкімет арасындағы делдал» және азаматтық қоғамның негізгі даму факторы деп қарастырады.

Шығыс Еуропа ғалымдарының анықтамаларын шартты түрде қызметтік деп жіктеуге болады. Бұл мемлекеттерде сараптамалық талдау орталықтары рөлін академиялық институттар атқарғандықтан, толық институционалданбаған. Сонымен, Еуроодақ шеңберіндегі ғалымдарға сараптамалық талдау орталықтарын *институционалдық* және *делдалдық* тұрғыдан қарастыру тән.

Азия ғалымдарының сараптамалық талдау орталықтарына қатысты анықтамалары американдық және батыс еуропалық ғалымдар көзқарасынан біршама айрықшаланады.

Мысалы, қытай ғалымдарының зерттеуінше сараптамалық талдау орталықтары саяси мәселелер бойынша кеңес беретін тұрақты және автономды ұйымдар болып табылады, яғни батыс сараптамалық талдау орталықтары үшін тәуелсіздік, ал қытайлық сараптамалық талдау орталықтары үшін автономдылық басты критерий болып табылады. Ал саяси ғылымда тәуелсіздік пен автономдылық түсініктері бір-бірінен ерекшеленеді. Х. Шудың пікірінше, шынайы мәнісінде сараптамалық талдау орталықтары «үкіметтік сырт,

тыс миы» ретінде қызмет атқаратын ұйымдардың атауы бола отырып [14, 337], негізінен батыстық сараптамалық талдау орталықтарының басты сипаттамасын құрайды. Сараптамалық талдау орталықтары саяси үдерісте делдал ретінде әрекет еткенмен, үкіметтен тыс қызмет атқаратын ұйымдар бола алмайды, себебі көптеген жетекші сараптамалық талдау орталықтары мемлекет тарапынан немесе мемлекеттік органдар жанында құрылған.

Жапон ғалымдары, сараптамалық талдау орталықтарын ғылым мен саясатты байланыстырушы интеллектуалды құрылым, әрі демократия құралы болып табылады деп тұжырымдады. Сонымен, Азия ғалымдарының сараптамалық талдау орталықтарына қатысты анықтамаларын *қызметіне* байланысты берілген анықтамалар қатарына жатқызуға болады. Сонымен қатар, анықтаманың осы түрінің басым болуы Азия елдерінде саяси жаңару үдерісіне байланысты деп тұжырымдаймыз, яғни мемлекет тарапынан жүргізілген саяси реформаларға қолдау жасау, оның қоғам үшін маңыздылығын негіздей отырып, халық пен билік арасындағы делдал қызметін атқару ерекшелігінен туындап отыр.

Посткеңестік елдерде сараптамалық талдау орталықтарының мәні мен даму тенденциялары АҚШ, Еуроодақ, Қытай елдеріне қарағанда өзгеше болып келеді.


Н.Беляева, Д.Зайцев, А.Михалев, В.Филиппов,

А.Сунгуров, М.Горный, В.Римский, А.Макарычев, Ф.Войтоловский, А.Зудин, Ю.Солозобов, Д.Леонов, А.Нещадин, Л.Боркин, Ю.Наумова, Ю.Громыко, О.Митрошенков, Е.Ковалишин, А.Сенаторов, И.Шейдина, Т.Виноградова Ресейдегі сараптамалық талдау орталықтарын зерттеушілер тобын құрайды.

Ресей саяси ғылымында сараптамалық талдау орталықтары деген түсінік үлкен ғылыми пікірталас туғызған. Бұл пікірталас «ой фабрикалары», «жариялылық саясат орталықтары», «ақыл ой орталықтары», «ақыл ой тресттері» түсініктері арасында болса, кейбір ғалымдар ешбір өзгеріссіз «think tanks» терминін қолдану қажет деп есептейді. Мысалы, ресейлік ғалым А.Нещадиннің пікірінше, ақыл ой орталықтары деп атаған дұрыс, себебі ой фабрикалары «think tank» ағылшын терминінің дәл аудармасы болып табылмайды [15, 51].

Ф.Войтоловскийдің пікірінше, XX ғасырдың 50 жылдарында қабылданған «ақыл ой тресттері» деген түсінік бастапқыда мемлекеттік сараптамалық талдау орталықтарына қатысты қолданылған болса, XX ғасырдың 60-шы жылдарында бұл түсінікті қорғаныс саясатын ғана емес, сонымен бірге ішкі саяси, экономикалық, әлеуметтік мәселелерді зерттейтін сараптамалық талдау орталықтарына да қатысты қолдана бастады [16].

Ресей ғалымдарының да анықтамаларын шартты түрде 4 типке бөлуге болады (4-сурет):



4-сурет. Ресей ғалымдары анықтамаларының типтері

Ресейлік ғалымдардың *мәртебесіне байланысты берілген анықтамалары* АҚШ ғалымдарына ұқсас болғанмен, тәуелсіз ұйым ретінде ғана емес, сонымен бірге автономдық әрі бейтараптық қасиеттердің болуы шарт деген талапты қамтиды. Бұл анықтама Ю.Наумова, О.Митрошенков, Д.Леонов, Е.Погребняк сияқты ғалымдарға тән.

Ю.Наумованың пікірінше, «кез келген сараптамалық талдау орталығы тәуелсіз, коммерциялық емес, мемлекеттік емес құрылымдар сияқты бірқатар талаптарға сәйкес болуы шарт» [17]. Ал О.Митрошенков пікірінше, «сараптамалық талдау орталықтары білікті, бірақ бейтарап ақпарат көздері ретінде қызмет етуі тиіс» десе, ресейлік саясаттанушы Е.Погребняк «сараптамалық талдау орталықтары мемлекетпен де, кіріспен де байланысты болмау» қажеттілігін көрсете отырып, шамалы

деңгейде автономдық қасиетке ие болуы керектігін атай отырып, нақты шектері мен критерийлерін көрсетпейді.

Яғни, Ресей ғалымдарының мәртебесіне байланысты берілген анықтамаларда тәуелсіз деген критериймен қатар, сараптамалық талдау орталықтары автономдық және бейтараптық қасиеттерді иеленуі шарт. Осы жағдайда тәуелсіз және автономдық деген түсініктер пара-пар тең ұғымдар болып табылмайды. Ресей ғалымдарының арасында **институционалдық анықтамалар** Н.Беляева, Д.Зайцев, А.Михалев ғалымдарына тән.

Ресей сараптамалық талдау орталықтарын зерттеушілердің бірі Д.Зайцевтің анықтамаларына талдау жасасақ, ол сараптамалық талдау орталықтарын келесі бірнеше бағытта қарастырады:

1) қазіргі заманғы саяси жүйе институты ретінде [18]. Осы арқылы ол мемлекеттегі сараптамалық талдау орталықтарының маңыздылығын көрсетеді. Саяси жүйе саяси институттар, саяси қарым-қатынастар, саяси мәдениет, саяси сана және құқықтық нормалар мен принциптерді қамтиды, сол себепті сараптамалық талдау орталықтары жоғарыда аталған құрылымдардың қалыптасуы мен дамуына ықпал ете алады;

2) мемлекеттің немесе бизнестің саяси басқару үдерісіне ықпал ете алатын саяси акторлар мен субъектілердің талабымен саяси сараптаманы жүзеге асыратын азаматтық қоғамның институты ретінде [19, 13];

3) тиімділік, шектеулі өзектілікке ие, пәнаралық, кешендік, ғылымилық және объективтілік белгілерін иеленген ерекше интеллектуалды өнім өндіретін және саяси үдеріске сіңіскен кәсіби мамандардың қауымдастығы немесе автономды ұйымдар [20,10];

4) саясатты интеллектуалды қамтамасыз ету институты бола отырып, қазіргі демократиялық үдеріске қатысу үшін арналған сараптамалық қауымдастықты, интеллектуалдарды ұйымдастырудың ерекше түрі ретінде [21, 11].

Жоғарыда келтірілген бағыттар сараптамалық талдау орталықтарының елдің саяси процесіне міндетті түрде қатысатын саяси институты ретінде қарастырып, сараптамалық талдау орталықтары ең алдымен институционалдық негізде қалыптасуына басты назар аударады. Ресей ғалымдары сараптамалық талдау орталықтарын саяси институт ретінде ғана қарастырып қоймай, әлеуметтану ғылымының әлеуметтік институттар теориясы тұрғысынан да сипаттайды. Әлеуметтанушы М.Михалев сараптамалық талдау орталықтарын басқару процесімен бірлесе қарастырып, қазіргі қоғамның күн тәртібін қалыптастыруға тікелей бағытталған «мобильді зерттеу топтары» деп атаған [22, 10].

Зерттеушілердің үшінші тобы сараптамалық талдау орталықтарын қоғамдағы **жариялылық саясаттың бір бөлігі** ретінде қарастырады. Мұндай пікірді

А.Сунгуров, Т.Виноградова, М.Горный ғалымдары ұстанады.

Ресейде сараптамалық талдау орталықтарын жариялылық саясат орталықтары терминімен атау жөнінде пікірталас үлкен орын алып отыр. Осы пікірталас Ресей ғалымдарын екі үлкен ағымға бөлді. Зерттеуші Т.Виноградова пікірінше, сараптамалық талдау орталықтарын жариялылық саясаттың маңызды қайнар көзі десе [23], А.Сунгуров сараптамалық талдау орталықтарын жариялылық саясаттың негізін салушы фактор ретінде қарастыра отырып, мемлекеттің шешім қабылдау процесі жүйесіндегі бір элементі деп есептейді [24], яғни бұл А.Сунгуровтың анықтамаларында бір-біріне қарама қайшы көзқарастар орын алғандығын көрсетеді.

Біздің пікірімізше, жариялылық саясат орталықтары сараптамалық талдау орталықтарының бір түрі болып табылады. Себебі, мұндай орталықтар Батыста 1970-80 жылдары орын алған азаматтық белсенділіктің өсуі мен демократизация үдерісі салдарынан туындаған азаматтық қоғам субъектілері шеңберінің кеңеюіне байланысты пайда болды.

Сонымен, сараптамалық талдау орталықтары жариялылық саясат орталықтарының бір түрі болғанмен, біздің пікірімізше, олардың келесі біршама айырмашылықтары мен ерекшеліктері бар:

1-кесте. Сараптамалық талдау орталықтары мен жариялылық саясат орталықтарының айырмашылығы

Сараптамалық талдау орталықтары	Жариялылық саясат орталықтары
сараптамалық талдау орталықтары қоғам мен интеллектуалдар арасындағы байланысты жүзеге асырушы	жариялылық саясат орталықтары қоғам мен азаматтар арасындағы байланысты жүзеге асырушы
сараптамалық талдау орталықтары идеологияланған	жариялылық саясат орталықтары аз деңгейде идеологияланған
сараптамалық талдау орталықтары партиялық құрылымдарында қызмет атқарады	жариялылық саясат орталықтары партиялық құрылымдардың құрылымдық элементі ретінде жұмыс істемейді
сараптамалық талдау орталықтары коммерциялық ұйым болуы мүмкін	жариялылық саясат орталықтары керісінше, коммерциялық емес ұйымдар
сараптамалық талдау орталықтары көп жағдайда билік органдарының тапсырысы бойынша зерттеу жүргізеді	жариялылық саясат орталықтары азаматтық қоғам субъектілерінің тапсырысы бойынша зерттеу жүргізеді
сараптамалық талдау орталықтары зерттеулерінде басты назар - қауіпсіздік, қорғаныс, лаңкестік, сыртқы саясат стратегиясы, әлемдік экономика	жариялылық саясат орталығы әлеуметтік бағыттағы тақырыптарды зерттеуге бейім болады
сараптамалық талдау орталықтарының басты қызметі – зерттеу жүргізу және мәселені шешу жөнінде нақты ұсыныстар беру	жариялылық саясат орталықтарының басты қызметі – делдалдық, брокерлік, байланыстырушы
сараптамалық талдау орталықтары көп жағдайда мемлекеттік билік кеңістігінде қызмет атқарады	жариялылық саясат орталықтары азаматтық қоғам кеңістігінде қызмет атқарады

Сараптамалық талдау орталықтары	Жариялылық саясат орталықтары
сараптамалық талдау орталықтарында кадрлық құрамы жағынан тұрақты	жариялылық саясат орталықтарындағы кадрлық құрамы тұрақты емес

А.Севоротьян және В.Филиппов сынды Ресей ғалымдары зерттеушілердің төртінші тобын құрайды. Олардың пікірінше, сараптамалық талдау орталықтары сапалы жаңа жағдайда саяси шешім қабылдау үдерісінің ажырамас бөлігі бола отырып, билікті бақылаудың жаңа түрі болып табылады [25]. Яғни, бұл анықтамаға сәйкес сараптамалық талдау орталықтары саяси шешімді қабылдау процесіне ғана емес, сол қабылданған саяси шешімнің жүзеге асырылуына да мониторинг, талдау жасап, баға беруі тиіс. Бұл негізінен сараптамалық талдау орталықтарының барлығына тән деп атау қиын, себебі олар саяси шешімді қабылдаудың алдын ала шараларына ғана қатысады.

Ресей ғалымдарының арасында Ю.Солозобовтың анықтамасына ерекше назар аударуға болады. Оның пікірінше, «сараптамалық талдау орталықтары ғалымдардың біріккен ортасы ғана емес, ол бір нақтылы әдіснамалық немесе тұжырымдамалық дәстүрде зерттеу жүргізетін кәсібилер қауымдастығы» болып табылады [26].

Біздің пікірімізше, сараптамалық талдау орталығының зерттеу жұмысындағы әдіснамалық негізі үлкен рөл ойнайды, себебі зерттеу жүргізу барысында кез келген сараптамалық талдау орталығының өзіндік

әдістер жиынтығы болады. Мысалға, АҚШ-тың РЭНД Корпорейшн сараптамалық талдау орталығы өзінің зерттеулерінде әдіснамалық негіз ретінде жүйелілік әдісін пайдаланған болатын.

Жоғарыда келтірілген Ресей ғалымдарының пікірлеріне назар аударсақ, саяси ғылымында сараптамалық талдау орталықтарына қатысты анықтамалар ғана емес, атаудың өзі үлкен пікірталас туғызып отыр.

Сонымен, сараптамалық талдау орталықтарына қатысты барлық анықтамаларды саралай келе, келесі негізгі 4 тұжырымды айтуға болады (5-сурет):

Сараптамалық талдау орталықтары -			
дербес, автономды сипатта қызмет атқаратын ұйым	кез келген саяси жүйе шеңберіндегі институт, құрылым	қоғам мен билік, ғылым мен билік арасындағы делдал	мемлекеттегі саяси шешім дайындау процесінің ажырамас бөлігі

5-сурет. Ресей ғалымдарының тұжырымдары

Сонымен, «сараптамалық талдау орталықтары дегеніміз қоғам мен ел өмірінің күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді шешу жөнінде нақты ұсыныстар мен шешу жолдарын көрсетіп, ішкі және сыртқы саясат мәселелеріне талдау жасап, баға беруге бағытталған, күрделі құрылымдық жүйесі бар, пәнаралық


тұрғыда зерттеу жүргізетін сарапшылардың кәсіби қауымдастығы» болып табылады деп тұжырымдаймыз.

1.2 Сараптамалық талдау орталықтарының қызметтері және жіктелуі

Сараптамалық талдау орталықтарының қоғамда, әсіресе мемлекеттің саяси жүйесі шеңберінде атқаратын қызметтерін анықтау өзекті мәселелердің бірі, себебі олардың қызметтерін анықтауға саяси режим, саяси жүйе түрі, саяси мәдениет деңгейі, сараптамалық талдау орталығының иесі немесе зерттеу жұмысына тапсырыс беруші сияқты факторлар өз әсерін тигізеді. Сараптамалық талдау орталықтарының нақты қызметтерінің орындалуына ішкі және сыртқы үдерістер де өз септігін тигізеді. Мысалы, жаһандық экономикалық дағдарыс жағдайында сараптамалық талдау орталықтарынан дағдарыстан шығу жолдары, нақты ұсыныстар, біріккен жұмыс талап етіледі.

Саяси жүйе контекстінде сараптамалық талдау орталықтарының қызметтерін Д.Истонның саяси жүйе теориясының негізінде белгілеуге болады, яғни сараптамалық талдау орталығы саяси жүйенің кіру және шығу механизмдерін иеленген.

Американдық ғалымдардың зерттеулеріне талдау жасасақ, олар сараптамалық талдау орталықтарының негізгі деп келесі қызметтерін көрсетеді (6-сурет):



6-сурет. Сараптамалық талдау орталықтарының негізгі қызметтері

Делдалдықты басты қызмет ретінде П.Диксон, Р.Хаас, Дж.Мэтьюз, Р.Рангуэт атты американдық ғалымдар ұстанады. Мысалға, П.Диксон бір жағынан, білім мен билік, ғылым мен техника, екінші жағынан, мүддесі бар салаларда саясатты қалыптастыру» [27] десе, Р.Хаас «идеялар әлемі мен іс әрекеттер әлемі арасындағы алшақтықты толтыруға көмектесу» [28, 5] деп белгілесе, Дж.Мэтьюз «үкімет пен білім беру жүйесі арасындағы көпір» [29] деп анықтаған.

Бұл қызметті негізгі қызмет деп есептеуге толығымен келісуге болмайды, себебі мәселеге сараптамалық талдау жұмысын жүргізу сараптамалық талдау орталықтарының ең бірінші кезектегі қызметі болып табылады. Оның басқа да негізгі қызметтері бар, сонымен қатар қоғам мен билік арасындағы делдал ролін саясаттағы басқа да субъектілер атқарады. Мысалы, үкіметтік емес ұйымдар, саяси партиялар, әр

түрлі қоғамдық қозғалыстар. Сараптамалық талдау орталықтары зерттеулер әлемі мен ғылыми негізделген шешімдерді қабылдайтын саясат әлемін байланыстыруы тиіс.

«Айналымды есік» қызметін негізгі деп Дж.Макганн, К.Уивер, Р.Хаас қарастырады. Р.Хаастың пікірінше, сараптамалық талдау орталықтары әрдайым жаңа әкімшілік пен Конгресс аппараты құрылымына сарапшылардың тұрақты легін қамтамасыз етіп отырады, сол себепті бұл «американдық саяси жүйе үшін үлкен маңызға ие» [30, 8]. Бірақ сараптамалық талдау орталықтарының бұл қызметі барлық мемлекеттер үшін бірдей маңызды деңгейде емес. Айталық, Еуроодақ елдерінде бұл механизм толық деңгейде жүзеге асырылмайды.

Посткеңестік кеңістік елдері үшін сараптамалық талдау орталықтарының қызметтерін анықтау АҚШ-қа немесе Еуропа елдеріне тән негізгі қызметтерден ерекшеленеді. Дегенмен, делдалдық сараптамалық талдау орталықтарына тән қызмет ретінде посткеңестік елдер ғалымдарының еңбектерінде де кездеседі.

Посткеңестік елдер ғалымдарының негізгі ойларын тұжырымдай келе, сараптамалық талдау орталықтары негізгі қызметтері ретінде:

- 1) зерттеуді;
- 2) делдалдықты;
- 3) консалтингті;
- 4) білім беруді атайды.

В.Лобановтың пікірінше, «сараптамалық талдау орталықтарының басты қызметі – әр түрлі деңгейдегі және рангтегі саяси қайраткерлерді ғылыми және талдау ақпаратымен қамтамасыз етуді қамтитын мемлекеттік мекемелердің тапсырысы бойынша саяси кеңес беру» [31, 128]. Негізінен көптеген мемлекеттерде Президент, мемлекеттік органдар басшылары жанында қоғамның әр түрлі бағыттары бойынша кеңесшілер институты қалыптасқан. Осы институттың басты мақсаты – кеңес беру. Сол себепті, екі институт арасындағы қызметті талдай келе, кеңес беру қызметі сараптамалық талдау орталықтарының қосымша қызметтеріне жатқызылуы мүмкін деп есептейміз.

Сонымен бірге, білім беру қызметін де сараптамалық талдау орталықтарының орындауы міндетті емес, себебі, кәсіби тұрғыда білім беру басқа құрылымдардың негізгі қызметі болып есептеледі. Мысалы, мектеп, университет, академия. Көптеген сараптамалық талдау орталықтарының қызметіне талдау жасағанда, магистрлік және докторлық бағдарламалардың бар екендігін анықтаймыз, бірақ бұл маңызды әрі негізгі жұмыс бағыты ретінде көрсетілмеген.

Сонымен бірге, бір топ ресейлік ғалымдар [32, 347] сараптамалық талдау орталықтарының:

- 1) инновациялық;
- 2) коммуникативті;
- 3) өкілдік;
- 4) жұмылдырушы;

- 5) қандай да болмасын саяси бағытты заңдастыру;
- 6) индикативті;
- 7) бақылаушы;
- 8) ғылыми ақпаратты жинақтаушы (мәліметтер базасы ретінде, статистикалық мәліметтер, зерттеу әдебиеттері және т.б.) қызметтерін ашып көрсетеді.

Жоғарыда аталған қызметтердің арасында, біздің пікірімізше, заңдастыру және бақылаушы қызметтер саяси процестің басқа субъектілеріне тән болып келеді. Мысалға, бұл заң шығарушы органдардың құзырына жататын қызметтер болып есептеледі. Сонымен бірге, ғылыми ақпаратты жинақтау негізінен кітапханалар, мұрағат, статистика органдарының негізгі міндеттеріне жатады. Сараптамалық талдау орталықтары тек өз зерттеу бағыттары бойынша зерттеу базасын жасауы мүмкін.


М.Горный сараптамалық талдау орталықтарының басқа қызметтер кешенін ұсынады, яғни олар:

- 1) зерттеу;
- 2) білім беру;
- 3) креативті;
- 4) медиаторлық;
- 5) енгізу және жүзеге асыру [33, 142] .

Осы қызметтердің арасында енгізу не жүзеге асыру қызметі сараптамалық талдау орталықтарының жұмысына тән емес, себебі, сараптамалық талдау орталықтарының жұмысы ұсыныстарды дайындау кезеңінде тоқтатылады. Ал ұсыныстарды қабылдау

және жүзеге асыру тікелей саясаткерлер мен жекелеген мемлекеттік органдардың құзырына тиесілі.

Сонымен, жоғарыда келтірілген және басқа да зерттеушілердің пікірлерін саралай келе, біздің пікірімізше, сараптамалық талдау орталықтарының қызметтерін **негізгі және қосымша** деп 2 топқа жіктеуге болады (7-сурет):



7-сурет. Сараптамалық талдау орталықтарының қызметтері

Кез келген елдің сараптамалық талдау орталықтарына тән қызметтер жиынтығын анықтауға болады.

Негізгі қызметтер дегеніміз барлық сараптамалық талдау орталықтарына тән болса, **қосымша қызметтер** зерттеу бағыттарына, мамандану саласына байланысты анықталады.

Сараптамалық талдау орталықтарының негізгі қызметтеріне келесі топтама тән:

1. **Зерттеу қызметі.** Бұл қызметті көптеген ғалымдар ағымдағы мәселелерді анықтау, зерттеу, баға беру ретінде белгілейді. Бірақ бұл қызметтің өзіндік ерекшелігі бар, себебі зерттеу қызметін басқа да зерттеу құрылымдары, мысалы, ғылыми зерттеу институттары, университеттері де атқарады. Сараптамалық талдау орталықтарының зерттеу қызметі оқиғалық талдау жасаумен, яғни зерттеу қысқа мерзімде жүргізіліп, өзектілігінің тез арада жойылуына байланысты ұзақ мерзімді зерттеулерді жүргізе бермейді. Сараптамалық талдау орталықтарының зерттеу нәтижелері «қазір және дәл осы уақытта» деген принциппен жұмыс істейді. Олардың жұмысы саяси күн тәртібінде негізгі мәселе ретінде анықталып, саясаткерлерден дереу шешім қабылдауды талап ететін өзекті мәселелерді талдауға, баға беруге бағытталған.

2. **Сарапшы қызметі,** яғни ішкі, сыртқы саясат процестеріне, әр түрлі бағдарламаларға, құжаттарға сарапшы ретінде баға беру болып табылады.

3. **Ұсыныс беру қызметі және болжам жасау.** Сараптамалық талдау орталықтары зерттеулерінің нәтижелері нақты мәселені шешуге бағытталуы тиіс, яғни қолданбалы сипатқа ие болады. Сараптамалық талдау орталықтары ұсыныстарды беріп қана қоймай, ұсыныстарды жүзеге асыру механизмінің бірнеше нұсқасын көрсетіп, қабылданатын шешімнің

жағымды әрі кері салдарын негіздеп, болжап беруі тиіс. Мемлекеттік органдармен ынтымақтастық ұсыныстармен ғана аяқталмай, кешенді сипатқа ие болуы қажет. Сонымен қатар, ағымдағы жағдайға талдау жасай отырып, қысқа мерзімді және орта мерзімді кезеңде орын алуы мүмкін үрдістер мен үдерістерге болжам жасауы тиіс.

4. **Делдалдық қызмет.** Бұл қызметті американдық та, ресейлік те ғалымдар ұстанады. Мысалы, П.Диксон, Дж.Мэтьюз, В.Лобанов, А.Сунгуров үкімет пен қоғамдастық арасындағы делдалдық сараптамалық талдау орталықтарының басты қызметі деп есептейді.

5. **Рекруторлық қызмет.** Сараптамалық талдау орталықтарының бұл қызметі өз маңыздылығы бойынша барлық мемлекеттерде бірдей сипатқа ие емес. Мысалға, АҚШ саясаты үшін ол ажырамас бөлігі болса, Еуроодақ мемлекеттері үшін үлкен роль ойнамайды. Ал посткеңестік елдерде, сонымен бірге Орталық Шығыс Еуропа елдерінде бұл қызмет бір бағытта ғана жұмыс істейді, яғни сараптамалық талдау орталықтарының мамандары саясатқа ауысып, кері байланыс немесе өзара алмасу үдерісі жоқ. Себебі, посткеңестік және Орталық Шығыс Еуропа елдерінде сараптамалық талдау орталықтары әлсіз деңгейде дамып, саяси процестің тең қатысушысы ретінде қабылданбайды.

Сонымен қатар, сараптамалық талдау орталықтарының зерттеу нәтижелері саясаткерлерге ғана емес, бүкіл қоғамдастыққа да жариялануы тиіс. Ал

осы саясаткерлер мен қоғамдастық арасындағы диалог тек нақтылы ұйымдастыру іс шараларды, яғни конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, тыңдаулар, пікірталастарды жүзеге асыру барысында ғана мүмкін болады.

Сараптамалық талдау орталықтарының қосымша қызметтеріне:

1) кеңес беру қызметі, яғни ішкі және сыртқы саясаттың өзекті мәселелері бойынша консультациялар өткізу;

2) алдын алу қызметі – талдау, мониторинг негізінде болашақта орын алуы мүмкін жағымсыз процестерді анықтау және оның алдын алу жөнінде ұсыныстар дайындау;

3) жаңашылдық қызметті жүзеге асыру арқылы сараптамалық талдау орталықтары тұжырымдамалық сипаттағы ұзақ мерзімді саяси идеялардың генераторы болуы мүмкін. Біздің пікірімізше, осы қызмет АҚШ-тың сыртқы саясатында ерекше көрініс табады;

4) түсіндіру қызметі БАҚ-қа мемлекет саясатын жеткізу үшін қолданылады, ал бұл өз алдына әр түрлі саяси бастамаларға қолдау көрсету үшін ықпал етеді.

Сараптамалық талдау орталықтарының бәрі бірдей деңгейде барлық қызметтерді жүзеге асырады деген тұжырым бұрыс болып табылады. Себебі әрбір сараптамалық талдау орталығы өзіне тән қызметтер жиынтығын өз миссиясына, зерттеу бағытына, кадр ресурсына, ұйымдасу түріне байланысты таңдайды.

Сараптамалық талдау орталықтарының қызметтері маңыздылығы жөнінен де иерархиясы біркелкі болмайды.

Сараптамалық талдау орталықтарының қызметтерін түсіну үшін оның басқа зерттеу ұйымдарынан негізгі ерекшеліктері мен айырмашылықтарын анықтаған жөн:

1) университеттерде жүргізілетін зерттеу жұмыстары теориялық сипатта болған соң, қолданбалы зерттеулердің дамуына толық әсерін тигізбейді, яғни университеттерде негізінен іргелі зерттеулер жүргізіледі;

2) ғылымның тұжырымдамалық негіздерін құрайтын ұзақ мерзімді зерттеулерді жүргізу зерттеу институттарының негізгі мақсаты болып табылады. Сараптамалық талдау орталықтарындағы зерттеу шамамен екі аптадан бастап бірнеше ай уақыт аралығын қамтиды, яғни қысқа мерзімде ғана сараптамалық талдау орталықтары ақпарат жинап, оны талдап, зерттеп, баяндама не есеп түрінде нәтижелерін ұсынады. Кейбір мамандардың пікірінше, бұл жүргізіліп отырған зерттеулердің сапасын төмендетеді;

3) сараптамалық талдау орталықтары дереу шешімді талап етіп отырған күн тәртібін қалыптастырады, яғни олар күн тәртібінде өзекті болып отырған нақты мәселе бойынша жұмыс атқарады;

4) сараптамалық талдау орталықтарының басқа зерттеу ұйымдарынан негізгі ерекшелігі – тұрақты мониторинг жүргізу, ал мониторинг мәселелерді шұғыл

анықтауға, соған сәйкес оған сол деңгейде жедел іс-әрекет жасауға мүмкіндік береді. Осы мәселелерді жедел әрі шұғыл талдап, іс-әрекеттер жасау сараптамалық талдау орталықтарының басқа зерттеу ұйымдарынан негізгі артықшылығы болып табылады;

5) сараптамалық талдау орталықтары бір мәселені зерттеу барысында пәнаралық байланысты алға қоя отырып, әр түрлі салаларда маманданған сарапшылар тобын пайдаланады. Бұл мәселеге кешенді қарауға, толығымен саралап зерделеуге мүмкіндік береді;

6) сараптамалық талдау орталықтарының мақсаты ғылыми зерттеу институттары сияқты жаңа білім шығару, ойлап табу емес, олар сол жинақталған білім мен ғылым нәтижелерін пайдалана отырып, мәселелерді шешуге ықпал ету болып табылады. П.Диксонның сөзімен айтқанда, сараптамалық талдау орталықтары жаңа білімді ойлап табумен емес, керісінше сол жаңа білімнің таралуын қамтамасыз ететін шығар;

7) сараптамалық талдау орталықтары басқа зерттеу ұйымдарына қарағанда, саяси үдеріске анағұрлым белсенді деңгейде қатысып, мемлекет саясатының негізгі бағыттарының, даму стратегиялары мен бағдарламаларының қалыптасуына ықпал ете алады.

Жалпы, сараптамалық талдау орталықтарының даму тарихын, атқарған қызметтерін талдай келе, олардың қызметтерінің өзгеруі төмендегідей жағдайларға байланысты болғанын анықтауға болады (8-сурет):



8-сурет. Сараптамалық талдау орталықтарының өзгеру факторлары

Сараптамалық талдау орталықтарының қызметтері сонымен бірге, олардың азаматтық қоғам, не саяси жүйенің элементіне қатысты, яғни қандай контексте қарастырылуына да тәуелді болады. Сонымен, зерттеу барысында анықталған қызметтер жиынтығы әрбір сараптамалық талдау орталығына тән емес болуы мүмкін.

Сараптамалық талдау орталықтарының негізгі қызметтерін анықтаумен қатар, олардың жіктелуінің де өзіндік ерекшеліктері бар. Барлық сараптамалық талдау орталықтарын нақты критерийлер бойынша бірнеше түрлерге бөлуге болады, бірақ жіктелулер идеалды сипатқа ие болғандықтан, сараптамалық талдау орталығын бір түріне ғана жатқызу мүмкін емес.

Сараптамалық талдау орталықтарының ең алғашқы жіктелуін американдық ғалым П.Диксон ұсынған болатын. П.Диксонның тұжырымдамасына сәйкес сараптамалық талдау орталықтарының бес тобы бар:



1) үкіметтік органдармен ұзақ мерзімді келісім шартқа ие болған үкіметтік емес сараптамалық талдау орталықтары;

2) ұзақ мерзімді мәселелерді талқылау үшін ішкі үкіметтік сараптамалық талдау орталықтары;

3) университеттерде шоғырланған тәуелсіз зерттеу орталықтары;

4) пайда табуға бағытталған коммерциялық

кеңес беру фирмалары (жеке дербес ұйымдар немесе ірі өнеркәсіп концерндерінің бөлімшелері);

5) үкіметке не ірі концерндерге емес, бұқаралық қоғамдастыққа бағытталған тәуелсіз кіріссіз сараптамалық талдау орталықтары [34].

Бірақ сараптамалық талдау орталықтарының бұл жіктемесі ХХ ғасырдың ортасында жасалған, сол себепті қазіргі заманғы сараптамалық талдау орталықтарының барлық түрлерін қамтымайды.

Американдық ғалымдар К.Уивер және Э.Ричтің тұжырымдамасына сәйкес сараптамалық талдау орталықтарының 3 типі бар:

1) студенттерсіз университеттер;

- 2) келісім шарттық зерттеу институттары;
- 3) үгіт насихат орталықтары [35, 45].

«Студенттері жоқ университеттер» негізінен академиялық зерттеулерді жүргізеді. Зерттеу пәні ұзақ мерзімді құндылыққа ие болып, көп жылдық толыққанды академиялық зерттеулер жүргізу бұл сараптамалық талдау орталықтарының негізгі қызметі болып табылады. «Келісім шарттық зерттеу институттары» үкіметтік немесе коммерциялық ұйымдардан құралған клиенттердің тапсырысы бойынша келісім шарт негізінде зерттеу жүргізеді. Бұл жағдайда зерттеу пәні клиент мүддесімен анықталып, қысқа мерзімді міндеттермен шектеледі. «Үгіт насихат орталықтары» қоғамдағы әр түрлі саяси күштердің тапсырысымен дайын зерттеулер нәтижелерін кеңінен танымал ету мақсатында қызмет етеді. Бұл жіктеме АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтарының негізінде құрылғандықтан, барлық сараптамалық талдау орталықтарын қамтымайды.

Қазіргі заманғы сараптамалық талдау орталықтарын зерттеудегі жетекші американдық ғалымдардың бірі Дж.Макганн [36, 105-122] мекеменің ұйымдық статусы негізінде құрылған өз жіктемесін ұсынады:

2-кесте. Дж.Макганн жіктемесі

Түрі	Анықтамасы
партиялық мемлекеттік	саяси партиялармен ресми түрде байланысқан билік құрылымындағы сараптамалық талдау орталықтары
квазимемлекеттік	мемлекеттік гранттар мен келісім шарт есебінен қаржыландырылатын, бірақ билік құрылымына енбеген сараптамалық талдау орталықтары
автономды/тәуелсіз	мүдделі топ немесе демеушіден едәуір деңгейде тәуелсіз және өз қызметі мен қаржыландырылуында үкіметтен автономды сипатқа ие
квази тәуелсіз	үкіметтен автономды жағдайда қызмет етіп, бірақ сараптамалық талдау орталығының қызметіне едәуір деңгейде ықпал ететін және негізгі қаржымен қамтамасыз ететін мүдделі топпен, демеуші немесе тапсырыс берушімен бақыланатын сараптамалық талдау орталықтары
университеттік	университеттер жанындағы саяси орталықтар

Сонымен, американдық ғалымдар жіктеме жасаудың негізгі критерийі ретінде сараптамалық талдау орталықтың құқықтық нысанасына сүйенеді. Сонымен бірге, Дж.Макганн қазіргі заманғы сараптамалық талдау орталықтарының қызметінің бағыттары бойынша келесі типтерді бөліп қарастырады:

- 1) көпұлтты сараптамалық талдау орталықтары;
- 2) саясаткерлер;
- 3) партизандар;
- 4) фантомдар;
- 5) ғалымдар;
- 6) белсенділер;
- 7) трансформаторлар;
- 8) гибридік [37].


Сараптамалық талдау орталықтарының қызметінде идеологиялық бағыттылықтың болуы немесе болмауы сараптамалық талдау орталықтарын жіктеудің тағы бір критерийін құрайды.

Э. Ричтің пікірінше, сараптамалық талдау орталықтарын консервативті, либералды және центристер деп бөліп қарастыруға болады [38]. Бұндай жіктеуде сараптамалық талдау орталықтары миссиясынан, жыл сайынғы баяндамасынан, БАҚ-та олардың қызметіне қатысты пайдаланылатын сипаттамалар негізінде анықтауға болады. Еркін нарықты дамыту, мемлекеттің ықпалын шектеу, жеке тұлға құқықтары мен бостандықтарға, діни рух немесе дәстүрлі отбасылық құндылықтарды дамытуға шоғырланған сараптамалық талдау орталықтары консервативті болып есептеледі. Экономикалық, әлеуметтік және гендерлік теңсіздікті, кедейшілікті жою үшін үкіметтік бағдарламаларды қолдануға немесе әлеуметтік қамтамасыз етуді күшейтуге, қоршаған ортаны қорғауға, қорғаныс саласына қаржыны азайтуды ұсынатын сараптамалық талдау орталықтары либеральды болып табылады. Сараптамалық талдау орталықтарының бұл жіктемесі АҚШ-тың және Еуропа елдерінің сараптамалық талдау орталықтарын сипаттайтын негізгі ерекшеліктердің бірі.

Идеологиялық бағыттылығы бойынша бөлінген сараптамалық талдау орталықтарының зерттеу бағытында ғана емес, тактикасында, стратегиясында

айырмашылықтар бар. Консервативті сараптамалық талдау орталықтары ішкі мәселелермен қатар, халықаралық мәселелерді зерттеумен айналысып, өз мүддесін қорғап, өнімдерін кең көлемде таратуға тырысса, либералды сараптамалық талдау орталықтары әйел құқықтары немесе тұрғын үймен қамтамасыз ету сияқты ішкі мәселелерді талдап, зерттеу жүргізеді.

Ресейлік ғалымдардың сараптамалық талдау орталықтарына қатысты жіктемесі американдық ғалымдардың жіктемесінен ерекшеленеді. Олар негізгі критерий ретінде сараптамалық талдау орталықтарының зерттеу сипатын, орындалатын миссиясын негізге алады. Мысалға, Н.Беляева мен Д.Зайцев [39, 28] сараптамалық талдау орталықтарын бірнеше типке бөліп қарастырады (9-сурет):



9-сурет. Сараптамалық талдау орталықтарының түрлері

Сараптамалық талдау орталықтары жіктемесінің алуан түрлілігіне қарамастан, әсіресе посткеңестік елдерде заңдық түрде тіркеліп, шынайы түрде ешқандай зерттеулер жүргізбейтін, ресми түрде ғана жұмыс атқаратын сараптамалық талдау орталықтары да бар. Сол себепті жұмыс атқару тұрақтылығына байланысты сараптамалық талдау орталықтарының келесі жіктемесін жасауға болады (10-сурет):

Тұрақтылығы бойынша


«қағаз орталықтары», ресми түрде ғана тіркеліп, бірақ шынайы түрде ешқандай зерттеулер жүргізбейді, яғни қағаз жүзінде ғана өмір сүреді

«толқын тәріздес орталықтар», яғни бұл сараптамалық талдау орталықтарының зерттеушілері нақтылы уақыт аралығында ғана жұмыс істеп, қаржылық жағдайы қандай да болмасын жобаларды тапсырыс берушіні іздеумен байланысты

жыл сайынғы бекітілген бюджеті және кадрлық жағынан толығымен қамтылған тұрақты сараптамалық талдау орталықтары


10-сурет. Сараптамалық талдау орталықтарының жіктемесі

Сонымен, сараптамалық талдау орталықтарының түрлерінің жіктемесін келесі суреттен көруге болады (11-сурет):



11-сурет. Сараптамалық талдау орталықтары түрлерінің жіктемесі

Әлемдегі ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың дамуына байланысты, біздің пікірімізше, қазіргі кезде сараптамалық талдау орталықтарының келесі жіктемесін ұсынуға болады (12-сурет):



12-сурет. Сараптамалық талдау орталықтарының түрлері

1.3 Сараптамалық талдау орталықтарды қаржыландыру және негізгі ғылыми өнімдері

Сараптамалық талдау орталықтарының түрлері мемлекетте дамуына саяси билік тармақтарының өзара ара-қатынасы, заңнамалық негізі, ақпараттық технологиялардың даму деңгейі, зерттеу бағыттарына байланысты ажыратылады. Сонымен қатар, сараптамалық талдау орталықтарының қызметтері мен түрлерін ажыратып қана қоймай, оның қызмет етуіне тікелей әсерін тигізетін қаржы көзіне талдау жасау да басымдылық болып келеді. Қаржыландыру мәселесі – сараптамалық талдау орталықтарының дамуындағы негізгі факторлардың бірі.

Сараптамалық талдау орталықтарын қаржылан-

дырудың бір ерекшелігі – зерттеулердің үлкен қаржыландыруды қажет етуі, сонымен бірге сол құйылған қаржы зерттеу соңында ақталмауы да мүмкін, себебі сараптамалық талдау орталықтарының барлық зерттеулері нәтижелі болуы міндетті емес. Осыған карамастан, бүгінгі күнге дейін сараптамалық талдау орталықтарын қаржыландырудың бірнеше каналдары қалыптасқан.


Украина ғалымы Е. Ковалишинаның пікірінше,

- 1) бір мерзімді қайырымдылықтан болған қаржы;
- 2) тұрақты қайырымдылықтан болған қаржы;
- 3) қор гранттары;
- 4) мемлекеттік немесе жеке меншік келісім шарттар;
- 5) зерттеу материалдарына жазылу;
- 6) өз басылымдарын сату деп сараптамалық талдау орталықтарының негізгі қаржы көздері ретінде көрсетеді [40].

Ресей ғалымы Ф.Войтоловскийдің пікірінше, сараптамалық талдау орталықтарын қаржыландырудың 3 негізгі механизмі қалыптасқан:

- 1) зерттеу жобаларына арналған қаржы;
- 2) басылымдардан түскен кіріс;
- 3) басқа іс шараларды ұйымдастырудан түсетін қаржы [41].

Сараптамалық талдау орталықтарын зерттеген ғалымдардың еңбектерін қарастыра келе, сараптамалық талдау орталықтарын қаржыландырудың шартты түрде үш типін ұсынамыз (13-сурет):



13-сурет. Сараптамалық талдау орталықтарын қаржыландыру түрлері

1. Мемлекеттік қаржыландыру.

Мемлекеттегі биліктің бөліну принципіне байланысты билік тармағының басымдылығы сараптамалық талдау орталықтарын қаржыландыруға да өз әсерін тигізеді. Мысалға, заң шығарушы билік басымдылыққа ие елдерде сараптамалық талдау орталықтары негізінен парламентпен, ал атқарушы билік басымдыққа ие болса, президенттік аппарат немесе үкімет қаржыландырады. Сонымен бірге, дамыған партиялық жүйесі бар елдерде сараптамалық талдау орталықтары, мысалы, Германияда саяси партиялар тарапынан қаржыландырылады.

2. Жеке меншік қаржыландыру.

Қаржыландырудың бұл түрі демеушілік, қайырымдылықты қамтиды. Ол көп жағдайда нақты бір зерттеуді жүргізу үшін емес, ел, мемлекет, қоғам мүддесінде ғылыми зерттеулерге қолдау көрсету және дамытуға бағытталады. Қаржыландырудың бұл түрі АҚШ-та кең тараған. Кейде мемлекеттің өзі, мысалы, салықты төмендету, кіріс салығын азайту, салықтан босату сияқты әр түрлі заңнамалық механизмдер негізінде

осы қаржы көзінің кең таралуына және дамуына жағдай жасайды. АҚШ-тағы жеке меншік қаржыландырудың бір үлгісі эндаумент болып табылады. Эндаумент – білім беру, медицина, мәдениет ұйымдарын қаржыландыру үшін коммерциялық емес мақсатта пайдалану үшін арналған мақсатты емес қор. Эндаумент қаржыландыру институтының бірі ретінде АҚШ-та пайда болып, ең алдымен, білім беру мекемелерін мемлекеттік емес қолдау үшін қолданылды. Эндаумент өз қаржысынан пайда табу үшін инвестиция жасай алады, бірақ барлық алынған кірісті қолдау үшін құрылған ұйымдарға жіберуге міндетті.

Сараптамалық талдау орталықтарының қызметтерін, сонымен бірге ғалымдардың пікірін саралай келе, біздің пікірімізше жеке меншік қаржыландырудың қазіргі таңда қалыптасқан мынадай түрлері бар:

1) бір реттік демеушілік – зерттеу ұйымы үшін қажет алғашқы капиталды беру. Мысалы, 1910 жылы Халықаралық бейбітшілік үшін Карнеги орталығын құру үшін А. Карнеги 10 млн. доллар қаржы бөлген болатын;

2) корпоративті қаржыландыру – ірі корпорациялардың бірлесіп не жекелей түрде қаржылық көмек көрсетуі;

3) қайырымдылық қорларының гранттары;

4) жеке тұлғаның қаржыландыруы (салымдар арқылы);

5) шетелдік қаржыландыру (мемлекеттер және

халықаралық ұйымдар тарапынан). Қаржыландырудың бұл түрі Орталық Шығыс Еуропа мен посткеңестік елдер үшін тән. АҚШ шетелдік жеке меншік қаржыландырудан жетекші орынға ие бола отырып, оған АҚШ-тың Мемлекеттік департаменті сияқты мемлекеттік органдар ғана емес, жеке меншік сараптамалық талдау орталықтары да қатысады. Бұл қаржыландырудың түріне Дүниежүзілік банк, Халықаралық валюта қоры, БҰҰ құрылымдары сияқты халықаралық ұйымдар да белсенді түрде қатысады.

3. Өзін-өзі қаржыландыру.

Қаржыландырудың бұл түрі сараптамалық талдау орталықтарының қызметінде қаржының ең аз мөлшерін құрайды. Көп жағдайда ол сараптамалық талдау орталықтары дайындаған интеллектуалды өнімнің таралуынан келген кірістен қалыптасады. Сараптамалық талдау орталықтарының өзін-өзі қаржыландыруы екі жолмен жүзеге асырылады:

- 1) ақпараттық сараптамалық материалдарға жазылу;
- 2) өз баспаларын (кітаптарын, журналдарын) сату.

Жоғарыда аталған қаржыландыру түрлерінің өзара қатынасы әр мемлекетте айрықша бола отырып, әр түрінің өзіндік кемшіліктері де бар.

Мемлекеттік қаржыландыру Орталық Шығыс Еуропа мен посткеңестік елдер үшін тән. Себебі, бұл елдерде экономикалық даму қарқынына, ерекшеліктеріне, ғылыми зерттеулерге демеушілік көрсету жоғары

деңгейде дамымаған, оның заңнамалық механизмдері толығымен қамтылмаған, яғни бизнес құрылымдарының және зерттеу ұйымдарының ынтымақтастығы толық жүзеге аспайды. Сол себепті сараптамалық талдау орталықтары үкіметтің не саяси партиялардың тарапынан қаржыландырылады. Мемлекеттік қаржыландыру жағдайында сараптамалық талдау орталықтары келісім шарт негізінде жабық ақпаратқа қол жеткізе отырып, сапалы, кешенді, жүйелі зерттеулер жүргізуге мүмкіндік алады. Сол негізде мемлекеттік саясатты қалыптастыруда ықпал көрсете алады. Екінші жағынан, тапсырыс беруші, яғни мемлекеттік орган зерттеу нәтижелерін тарату жөнінде біршама шектеулерге ие болады.


Сараптамалық талдау орталықтарының дамуының нақтылы бір кезеңінде екі қаржы көзінің, яғни жеке меншік әрі мемлекеттік қаржыландыру мүмкін болып табылады, бірақ толығымен мемлекеттік қаржыландыру тәуелділігінен біршама алшақтаған жөн. Бұндай тәуелділік саясатты, жалпы мемлекеттік саясатты, үкіметті сынға алу еркіндігін шектеуі мүмкін. Әрине, әлемдік тәжірибеде сараптамалық талдау орталықтарының мемлекеттік немесе саяси партиялық құрылымдармен қаржыландырылуы олардың сапалы жұмыс істеуіне кедергі болмайтынына дәлелдер көп. Мысалы, Германияда сараптамалық талдау орталықтарының басым бөлігі партиялық құрылымдармен тығыз байланыста болып қаржыландырылады. Бірақ бұл үдерістің өзіне әр елдің өзіндік саяси мәдениеті, саяси ортасы әсер етеді. Сонымен бірге, демократиялық мәдениет

толығымен дамымаған елдерде бұндай тәуелділікті шектеген жөн.

Сонымен қатар, сараптамалық талдау орталықтары мемлекеттік қаржыландырумен қатар, жеке меншік қаржыландыру тәуелділігінен сақтануы тиіс. Себебі, демеушілік немесе қайырымдылық арқылы қаржыландыруда қаржы иесі сараптамалық талдау орталықтарының күн тәртібіне, зерттеу бағыттарына араласуы мүмкін. Оның қатысу деңгейін әрі шеңберін нақтылап алған жөн. Кейбір жағдайларда сараптамалық талдау орталықтарының автономиясы донордың тек сараптамалық талдау орталықтарының күн тәртібін қалыптастырумен қамтамасыз етіледі.

Мысалы, «Мұрагерлер қоры» сараптамалық талдау орталығының бюджетінде корпоративті қаржыландырудың үлесі 10% пайызды ғана құрайды. Қордың жартыдан астам қаржысы жеке тұлғалардан жинайды. Бұндай қаржылық саясаттың өзіндік саяси контексті бар, яғни сараптамалық талдау орталығы өзінің әлеуметтік негізін кеңейте отырып, өзіне 5-10 қаржылық топтардың атынан емес, қоғамның негізгі топтарының атынан сөйлеу құқығын иемденеді. Сонымен, сараптамалық талдау орталықтарын қаржыландырудың үш түрінің тек бір түрін ғана пайдалану сирек кездесетін жағдай болып табылады. Негізінен көптеген сараптамалық талдау орталықтары бірнеше қаржы көзін пайдалануға тырысады, себебі бір жағынан жалпы қаржы көлемін ұлғайтса, екінші жағынан олардың тұрақтылығын арттыра түседі.

Сараптамалық талдау орталықтарының бірнеше қаржы көзін біріктіріп пайдалануы әртараптандыру принципіне сәйкес келеді. Сонымен, жоғарыда аталған сараптамалық талдау орталықтарын қаржыландыру түрлерін жүйелей келе, мемлекеттік және жеке меншік қаржыландыруды сыртқы қаржыландыруға, ал өзін-өзі қаржыландыруды ішкі қаржыландыру деп есептеуге болады. Төмендегі суретте сараптамалық талдау орталықтарын қаржыландырудың механизмі көрсетілген (14-сурет).



14-сурет. Сараптамалық талдау орталықтарын қаржыландыру механизмі

Сонымен, сараптамалық талдау орталықтарын қаржыландыру механизмдері мен арналары сараптамалық талдау орталықтарының қызметтерін тиімді және толық деңгейде орындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мемлекетте сараптамалық талдау орталықтарының әр түрлерінің қалыптасуына да әсерін тигізеді. Бірақ, бұл негізгі фактор болып табылмайды, себебі сараптамалық талдау орталықтарының дамуына мемлекеттің саяси режимі, саяси жүйе ерекшелігі, заңнамалық негізі, экономиканың, азаматтық қоғамның, білім және ғылымның, бизнес құрылымдардың даму деңгейі сияқты бірнеше факторлар жиынтығы ықпалын тигізеді.

Кез келген сараптамалық орталықта ғылыми өнімнің әртүрлі нысандары болады. Келесі жетекші 10 талдау орталығының ғылыми өнімдерін талдай отырып (15-сурет):

1. Еуропа саяси зерттеулер орталығы (Бельгия)
2. Франция халықаралық қатынастар институты (Франция)
3. Германия халықаралық саясат және қауіпсіздік институты (Германия)
4. Әлемдік экономика және халықаралық қатынастар институты (Ресей)
5. Халықаралық дағдарыстық топ (Бельгия)
6. Халықаралық стратегиялық зерттеулер институты (Ұлыбритания)
7. Яффи атындағы стратегиялық зерттеулер орталығы (Израиль)
8. Жапон халықаралық істер институты (Жапония)
9. Корольдік халықаралық істер институты (Ұлыбритания)
10. Шанхай халықаралық зерттеулер институты (Қытай)

15-сурет. Жетекші талдау орталықтары

Талдау өнімдерінің келесі түрлері анықталды:

- 1) ақпараттық бюллетень
- 2) түсініктеме
- 3) шолу
- 4) монитор
- 5) стратегиялық шолу
- 6) стратегиялық деректеме

7) тоқсанына, жарты жылда, жылына 1 рет кезеңділіктегі баяндамалар. Кезеңділік ғылыми өнімнің түріне және міндеттің күрделілігіне байланысты болады.


Ғылыми нәтижелердің ең көп таралған нысаны - тоқсанына 1 рет шығарылатын Newsletters (ақпараттық бюллетень) болып табылады.

Әрбір талдау орталығы жоғарыда аталған талдау өнімдерін ілгерілету арнасын іздестіреді. Онымен қоса, оқиғаның негізгі аспектілерін айқындау және түсіндіру қажет болған кезде талдау ақпараты дағдарыстық жағдайларда өте қажет. Оның негізгі тұтынушылары журналистер, мемлекеттік институттар, қоғамдық ұйымдар, сондай-ақ халық болуы мүмкін. Ең заманауи және жылдам коммуникациялардың бірі Интернет болып табылады, оның ішінде мобильді технологиялар көпшіліктің сұранысына ие.

Мысалы, 2019 жылғы деректерге сәйкес, әртүрлі сайттарды қарап, әр түрлі қосымшалар мен әлеуметтік желілерге қол жеткізе алатын мобильді интернетті пайдаланушылар саны 5,11 млрд адамға жеткен.

Әр түрлі ақпараттық қосымшалардың дамуымен талдау орталықтары материалдарды жеткізу және оларды жылжыту технологияларын өзгертті, мысалы, кейбір талдау орталықтарының сайттары зерттеу нәтижелері интерактивті диаграммалар, кестелер түрінде ұсынылатын интерактивті форматты қамтиды, яғни деректерді визуалдау үрдісі байқалады. Сонымен қатар, кейбір талдау орталықтарының сайттарында саяси оқиғалар мен іс-шараларға пікірлер беруге болады. Талдау орталықтары әртүрлі талдау материалдарын орналастыра отырып, оқырмандар мен келушілердің қызығушылығын, қандай жарияланым қанша рет қаралғанын немесе жүктелгенін бақылай, яғни санын анықтай алады және осының негізінде өз зерттеулерін жалғастырады немесе бағыттарын өзгерте алады.

Талдау орталықтарының негізгі талдау өнімдері мен оларды тарату тетіктерін 16-суреттен көрнекі түрде көруге болады:



16-сурет. Талдау өнімдері және оларды тарату тетіктері

Талдау орталықтарының жұмысында талдау өнімдерін таратудың мынадай интернет-технологиялары айқындалды.

1. Онлайн-симпозиумдар – бұл онлайн-платформа, онда жетекші сарапшылар ай сайын қазіргі заманның өзекті мәселелерін талқылайды, әрбір симпозиумның тақырыптары мен сараптамалық пікірлері арнайы бюллетеньде сипатталады. Онлайн-симпозиумды пайдалану мысалы ретінде Еуропалық халықаралық саяси

экономика орталығын (European Centre for International Political Economy) [42] атауға болады.

2. Онлайн-желілер (желілік зерттеулер) – бірнеше талдау орталықтарымен бірлескен зерттеудің кең таралған нысандарының бірі және жұмыстың осы нысаны олардың арасындағы кооперацияны және ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді. Мысалы, Еуропалық Одақ-Африка диалогы, Африка обсерваториясы (Observatoire de l’Afrique’), Еуропалық стратегиялық әріптестік обсерваториясы (European Strategic Partnerships Observatory) сияқты желілік платформалар болып табылатын онлайн-желілерді атап өтуге болады [43].

3. Жобалардың бірі ретінде жас мамандарды онлайн қолдау Еуропалық саясат орталығында жүзеге асырылады, ол Брюссельдегі жас мамандарға арналған динамикалық желі болып табылатын «Идеялар фабрикасы» [44] атауы бар платформаның бастамасы болды. Платформа пікірталастарға қатыса отырып, Интернетте жалпыеуропалық мәселелерді талқылай алатын, өз мақалаларын жариялай алатын, өз идеяларына кері пікір ала алатын жас мамандарға арналған форум болып табылады.

4. Онлайн-брейнсторминг – заманауи интерактивті онлайн технологиялардың бірі. Бұл технологияны Орта Шығыс пен Солтүстік Африка мәселелерін шешу бойынша азаматтардың қазіргі кезеңдегі пікірін анықтау мақсатында Еуропалық зерттеулер орталығы [45, 46] табысты пайдаланды. Барлық қатысушылар осы брейн-стормингке скайп арқылы қатысты. Бұл жоба 2011

жылдың желтоқсан айынан 2012 жылдың маусым айына дейін жалғасты, осы онлайн-брейнсторминг нәтижелері бойынша баяндама әзірленді. Аталған жобаға 72795 адам қатысты, олар жоғарыда аталған мәселелер бойынша 54426 ұсыныс білдірді. Онлайн-брейнсторминг мысалдарының бірі Қауіпсіздік және қорғаныс жөніндегі агенттіктің Талдау орталығының «Security Jam» бастамасы болып табылады. «Security Jam» - 21 ғасырдың маңызды мәселелері тақырыбында қауіпсіздік пен қорғаныс жөніндегі 4000-ға жуық жетекші саяси және әскери қайраткерлер, практиктер, азаматтық қоғам өкілдері, ҰЕҰ, ғалымдар мен журналистер бес күндік онлайн талқылауға қатысқан онлайн-брейнсторминг.

5. Онлайн-деректер базасы - бір зерттеу тақырыбы бойынша ауқымды деңгейде ақпарат алмасу және тарату бойынша талдау орталықтары жұмысының заманауи әдістерінің бірі, сондай-ақ онда статистикалық деректер ұсынылады, сонымен қатар осы веб-портал арқылы мүдделі тұлғалар арасында талқылау мүмкіндігі бар, бұл ретте барлық деректер интерактивті режимде және деректерді визуалдау арқылы келтірілетінін атап өту қажет. Мысалы, осы бағытта CSDP MAP [47] жобасын ұсынған ISIS Europe талдау орталығының жұмысын атап өтуге болады. Сонымен қатар, Еуропалық саяси кеңесшілер бюросы сондай-ақ шоғырландырылған ақпаратты, «Think Tank Twitter» деп аталатын деректер базасын ұсынады, ол ЕО саясатының мәселелері бойынша бүкіл Еуропаның талдау орталықтары мен ғылыми-зерттеу орталықтары қандай зерттеулер жүргізгені туралы хабарлайды.

Кез келген жаңашылдық немесе құбылыс сияқты бұл үрдістің де оң және теріс жақтары болуы мүмкін (3-кесте).

3-кесте. Сараптамалық жұмыста технологияларды қолдану

Оң жақтары	Теріс жақтары
Ақпарат таратудың қаржылық құнын төмендетеді, яғни басылымдарда шығару өзектілігі төмендейді	Зияткерлік өнімдер мен зерттеулерге, идеяларға, бағдарламаларға бақылаудың жоғалуы
Анағұрлым кең аудиторияға қол жеткізу мүмкіндігі	Әр түрлі іс-шараларға жеке қатысу талап етілмейтіндіктен, талдау орталықтары арасындағы диалог сапасы төмендейді
Талдау орталықтары арасындағы тез үйлестіру және ынтымақтастық	Технологияның өсуі технологиялық бағыттағы мамандардың санын арттыру есебінен орталық штатын кеңейтуді талап етеді
Талдау орталықтары қызметінің ашықтығын ұлғайтады	Әр түрлі оқиғаларға ден қою жылдамдығы мен жеделдігі зерттеуді жүргізудің әдіснамалық құрамын төмендетуі мүмкін


Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар өте қарқынды өзгеріп отыратындықтан, талдау орталықтарының өз қызметінде Интернетті пайдалануына жоғарыда аталған мысалдар аяқталушылық және жинақылық талаптарына жауап бере алмайды. Сондай-ақ, бұл мысалдар бізге талдау орталықтарының жұмысында өз зерттеулерінің нәтижелерін жылжытудың дәстүрлі емес тәсілдеріне қарағанда, заманауи технологиялардың басым екенін көрсетіп отыр.

2. САРАПТАМАЛЫҚ ТАЛДАУ ОРТАЛЫҚТАРЫ: ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ

2.1 АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтары

АҚШ-тағы алғашқы сараптамалық талдау орталығының нақты пайда болу уақытын анықтау өте қиын. Ресей ғалымы М.Зудиннің пікірінше, АҚШ-та 1916 жыл сараптамалық талдау орталықтарының пайда болған кезі болып есептеледі. Осы жылы АҚШ-та ұлттық деңгейде кейіннен Брукинг институты атауына ие болған, саяси мәселелерді зерттеуді мақсат еткен әлемдегі жеке меншік сараптамалық талдау орталығы Мемлекеттік зерттеулер институты құрылады [48, 78]. Біздің пікірімізше, бұл негіздемесі жоқ дәлел болып табылады, себебі, 1916 жылға дейін 1901 жылы Халықаралық бейбітшілік үшін Карнеги қоры, 1907 жылы Рассел Сейдж қоры сияқты жеке меншік сараптамалық талдау орталықтары пайда болған.

Бүгінде сараптамалық талдау орталықтары ең көп мемлекет – АҚШ. Ішкі және сыртқы саясат тұжырымдамаларын дайындауға 1871 орталық (17-сурет) қызмет етеді [49].



17-сурет. АҚШ сараптамалық талдау орталықтарының саны

Әлемдегі ең үздік жетекші 177 сараптамалық талдау орталықтары арасында АҚШ орталықтары 30 орынға ие (АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтары туралы мәліметтерді толығырақ *1 - қосымшадан* оқи аласыз).

Қазіргі уақытта жаһандық және аймақтық рейтингтерде келесі американдық сараптамалық талдау орталықтары жетекші орында: Брукингс Институты (Brookings Institution), РЭНД Корпорэйшн (RAND Corporation), Халықаралық бейбітшілік үшін Карнеги қоры (Carnegie Endowment for International Peace), Сыртқы саясат жөніндегі Кеңес (Council on Foreign Relations), Стратегиялық және халықаралық зерттеулер орталығы (Center for Strategic and International Studies) (18-сурет).

	Брукингс институты (Brookings Institution)
	РЭНД Корпорэйшн (RAND Corporation)
	Халықаралық бейбітшілік үшін Карнеги қоры (Carnegie Endowment for International Peace)
	Сыртқы саясат жөніндегі Кеңес (Council on Foreign Relations)
	Стратегиялық және халықаралық зерттеулер орталығы (Center for Strategic and International Studies)

18-сурет. АҚШ жетекші сараптамалық талдау орталықтары

Негізінен АҚШ-та сараптамалық талдау орталықтарының қалыптасуы мен дамуына қорғаныс саласындағы құрылымдар үлкен ықпалын тигізген. Мысалға, «think tank» терминінің өзі ХХ ғасырдың басында, яғни 1916 жылы АҚШ Қарулы күштерінің полковнигі Эдвард Хауз әлемнің геосаяси болашағын және ондағы АҚШ-ның рөлін модельдеумен айналысатын зерттеу тобын құрғанда пайда болған.

Қорғаныс саласында сараптамалық талдау орталықтарының қалыптасуы мен дамуына келісім-шарт негізінде сараптамалық талдау орталықтарын құруды ұсынған ХХ ғасырдың 60-шы жылдарындағы қорғаныс экс-министрі Р.Макнамар болатын. Жоғарыда айтылған ұсыныстың нәтижесі ретінде РЭНД Корпо-

рейшн (1946), Қорғаныс талдау институты (1956), Тыл менеджмент институты (1961) атты танымал ұйымдар пайда болды. Осы кезеңде қорғаныс саласындағы барлық сараптамалық талдау орталықтарды П.Диксон *«әскери интеллектуалды кешендер»* деп атаған болатын [50].

Әскери интеллектуалды кешендердің қызметін зерттей келе, қоғамда, әсіресе АҚШ-тың қорғаныс саласында олар келесі қызметтер атқарды:

1) әлем мемлекеттерінің қарулы күштерінің даму тенденциясы мен қызметіне мониторинг жүргізу;

2) әлемдегі оперативті стратегиялық жағдайға және әлем елдерінің қарулы күштерінің алдыңғы қатарлы тәжірибесіне талдау жасау;

3) қарулы күштерінің қызметіне, әскери доктриналарға, қорғаныс саласындағы стратегиялар, бағдарламалар, тұжырымдамаларға сараптамалық баға беру;

4) ұсыныс беру, яғни мемлекеттік әскери қауіпсіздік саласындағы стратегиялық құжаттарды дайындауға қатысу, сонымен қатар олардың тиімділігіне баға беру; мемлекеттің әскери ұйымын және оның қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныстар жасау;

5) болжам жасау - әлем елдерінің қарулы күштерінің даму үлгісі мен тенденцияларын болжау;

6) индикативті, қорғаныс және әскери қауіпсіздік саласындағы мәселелерді анықтау.

Сонымен, АҚШ-тың қорғаныс және әскери қауіпсіздік саласындағы сараптамалық талдау орталықтардың да-


муы қорғаныс және қарулы күштерді дамыту мәселелері бойынша сарапшыларды қатыстыру арқылы әр түрлі мәселелерді жан-жақты талқылауға, қорғаныс және әскери қауіпсіздік саласында дұрыс ғылыми негізделген шешімдер қабылдауға, мемлекеттік барлық салаларына зиянын келтіруі мүмкін қорғаныс және әскери қауіпсіздік саласында үстіртін қадамдардың алдын алуға мүмкіндік береді, яғни АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтардың дамуын әскери және қорғаныс саласымен тығыз байланыста қарастыруға болады.

Қорғаныс және әскери қауіпсіздік саласында сараптамалық талдау орталықтарын дамыту және мемлекеттік әскери саясатын дайындау және жүзеге асыруға қатысы бар тұлғалар үшін әскери зерттеулерді жүргізу өзектілігі мен маңыздылығын осы фактор айқындай түседі.

АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтары өз дамуында әлемдегі, сонымен бірге елдегі нақтылы тарихи оқиғаларға байланысты бірнеше кезеңді өткен болатын. Канада ғалымы Д.Э.Эйбельсон АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтарының даму тарихын 4 кезеңге бөліп қарастырады [51, 10]:

Д. Эйбельсон бірінші кезеңнің сараптамалық талдау орталықтарын саяси институттар десе, К.Уивер оларды «студенттері жоқ университеттер» деп атаған. Осы кезеңде АҚШ-тағы ғана емес, бүгінгі таңда әлемге танымал Халықаралық бейбітшілік үшін Карнеги қоры (1910), Соғыс, революция және бейбітшілік Гувер инсти-

туты (1919), Халықаралық қатынастар жөніндегі Кеңес (1921), Брукнинг институты (1927) атты сараптамалық талдау орталықтары пайда болған. Біздің пікірімізше бірінші кезеңдегі сараптамалық талдау орталықтары дамуының келесі алғышарттары болды (19-сурет):



19-сурет. Сараптамалық талдау орталықтарының даму алғышарттары

Ал осы кезеңдегі сараптамалық талдау орталықтарының қызметі сыртқы саяси шешімдерді жүзеге асыру салдары туралы саясаткерлерді және қоғамды ақпараттандыруға бағытталды және өздерінің интеллектуалды және ұйымдық тәуелсіздігін сақтап қалуға тырысты.

Әлемге танымал РЭНД Корпорейшн (1948), Гудзон институты (1961), Қаланы дамыту институты (1968) сараптамалық талдау орталықтары құрылған **екінші кезең** Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін басталады. Осы кезең негізінен АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтарының гүлдену кезеңін құрайды. ***Осы кезеңде сараптамалық талдау орталықтары келесі жағдайлардың әсерінен өз дамуын тапты (20-сурет):***

экономикаға мемлекеттік
араласудың күшеюі, яғни
мемлекеттік
протекционизм

екі дүниежүзілік соғыс,
«Ұлы дағдарыс» салдары

социалистік әлемнің
дамуына қарсы жауапты
қадам, халықаралық
катынастар жағдайының
шиеленісе түсуі

азаматтық қоғамның
дамуы

20-сурет. Сараптамалық талдау орталықтарының даму себептері

Ал мемлекеттік сараптамалық талдау орталықтарының пайда болуы, жаһандану идеологиясын, футурологиялық бағыттағы зерттеулерді жасау, өз зерттеулерінде кіріссіз бағытта жұмыс істеуі, саясатқа белсене түрде араласуы, қандай да болмасын саяси партиямен байланысқа түсуден бас тартуы осы кезеңдегі сараптамалық талдау орталықтарының негізгі ерекшеліктері болып табылады.

Стратегиялық және халықаралық зерттеулер орталығы (1962), Мұрагерлік қоры (1973), КАТО институты (1977) сараптамалық талдау орталықтары үшінші кезеңіне жатады. Нақтылы позицияларды,

көзқарастарды ұстану, мүдделерді алға тарту осы кезеңнің негізгі сипаттамаларын құрайды. Жаһандану, консерватизм және либерализм идеологияларының бәсекелестігі (XX ғасырдың 70-ші жылдарындағы әлемдегі консерватизм идеологиясының кең таралуы) сараптамалық талдау орталықтарының дамуының негізгі себептері болды. Осы кезеңдегі сараптамалық талдау орталықтарының негізгі сипаттамалары (21-сурет):



21-сурет. Сараптамалық талдау орталықтарының негізгі сипаттамалары

Бейбітшілік, еркіндік, демократия идеяларына бағыттталып, АҚШ-тың экс президенттерімен құрылған, Дж. Картер орталығы, Бейбітшілік пен еркіндік үшін Р. Никсон орталығы сияқты сараптамалық талдау орталықтары **төртінші кезеңді** қамтиды. Әлемде этникалық, территориялық келіспеушілік мәселелерінен туындаған көптеген шиеленістердің ұлғаюы жаңа типтегі сараптамалық талдау орталықтарының дамуына септігін тигізді. Сонымен бірге, осы кезеңде АҚШ-тың

әрбір штатының ішкі мәселелерін зерттейтін федералды деңгейдегі сараптамалық талдау орталықтарының дамуы және коммуникациялық, ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану осы сараптамалық талдау орталықтарының негізгі сипаттамалары болды.

Осы кезеңдегі сараптамалық талдау орталықтарының даму тенденциясы бүгінгі күнге дейін сақталуда.

U.S. Think Tanks by State

STATE	Think Tanks
U.S.	408
Massachusetts	176
California	172
New York	150
Virginia	107
Illinois	84
Texas	56
Connecticut	44
New Jersey	36
Florida	32
Colorado	31
Michigan	31
Georgia	29
Ohio	28

Дж. Макгэнн өткізген «The Global «Go-To Think Tanks–2018»» зерттеу мәліметтер федералды деңгейде сараптамалық талдау орталықтарының қаншалықты дәрежеде дамығандығын көрсетеді. Тек Массачусетс штатында 176, Калифорнияда – 172, Нью-Йоркте – 150, Виржинияда – 107 сараптамалық талдау

орталығы бар [52,16].

Федералды деңгейде сараптамалық талдау орталықтарының жоғары деңгейде жұмыс істеуі, кең таралуы АҚШ-тың ерекшелігі болып табылады, себебі сараптамалық талдау орталықтары көптеген мемлекеттердің тек ірі қалаларында ғана дамыған.

Біздің пікірімізше, XX ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтарының бесінші даму кезеңін қарастыруға болады, себебі Кеңес Одағының ыдырауы сараптамалық


талдау орталықтарының тақырыптарында ғана емес, сонымен бірге зерттеу бағыттарына да әсерін тигізді. АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтары Ресей, Орталық Азия, т.б. посткеңестік мемлекеттермен қарым-қатынастарды қамтитын саясаттың стратегиялық аспектілерін дайындауға қатысты. Олар әр елдің экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени, этникалық жағдайына талдау жасап, сол негізде АҚШ мемлекеттік органдарына арнайы тұжырымдамалар мен бағдарламалар дайындады.

Бұл пікірді Қазақстанның бас сарапшысы М.Лаумулин де ұстанып, АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтарын үш топқа бөліп қарастырады:

- 1) 1990 жылдарға дейін құрылып, советологиялық зерттеулерді жүргізген орталықтар;
- 2) КСРО аумағында қауіпсіздік мәселелерін зерттеу мақсатында 1990-шы жылдардан кейін құрылған орталықтар;
- 3) үкіметтік деңгейдегі ұсыныстарды дайындайтын сараптамалық талдау орталықтары [53, 14].

Біздің пікірімізше, осы жіктемедегі үшінші топты жеке бөліп қарастырмай, КСРО ыдырағанға дейінгі және КСРО ыдырағаннан кейінгі деп 2 топқа бөлуге болатын еді. Негізінен, КСРО-ның ыдырауының екі жақты әсері болды. Бір жағынан, ол посткеңестік елдермен байланысты өзге тақырып пен зерттеу бағыттағы сараптамалық талдау орталықтарының дамуына әсер етсе, екінші жағынан, қорғаныс саласындағы

қызмет еткен сараптамалық талдау орталықтарының қаржыландырылуының азаюына септігін тигізді. Сонымен бірге, Л.Скаковский өз зерттеуінде АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтарының дамуында өзгеше 4 кезең (22-сурет) бөліп қарастырады [54, 36-37]:




22-сурет. Сараптамалық талдау орталықтарының даму кезеңдері

Жоғарыда аталған кезеңдердің арасындағы төртінші кезең АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтарының зерттеу бағыттары мен тақырыптарына, жалпы жұмысына үлкен өзгеріс әкелген болатын. Сонымен қатар, лаңкестік мәселесін зерттеуді, талдауды жүзеге асыратын бірнеше сараптамалық талдау орталықтардың пайда болуына әсерін тигізді. Сонымен бірге, АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтарының даму кезеңдерін басқа критерийлер бойынша да жіктеуге болады. Мысалы, Ресей ғалымы Т. Виноградова зерттеу бағыттарының негізінде сараптамалық талдау орталықтарының дамуын келесі кезеңдерге бөліп қарастырады:

- 1) 1910-1920 жылдар – сараптамалық талдау орталықтарының пайда болуы;
- 2) 1930-40 жылдар – әскери тақырыптардың басымдылығы;

- 3) 1950-60 жылдар – футурологиялық және экологиялық бағыттағы зерттеулер;
- 4) 1970-80 жылдар – либеральды-консервативті;
- 5) 1990-шы жылдар және қазіргі кезең – қоғамдық мүдделер [55, 49].

Біздің пікірімізше, бұл АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтарының тек мемлекет ішіндегі мәселелерді зерттеуге сәйкестелген даму кезеңдері болып табылады, яғни бұл жіктемеде сыртқы фактор әсері ескерілмеген, себебі ішкі және сыртқы факторлардың бірлігі ғана толық түсінік береді. Гуманитарлық зерттеулер агенттігінің зерттеушілері (Украина) АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтарының дамуында да бес кезеңді (23-сурет) бөліп қарастырады [56].



23-сурет. Сараптамалық талдау орталықтарының даму кезеңдері

АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтарының даму кезеңдері ішкі және сыртқы факторлардың біріккен әсерінен қалыптасқан. Сонымен, АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтарының дамуына саяси жүйе ерекшеліктері, яғни билік бөліну жүйесінің дамығандығы, әлеуметтік және экономикалық жүйелердің күрделенуі, саяси партиялар арқылы саяси сараптаманың болмауы, филантропиялық қауымдастықтың болуы, яғни бизнес құрылымдарының демеушілігін мақұлдайтын салық заңнамасы, қайырымдылық қорларының дәстүрлерінің сақталуы, ғылымның дамуы, әсіресе ХХ ғасырдың 20-жылдарынан ғылымның барлық салалары үшін жағдай жасалынуы, кіріс салығынан босатылуы, биліктің минимальды бюрократиялануы, күшті азаматтық қоғам әсер еткен негізгі факторлар болып табылады. Біздің пікірімізше, сараптамалық талдау орталықтары дамуының бірінші және екінші кезеңінде мемлекеттік органдарды сараптамалық ақпараттық қызмет ету институты ретінде жұмыс істесе, үшінші және төртінші кезеңдерде олар саяси үдеріс субъектілері ретінде қызмет етіп, анағұрлым үлкен деңгейде тәуелсіздікке ие болды.

Жоғарыда келтірілген себептермен қатар, біздің пікірімізше, АҚШ Президентінің сайлауы сараптамалық талдау орталықтарының дамуына ықпал ететін ірі факторлардың бірі, себебі әрбір 4 жыл сайын президенттік сайлау науқаны және АҚШ Президентінің жаңа әкімшілігі жұмысының басталуы сараптамалық

талдау орталықтары үшін қарбалас кезең болады.

Біріншіден, АҚШ-та сыртқы саяси шешімдерді қабылдау процесіне қандай да бір «ақыл-ой орталықтарының» әсер ету дәрежесі сайланған президенттің саяси тегіне байланысты болады. Тиісінше, президент әртүрлі «ақыл-ой орталықтарынан» шыққан кеңесшілерін өз бетінше тағайындайды. Дегенмен, Ақ үй көптеген «ақыл-ой орталықтарының» деректерін әрқашан пайдаланып келеді.

Олар президент бағдарламасының қалыптасуы ғана емес, оның жүзеге асырылуына да қатысады. Гувер институтының қызметкері М.Андерсон осы кезеңді жалпыұлттық маркетингтік стратегия деп атаған, себебі осы президентке кандидаттар ішкі және сыртқы саясат мәселелері бойынша өз позицияларын анықтау үшін сараптамалық талдау орталықтарының көмегіне жүгінеді. АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтарының маңыздылығын, ролін оның атқаратын қызметтеріне талдау жасау негізінде анықтауға болады.

Американдық ғалым К.Уивердің пікірінше, классикалық түрде АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтары саяси процесте келесі қызметтерді атқарады (24-сурет):

- 1) негізгі саяси мәселелер мен шешімдер бойынша зерттеулер жүргізу;
- 2) күн тәртібінде дереу шешімді талап етіп отырған өзекті мәселе бойынша ұсыныс дайындау;
- 3) мемлекеттік бағдарламаларға баға беру;

- 4) «мәселелерді талқылау торлары» және идеялармен алмасу үдерісінің дамуына ықпал ету;
- 5) мамандармен алмасу;
- 6) қоғамдық білім беру (БАҚ үшін оқиғаларға түсініктеме беру);
- 7) американдық қоғамдастықты ақпараттандыру [57, 49].



24-сурет. Сараптамалық талдау орталықтарының қызметтері

Біздің пікірімізше, бұл жалпылама тән қызметтер, себебі сараптамалық талдау орталықтарының

қызметтері мемлекетте нақты уақытта жүргізіліп отырған нақтылы саясатқа да байланысты болды. АҚШ тарихының әр түрлі кезеңдерінде сараптамалық талдау орталықтары әр түрлі қызметтер атқарған. Егер әр түрлі кезеңдерде құрылған сараптамалық талдау орталықтарының негізгі миссияларына назар аударсақ, мынадай қызметтер тән болғанын байқауға болады. Мысалы, ХХ ғасырдың 20-шы жылдары олар ағарту, ақпараттандыру, 40-шы жылдары мемлекеттік стратегияны дайындауға көмек көрсету, 60-шы жылдары нақтылы бағдарламалар мен жобаларды қорғау, өткізу, 80-шы жылдары демократизация идеясының кең таралуына және оның бүкіл дүниежүзінде орнауына ықпал ету бағытында қызметін атқарған. Сонымен бірге, сараптамалық талдау орталықтарының қызметіне талдау жасасақ, АҚШ барлық даму кезеңдерінде елдің сыртқы саяси стратегиясын дайындауға қатысу, АҚШ ықпалының бүкіл дүниежүзіне кең таралуына жәрдемдесу барлық сараптамалық талдау орталықтарына ортақ тән қызмет болып табылатынын анық көруге болады.

Негізінен АҚШ сараптамалық талдау орталықтарының зерттеу бағыттарына назар аударсақ, кез келген сараптамалық талдау орталығының күн тәртібінде мемлекеттің сыртқы саясаты бірінші кезектегі мәселе болып табылады. Сараптамалық талдау орталықтарының қатысуымен мемлекеттің сыртқы саясатындағы маңызды бағдарламалар дайындалады.

Мысалы, Р.Рейганның «Жетекшілікке мандат» немесе «Басшылыққа мандат» деп аталған бағдарламасын «Мұра» қоры негіздеп, дайындаған болатын.


Ресей ғалымдарының пікірінше, сараптамалық талдау орталықтары АҚШ-тың сыртқы саяси стратегиясын қалыптастыру мен жүзеге асыруда келесі қызметтерді атқара отырып, үлкен маңызға ие болды:

- 1) инновациялық;
- 2) коммуникативті;
- 3) өкілдік;
- 4) жұмылдыру;
- 5) саяси бағытта заңдастыру;
- 6) индикативті;
- 7) бақылаушы;
- 8) ақпарат жинақтаушы [58, 216].

Сонымен бірге, АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтарының жұмысына назар аударсақ, мемлекеттік органдар мен сараптамалық талдау орталықтары арасында мамандармен өзара алмасу, яғни американдық тәжірибеде «revolving door» - айналмалы есік атты механизмі АҚШ-тың ішкі және сыртқы саясаты үшін мамандарды дайындауда үлкен әсерін тигізген қызметтердің бірі болып отыр. Бұл өзара алмасу механизмінің арқасында сараптамалық талдау орталықтарының мамандары шынайы саяси үдеріске қатысу арқылы өз тәжірибесін молайтып, кәсіби дағдыларын шындай түссе, керісінше, шынайы саяси өмірден келген мамандар сараптамалық талдау

орталықтарында өз тәжірибесін әрі қарай молайтуға, шыңдауға, өзінің білім қорын жетілдіруге мүмкіндік алады. Себебі, мемлекеттік қызметтегі маман мәселеге кешенді түрде қарауға мүмкіндігі болмайды, оған өзіндік жүйе шектеулері де өз әсерін тигізуі мүмкін. Сараптамалық талдау орталығында бірнеше жылдар жұмыс істеген АҚШ-тың экс мемлекеттік хатшысы АҚШ-тың саясаткері Г.Киссинджер «мемлекеттік органға жұмысқа келгенге дейін интеллектуалды капиталды жинаған жөн, себебі жұмыс істей келе жиналған интеллектуалды капиталды жоғалта бастайсың» деп тұжырымдауы АҚШ саясатында сараптамалық талдау орталықтарында тәжірибе жинау қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Осы механизмнің қаншалықты деңгейде дамығандығын АҚШ танымал саясаткерлерін мысал ете отырып көрсетуге болады (4-кесте):

4-кесте. АҚШ саясаткерлері

	Мемлекеттік хатшы орынбасары Брукинг институтында
Джеймс Стейнберг	

 <p>Мартин Индик</p>	<p>Мемлекеттік хатшының Таяу Шығыс істері жөнінде көмекшісі, АҚШ-тың Израильдегі елшісі Таяу Шығыс саясаты институтында</p>
 <p>Генри Киссинджер</p>	<p>АҚШ-тың экс-мемлекеттік хатшысы Халықаралық қатынастар кеңесінде</p>
 <p>Строб Тэлботт</p>	<p>Мемлекеттік хатшы орынбасары Брукинг институтында</p>
 <p>Кондолиза Райс</p>	<p>АҚШ-тың экс мемлекеттік хатшысы Гувер институтында қызмет атқарған.</p>

П.Добрянски – Мемлекеттік хатшы экс орынбасары
Американдық кәсіпкерлік институтында;

Д.Р.Болтон – Қару-жарақты бақылау және
халықаралық қауіпсіздік жөніндегі мемлекеттік хатшы
экс орынбасары Американдық кәсіпкерлік институтын-
да;

П.У.Родман – Ұлттық қауіпсіздік мәселелері
жөнінде Қорғаныс министрінің экс көмекшісі Никсон
орталығында;

Д.Чейни – АҚШ-тың экс вице-президенті
Американдық кәсіпкерлік институтында.

Бұл АҚШ-та айналмалы есік механизмінің жүзеге
асуының толық тізімі емес, Б.Обама кезінде Президент
әкімшілігінде де бірқатар сараптамалық талдау
орталықтарының қызметкерлері болды. Мысалы,
Дж.Джоунс – ұлттық қауіпсіздік мәселелері жөнінде
кеңесші Атлант комитетінде, Ричард Дангсинг –
сыртқы саясат жөніндегі кеңесші Стратегиялық және
халықаралық қатынастар орталығында, Мелоди Барнес
– Ішкі саясат кеңесінің директоры Американдық
прогресс орталығында, Петер Орсхог – Ақ үйдегі
Бюджет директоры Брукинг институтында жұмыс
істеген.

Мысалы, 2013 жылы АҚШ Президентінің Таяу
Шығыс, Солтүстік Африка және Парсы шығанағы
аймағы бойынша арнайы көмекшісі қызметіне Бру-
кинг институтының жетекші қызметкері Филипп
Гордон тағайындалды. Таяу Шығыс бойынша Ақ үй

командасының көптеген мүшелері Стратегиялық және халықаралық зерттеулер орталығының қызметкерлері болып табылады.

Сонымен, АҚШ-та сараптамалық талдау орталықтары ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыруда шешуші роль атқарып, саяси үдеріске белсене араласушы субъектілердің қатарын құрайды. АҚШ-тың саяси өмірінде өзекті болған мәселе сараптамалық талдау орталықтарының күн тәртібінде де бірден көрініс табады. Тек өз мемлекетінің саясатына ғана талдау жасап қоймай, басқа мемлекеттердің барлық салалары жөнінде кешенді зерттеулер жүргізіп, олардың нәтижелерін мемлекеттік саясатты қалыптастыру кезінде негізге ала отырып, пайдаланады. АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтары саны жағынан ғана емес, алуан түрлілігімен де ерекшеленеді.

Ф.Войтоловскийдің пікірінше, АҚШ-та сараптамалық талдау орталықтарының 2 типі бар:

- идеялық негіздеуге, сараптамалық баға беруге және үгіт насихаттауға бағытталған мемлекеттік емес сараптамалық талдау орталықтары;
- мемлекет пен бизнестің сыртқы экономикалық және сыртқы саяси мүдделерін сәйкестеу мақсатында құрылған кеңестер мен ассоциациялар [59].

Бір топ ресейлік ғалымдар саяси басшылыққа ықпал ету деңгейін негізге ала отырып, сараптамалық талдау орталықтарын «тікелей қолдаудағы орталықтар», әскери

зерттеу институттары, «кең ауқымды қолдаудағы» азаматтық орталықтар деп бөледі [60, 212].

Басқа ресейлік ғалым А.Сунгуров мамандану критерийіне қарай 3 типін (25-сурет) бөледі [61]:



25-сурет. АҚШ сараптамалық талдау орталықтарының түрлері

Қазақстан ғалымы М.Лаумулин АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтарын мақсаты, міндеттері және қызметтеріне байланысты ақпаратты талдауды, ағымды саяси өмірдегі өзгерістерге мониторингті, саяси зерттеулерді жүзеге асыратын талдау орталықтары, стратегиялық жоспарлар мен тұжырымдамаларды дайындауға және жүзеге асыруға қатысатын саяси орталықтар, геосаяси сценарийлерді құрастырып, кең көлемді стратегиялық зерттеулерді, ұзақ мерзімді сыртқы саяси қадамдарды анықтау және негіздеу үшін

жауапты стратегиялық орталықтар деп 3 категорияға бөледі [84, 11-12].

Жоғарыда аталған сараптамалық талдау орталықтарының түрлері АҚШ-тағы сараптамалық талдау орталықтарының барлық спектрін қамтымайды. АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтарын мәртебесі бойынша мемлекеттік, мемлекеттік емес, университеттік; идеологиялық бағыттылығы бойынша консервативті, центристік, либеральды; қызмет ету стратегиясы бойынша әлемдік, ұлттық және аймақтық, федералды; мамандануы бойынша экономикалық, әлеуметтік, қауіпсіздік мәселесі, аралас, пәнаралық, терроризм және т.б. деген критерийлер бойынша бөлуге болады. АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтарының жіктемесінде партиялық сараптамалық талдау орталықтары орын алмаған, бірақ ол идеологиялық бағыттағы сараптамалық талдау орталықтарымен тығыз байланысқан.

АҚШ-тың жоғарыда келтірілген алуан түрлі сараптамалық талдау орталықтарының кең таралуына, олардың тиімді жұмысына, бірнеше бағытта бір уақытта зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін негізгі факторлардың бірі – сараптамалық талдау орталықтарының қаржыландырылуы. Ал АҚШ-тың жетекші сараптамалық талдау орталықтарының қаржыландыру көздерін талдай келе, ішкі және сыртқы деп 2 топқа бөліп қарастыруға болады.

Ішкі қаржыландыру

өз материалдарына жазылу, өз еңбектерінен, басқа жарияланымдардан түсетін кіріс, мүшелік жарна, іс-шараларды ұйымдастыру жатады

Сыртқы қаржыландыру

көптеген сараптамалық талдау орталықтары үшін негізгі қаржыландыру көзі болып табылатын бір уақтылы қаржылық көмек, жеке тұлғалардың және корпорациялардың қайырымдылығы, әр түрлі қайырымдылық қорының гранттары, мемлекеттік және жеке меншік келісім-шарттар жатады

26-сурет. Сараптамалық талдау орталықтарын қаржыландыру түрлері

Ішкі қаржыландыруға өз материалдарына жазылу, өз еңбектерінен, басқа жарияланымдардан түсетін кіріс, мүшелік жарна, іс-шараларды ұйымдастыру жатады.

Сыртқы қаржыландыруға көптеген сараптамалық талдау орталықтары үшін негізгі қаржыландыру көзі болып табылатын бір уақтылы қаржылық көмек, жеке тұлғалардың және корпорациялардың қайырымдылығы, әр түрлі қайырымдылық қорының гранттары, мемлекеттік және жеке меншік келісім-шарттар жатады.

АҚШ-тың көптеген сараптамалық талдау орталықтары бірнеше қаржы көздерін пайдаланады, яғни демеушілермен, мемлекеттік органдармен жұмыс істеуде ашықтықты, зерттеу нәтижелерінің шынайылығын сақтауға мүмкіндік беретін әртараптандыру принципін ұстанады, яғни бір ғана қаржы көзіне тәуелді болып қана қоймай, бірнеше қаржы каналдарын пайдала-

нады. АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтары мемлекеттік деңгейде де, бизнес құрылымдары тарапынан да қаржыландырылады.

Сараптамалық талдау орталықтардың жоғары деңгейде қаржыландырылуы басқа елдерде де өзінің өкілдіктерінің ашылуына әсерін тигізеді. АҚШ-тың әлемдік үстемдігінің ұлғаюына дүниежүзінде филиалдары ашу арқылы сараптамалық талдау орталықтары да өз септігін тигізген болатын. Мысалы, Маршалл қоры, Халықаралық бейбітшілік үшін Карнеги қоры. Өз ықпалын жүзеге асырудың бірнеше механизмдері бар:

- олар тағылымдамаға шетел зерттеушілерін қабылдайды;

- қажет мамандарды және әдебиеттерді ұсынады;

- өзара біріккен жобаларды орындайды.

АҚШ-та, сондай-ақ басқа да мемлекеттерде сараптамалық талдау орталықтары дамуын Конгрестің бюджеттік басқару экс-директоры Р.Райшауэр «талдау саласындағы қару-жарақ жарысы» деп атаған болатын [63].

Сонымен, бүгінгі таңда АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтарының дамуын қарасақ, Дж. Макгэнн өткізген «The Global «Go-To Think Tanks–2008» зерттеу мәліметтеріне сәйкес 58% сараптамалық талдау орталығы соңғы 25 жылда құрылып, 31% 1981-1990 жылдар аралығында пайда болған, оның 1/5 бөлігі немесе 350 сараптамалық талдау орталығы Вашингтонда жұмыс істейді [64, 11]. Кейбір мәліметтерге сүйенсек,

АҚШ сараптамалық талдау орталықтарының капиталы елдің ЖІӨ-нің 3%-на тең келеді.

Ал АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтары басқа елдердің сараптамалық талдау орталықтарымен салыстырғанда келесі ерекшеліктері (27-сурет) бар:



27-сурет. АҚШ сараптамалық талдау орталықтарының ерекшеліктері

АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтары саяси үдерістің ең негізгі белсенді субъектілерінің бірі болып табылады. АҚШ-тың саяси үдерісіндегі сараптамалық талдау орталықтарының орны мен

рөлі туралы салыстырмалы түрде АҚШ, Қазақстан және Ресей ғалымдарының пікірлерін келтірсе, келесі сипаттама жасауға болады. Брукинг институты президенті С.Тэлботтың пікірінше, «саясаткерлерге қандай да болмасын жаңа саясатты қалыптастыру үшін негіздер ретінде пайдаланылатын зерттеу талдаулары мен қорытындыларын, бүгінде қолданылып отырған стратегияларды өзгерту не одан бас тартуды ұсыну» АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтарының негізгі мақсатын құрайды [65].

Ал жетекші американдық сарапшы Х.Виарданың пікірінше, «үкіметтік шенеуніктер соншалықты жұмыстың көп болуына байланысты сыртқы саясат стратегиясын әдістемелік тұрғыдан түсінуге де шамасы келмейді. Сол себепті, сараптамалық талдау орталықтары конгрессте де, атқарушы органдарда да атқара алмайтын жұмысты өз мойнына алады... Сыртқы саясат қалыптастырудың стратегиялық аспектілеріне назар аудару - кәсіби сарапшылардың басты мақсаты болып табылады [66, 212]. Сол себепті сараптамалық талдау орталықтары АҚШ-тың ішкі әрі сыртқы саясатында стратегиясын анықтаушы және қалыптастырушы ядро екенін көруге болады.

М.Лаумулиннің пікірінше, «ұлттық, геосаяси және стратегиялық мүдделерін қамтамасыз ете отырып, үкіметтің «құлағы әрі көзі» болу – АҚШ сараптамалық талдау орталықтарының басты мақсатын құрайды» [67, 72]. Сол себепті біздің пікірімізше, АҚШ-тан тыс ел-

дерде сараптамалық талдау орталықтары филиалының ашылуы көптеген елдердің саясатына американдық ықпалды күшейтуге әсер ететін тиімді механизмдердің қатарына жатады.

Ресей ғалымы Т.Виноградова сараптамалық талдау орталықтары «азаматтық қоғамның ғана емес, ағымдағы мәселелерге арналған қоғамдық қатынасты қалыптастыратын қоғамдық пікірді білдіру түрі, сонымен бірге олар мемлекеттік плюрализм негіздерін құраса, Д.Зайцев оларды «төртінші билік» деп атайды. Яғни осыдан көріп отырғандай, сараптамалық талдау орталықтары елдің жүргізіп отырған ішкі және сыртқы саясатына деген азаматтардың қоғамдық пікірін қалыптастырудың тиімді механизмі болып отыр. Сараптамалық талдау орталықтары АҚШ ішкі және сыртқы саясат бағыттарын анықтайтын саяси жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі. АҚШ-тың күшті мемлекеттік сарапшылар, талдаушылар аппаратымен қоса, БАҚ-ын қоғамдық пікірді қалыптастыруда басты стратегия ретінде қолданатын тәуелсіз сараптамалық талдау орталықтарының дамыған «торының» болуы АҚШ саясатының басты ерекшелігі болып табылады. Сонымен, ***АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтарының*** дамуына талдау жасай келе, мынадай негізгі тұжырымдар туындайды:

1) АҚШ Президенті және Конгресі сараптамалық талдау орталықтардың зерттеулерімен және жұмыстарымен тең жағдайда қамтамасыз етілген,

яғни әр биліктің өзіндік зерттеу құрылымдары қалыптасқан. Сонымен бірге, Президент және Конгресс сараптамалық талдау орталықтарын негізгі қаржыландырушы арналарының бірі.

2) АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтары мемлекет тарапынан қолдау таба отырып, сонымен бірге ірі бизнес корпорациялары мен құрылымдарының қаржыландыруы арқылы саяси үдерістің негізгі акторларының бірі болды.

3) АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтары мемлекеттің сыртқы саясатының негізгі бағыттарын қалыптастыра отырып, өз өкілдіктерін ашу арқылы мемлекеттің сырт аймақтардағы ықпалын күшейту механизмін атқарады.

4) Өздерінің идеологиялық, зерттеу бағыттарының карама-қарсылығына карамастан мемлекеттік мүдде мақсатында бірнеше сараптамалық талдау орталықтарының бірігіп жұмыс істеуі саяси мәселелерді талдаудың жан-жақты, толыққанды, кешенді болуын қамтамасыз етеді.

5) Сараптамалық талдау орталықтарының қызметкерлері ірі университеттерде, колледждерде баяндама жасап, өз қызметінің бір бағытын арнау арқылы академиялық орта мен сарапшылар әлемін байланыстырушы ролін атқарады.

6) АҚШ орталықтары зерттеу әдіснамасына ерекше мән береді. Көп жағдайда контент-талдау, ивент-талдау, когнитивті карталау пайдаланады. Кейбір орталықтар

өз әдістерін ойлап табады, мысалы, РЭНД Корпорейшн «Дельфи әдісін» ойлап тапқан.

Жалпы алғанда, АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтарының даму тәжірибесін ескере отырып, Қазақстанның мемлекеттік органдарының сараптама жұмысымен қамтамасыз етілуін жетілдіру мақсатында АҚШ сараптамалық талдау орталықтарының тәжірибесін толыққанды зерттеп, Қазақстанның заң шығарушы органы жанында не құрамында сараптамалық талдау құрылымдарын ашу мүмкіндігін қарастырып, сонымен бірге, сараптамалық талдау орталықтары сарапшыларының университеттерде баяндамалар жасау тәжірибесін енгізуге болар еді.

2.2. Қытайдың сараптамалық талдау орталықтары

Саяси жүйенің, саяси режимнің өзгешелігіне карамастан Қытай да өз мемлекетінде сараптамалық талдау орталықтарды дамыту жөнінде қадамдар жасауда. Олар Қытай тарихының маңызды кезеңдерінде «делдал» рөлін атқарып, өтпелі кезеңдерді өткеруге өз септігін тигізді. Бүгінде сараптамалық талдау орталықтарының саны туралы нақты мәліметтер аз, дегенмен, әр түрлі мамандардың мәліметтері бойынша Қытайдағы сараптамалық талдау орталықтар саны шамамен 400-ден 2500-ге жуық.

Шанхай әлеуметтік ғылымдар академиясының «Сараптамалық талдау орталықтарды зерттеу

ұйымының» мәліметтері бойынша 2017 жылы Қытайда 464 сараптамалық талдау орталығы бар екендігі көрсетілген (28-сурет) [68, 19].




Figure 3-1 Quantity in Think-tank Selection Pools in Previous Years (2013-2017)

28-сурет. Қытай сараптамалық талдау орталықтарының 2013-2017 жж. саны

Пенсильвания университетінің «Сараптамалық талдау орталықтары және азаматтық қоғам» бағдарламасының директоры Джеймс МакГанның (James G. McGann) «Сараптамалық талдау орталықтарының жаһандық рейтингісі» («The Global «Go-To Think Tanks») атты зерттеуіне сәйкес, бүгінгі таңда әлемде 7815 сараптамалық талдау орталығы бар, оның 1676-ы Азияда шоғырланған, ол сараптамалық талдау орталықтарының жалпы санының 20,7%-ын, ал Қытай сараптамалық талдау орталықтары Азиядағы орталық

санының 30,5%-ын құрап, 2018 жылғы мәлімет бойынша саны 507-ге жетіп, соңғы жылдары өсу тенденциясын көрсетуде (29-сурет) [69, 36].



29-сурет. Қытай сараптамалық талдау орталықтарының 2008-2018 жж. саны

Керісінше, Синхуа агенттігінің мәліметтері бойынша 2008 жылдың өзінде Қытайда 2500 саяси зерттеу институттары болған [70, 11].

Қытай сараптамалық талдау орталықтары жыл сайын жаһандық рейтингтегі өз позицияларын күшейтуде. Мысалы, 2007 жылғы *«Әлемдегі жетекші сараптамалық талдау орталықтардың бірі»* деген номинацияда Қытайдың 6 сараптамалық талдау орталығы енсе, 2018 жылғы мәлімет бойынша әлемдік ең үздік (АҚШ мемлекетін есепке алмағанда) деген 142 орталықтың арасында 8 қытайлық сараптамалық талдау орталығы бар (30-сурет) (Қытайдың сараптамалық талдау орталықтары туралы мәліметтерді толығырақ *2-қосымшадан* оқи аласыз).



30-сурет. Қытайдың сараптамалық талдау орталықтары

Сонымен қатар, Қытай сараптамалық талдау орталықтарының белсенді жұмысын Дж.МакГанн зерттеуіндегі бірқатар номинациялар бойыша нәтижелері де көрсетеді. Атап айтсақ, Қытай сараптамалық талдау орталықтары келесі салалар бойынша номинацияда көрініс тапқан:

- ✚ Қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік – 2 орталық;
- ✚ Ұлттық экономика – 9;
- ✚ Білім беру – 1;
- ✚ Энергетика – 3;


- ✚ Қоршаған орта – 4;
- ✚ Сыртқы саясат және халықаралық қауіпсіздік – 5;
- ✚ Денсаулық сақтау – 5;
- ✚ Халықаралық даму – 7;
- ✚ Халықаралық экономика – 7;
- ✚ Ғылым мен технология – 3;
- ✚ Әлеуметтік саясат – 3.

Сондай-ақ, ең үздік мемлекеттік сараптамалық талдау орталығы ретінде 7 Қытай сараптамалық талдау орталығы, университет құрамындағы ең үздік деп 7 сараптамалық талдау орталық, 4 орталық – ең үздік тәуелсіз сараптамалық талдау орталығы, ал 3 сараптамалық талдау орталық – 5 млн.доллардан кем емес бюджеті бар, тағы 3-уі - әлеуметтік желіні және медиананы ең үздік қолданатын номинация қатарына енген.

Жалпы, сараптамалық талдау орталықтарының жаһандық рейтингісінің нәтижелері шартты болғанмен, қытайлық аналитикалық нарық туралы, оның зерттеу бағыттары мен басымдықтары туралы біршама ақпарат береді. Сонымен қатар, сараптамалық талдау орталықтарды зерттейтін өз институтын ашып, өзіндік рейтинг жүйесін жасауы Қытайда өз аналитикалық нарығына деген үлкен қызығушылық белгісі болып табылады.

Кез келген мемлекеттегі аналитикалық нарықтың өзгеруі мен дамуы елдегі модернизация үрдістеріне де, мемлекет басшылығының ауысуына да байланысты. Қытайда сараптамалық талдау орталықтардың дамуы


бірнеше кезеңді қамтиды. Мысалы, Қытай ғалымдары Хуфен Шу және Лан Хуэ Қытай сараптамалық талдау орталықтарының дамуында 3 кезеңді бөліп қарастырады (31-сурет) [71, 456]:



31-сурет. Қытай сараптамалық талдау орталықтарының даму кезеңдері Хуфен Шу және Лан Хуэ бойынша

Қытай сараптамалық талдау орталықтарының даму кезеңдерінің батыстық тұжырымдамасы қытайлық тұжырымдамадан біршама ерекшеленеді. Дж.Макганнның пікірінше, Қытай сараптамалық талдау орталықтарының дамуы 2 кезеңді қамтиды:

Бірінші кезеңдегі сараптамалық талдау орталықтар «мәдени революция» алдында пайда болған. Екінші кезең Ден Сяопин басқаруымен байланысты [72, 25]. Бұл кезеңде Қытай экономикасын реформалауды жүзеге асыруда шешуші роль атқарған экономикалық сипаттағы сараптамалық талдау орталықтары кең етек алды. Бірақ Дж.Макганн өзінің келесі зерттеуінде Қытай сараптамалық талдау орталықтарының дамуын 3 кезеңге бөліп қарастырады (32-сурет) [73]:



32-сурет. Дж.Макгэган бойынша Қытай сараптамалық талдау орталықтарының даму кезеңдері

Жоғарыда келтірілген сараптамалық талдау орталықтарының даму кезеңдері Қытай тарихының елеулі оқиғаларымен байланысты. Олардың дамуын Қытайдың саяси даму контексінен ажыратып қарастыру мүмкін емес, бірақ шартты түрде оны келесі кезеңдерге бөлуді ұсынып отырмыз (33-сурет):



33-сурет. Қытай сараптамалық талдау орталықтарының даму кезеңдері

Жалпы, Си Цзиньпиннің 2012 жылғы КХР Төрағасы лауазымына келген уақытынан кейін Қытайда сараптамалық талдау орталықтарға және олардың зерттеулеріне деген мемлекет тарапынан көзқарас өзгерді. 2012 жылдан бастап келесі іс-шаралар аналитикалық нарықтың кеңеюіне және ұлғаюына әсерін тигізді (34-сурет):



34-сурет. Қытай аналитикалық нарығының дамуына әсер еткен іс-шаралар

Мемлекет тарапынан аналитикалық орталықты дамыту мақсаты 2012 жылы Си Цзиньпиннің келуімен және қараша айындағы ҚКП-ның 18-ші съезінде қытайлық ерекшелігі бар сараптамалық талдау орталықтарды құру жоспарын жариялаудан басталды.

Си Цзиньпин мемлекеттік саясатты құруға ықпал етіп қана қоймай, Қытайдың халықаралық ықпалын

күшейтуге, билік құрылымдарына шешім қабылдауда сапалы сараптама беруге бағытталған сараптамалық талдау орталықтарды құру міндетін қойды.

Сонымен қатар, сараптамалық талдау орталықтардың халықаралық байланысын кеңейтіп, шет елдердің мамандарын жұмысқа тартып, басқа мемлекеттерде қытайлық институттардың филиалдарын ашу арқылы Қытайдың жұмсақ күшін нығайту міндеті қойылды.

Қазіргі уақытта Қытай сараптамалық талдау орталықтарын дамыту стратегиясында мынадай екі ерекшелікті атап өтуге болады:

1. Аймақ және сала бойынша сараптамалық талдау орталықтарын дамыту.

«Провинция деңгейіндегі негізгі сараптамалық талдау орталықтарға» келетін болсақ, кейбір мәліметтерге карағанда, 2015 жылдың маусымынан 2016 жылдың желтоқсанына дейін Цзянсу, Хунань, Хэбэй және Гуанси провинцияларында аймақтық сараптамалық талдау орталықтарды құрудың жаңа бағдарламасы қабылданған.

«Провинция деңгейіндегі негізгі сараптамалық талдау орталықтар» аймақ деңгейіндегі мәселелерді зерттеуге, аймақтағы партия комитеттерінің және аймақтық биліктің шешім қабылдауында ғылыми негізделген шешімдерді дайындауға ықпал етеді.

Ал салалар бойынша мысал келтіретін болсақ, Қытай ғылым мен технология ассоциациясы инновация бағыты бойынша, Мәдениет министрлігі өнер саласын

зерттейтін сараптамалық талдау орталықтарды құруға мақсат қояда.


2. Сараптамалық талдау орталықтарда сарапшыларды дайындау стратегиясы.

Әр аймақ сарапшыларды дайындау мен дамытуда әр түрлі стратегияны пайдалануда. Мысалы, Хэбэй провинциясы аға ғылыми топты және зерттеу ұжымдар жүйесін, Чжэцзян провинциясы басшылығында бас сарапшы бар күрделі пәнаралық зерттеу тобын құруға назар аударуда.

Гуанси-Чжуан автономды округы «6511 сарапшылар жобасын» құруда, яғни келесі 3-5 жыл аясында шешім қабылдау кеңесшілері ретінде ұлттық деңгейдегі сараптамалық талдау орталықтардың 50 мықты сарапшысы, провинция деңгейіндегі сараптамалық талдау орталықтардың мықты 100 сарапшысы, академиялық ортадағы 100 мықты ғалымнан тұратын 6 талантты пул жасақталады [74].

Жоғарыда көрсетілген тенденциялар мен Қытай мемлекеті тарапынан жүзеге асырылған негізгі іс-шаралар аналитикалық нарықтың кеңеюіне әрі жандануына ықпалын тигізді.

Сонымен қатар, Қытай үкіметі сараптамалық талдау орталықтарды дамытуды екі бағытта жүзеге асыруда (35-сурет):



35-сурет. Қытай сараптамалық талдау орталықтарын дамыту бағыттары

Қытай заңнамасына сәйкес зерттеу институттарына жататындар: мемлекеттік агенттіктер, қоғамдық институттар, азаматтық коммерциялық емес институттар.

Зерттеушілер Хувенг Шу, Лан Хуэнің пікірінше, Қытай сараптамалық талдау орталықтары жартылай ресми және азаматтық болып бөлінеді [75, 338].

1) жартылай ресми сараптамалық талдау орталықтарына қоғамдық институттар жатады;

2) азаматтық сараптамалық талдау орталықтарына коммерциялық институттар, университеттік зерттеу орталықтары жатады.

Жартылай ресми сараптамалық талдау орталықтар Қытай үкіметінен тыс кеңес беру жүйесінің маңызды

құрамдас бөлігі болып табылады. Олар толыққанды тәуелсіз емес, себебі олар мемлекет тарапынан құрылып, мемлекет тағайындаған тұлғамен басқарылып, капиталды бақылаушы мемлекеттік агенттіктен алады. Бірақ олардың автономдылығы мемлекет, сонымен қатар демеушілер мен халықаралық ұйымдар тарапынан жобаларға қатыса алуынан көрініс табады. Азаматтық сараптамалық талдау орталықтар мемлекетпен аз мөлшерде байланысты. Олар шетел қорларының, ішкі қорлар, жеке меншік капитал, кәсіпорын капиталы сияқты бірнеше қаржы көзін пайдаланады. Құрамы жағынан шағын түрде құрылып, үкімет жұмысына сын бере отырып, мемлекеттік органдармен жақсы қарым-қатынас ұстанады.


И.Комиссинаның пікірінше, Қытайдағы сараптамалық талдау орталықтардың тағы бір түрі – азаматтық сараптамалық талдау орталықтары. Азаматтық сараптамалық талдау орталықтардың басты ерекшелігі – білім беру және мемлекеттік мекемелерде, тіпті зауыттар мен фабрикаларда белсенді түрде дәріс оқып, газеттерге мақала жариялап, теледидарда бағдарламаға жиі қатысып, радикалды мазмұндағы мақалалар жариялап, ішкі және саяси мәселелерді бұқаралық түрде талқылаудың бастамашысы болып табылады.

И. Комиссинаның пікірінше, азаматтық сараптамалық талдау орталықтарының 2 түрі бар (36-сурет) [76, 80]:



36-сурет. Азаматтық сараптамалық талдау орталықтарының түрлері

Шанхай әлеуметтік ғылымдар академиясының «Сараптамалық талдау орталықтарын зерттеу ұйымының» деректері бойынша бүгінде Қытайда сараптамалық талдау орталықтарының 4 түрі бар (37-сурет) [77, 11]:



37-сурет. Қытай сараптамалық талдау орталықтарының түрлері

Қытай сараптамалық талдау орталықтар басқа зерттеу ұйымдары сияқты қоғамда, мемлекетте нақты қызметтер атқарады. Классикалық тұрғыдан сараптамалық талдау орталықтары келесі қызметтер атқарады:

1) идеялар фабрикасы – ішкі және сыртқы саясат үшін негіз болатын айрықша идеяларды құру;

2) таланттарды жеткізу – сараптамалық талдау орталықтарының тәжірибелі мамандары мемлекеттік органдарға және мемлекеттік органдардың тәжірибелі мамандары сараптамалық талдау орталықтарға жұмыс істеуге барады;

3) кәсібилердің бірігуі – танымал ғалымдарға саясаттың маңызды мәселелерін талқылауға мүмкіндік береді;

4) бұқарамен, халықпен өзара әрекеттесуі – ішкі және сыртқы саясаттағы мемлекет тарапынан қабылданып жатқан шешімдерді тұрғындарға түсіндіру жөнінде жұмысын жүргізеді;


5) карама-қайшылықтарды жеңу – шиеленістерді, карама-қайшылықтарды шешу мақсатында іс-шараларды ұйымдастырып, медиатор ролін атқарады.

Қытай сараптамалық талдау орталықтары зерттеу ұйымдарына тән қызметтерді толыққанды орындамайды, мысалы айрықша идеяларды құру сараптамалық талдау орталықтардың емес, ҚХР-ның коммунистік партиясының құзыры болып табылады. Сонымен қатар, олар үгіт-насихаттық, түсіндіру қызметтерін атқарады. Қытай сараптамалық талдау орталықтары американдық сараптамалық талдау орталықтары сияқты мемлекеттік органдар мен зерттеу орталықтарының арасында мамандардың алмасуын қамтамасыз ететін «айналмалы есік» атты механизмді де жүзеге асырады.

Бірақ Қытай сараптамалық талдау орталықтарының «айналмалы есік» қызметінің ерекшелігі мынада:

- алмасу көп жағдайда мемлекеттік сараптамалық талдау орталықтар тарапынан болады;
- АҚШ-пен салыстырғанда саясатқа кадрларды дайындаудың механизмі емес, себебі саясаткерлер көп жағдайда партия құрамында дайындалады;
- бұл механизм Қытай сараптамалық талдау орталықтарының дамуының 3 кезеңінен бастап қана дами бастады.

Қытай сараптамалық талдау орталықтарының мемлекеттік органдармен әрекет ету үлгілері (38-сурет):



38-сурет. Қытай сараптамалық талдау орталықтарының мемлекеттік органдармен әрекет ету үлгілері

Сонымен Қытайдың саяси жетекшілері үшін сараптамалық талдау орталықтары саяси шешімді қабылдау үдерісін демократизациялаудың және реттеудің маңызды құралы болып табылады.

Кез келген Қытай сараптамалық талдау орталығы үшін 3 ресурс маңызды (39-сурет):



39-сурет. Қытай сараптамалық талдау орталықтарын құру ресурстары

Жеке тұлға байланыстары, яғни Қытай қоғамында жеке тұлға байланыстары туысқандық, әлеуметтену типі, ұзақ мерзімді ынтымақтастық, мектеп байланыстары сияқты әр түрлі қарым-қатынастарға негізделген. Сараптамалық талдау орталықтарының өздерінің бақылаушы органдарымен әкімшілік байланыстары азаматтық сараптамалық талдау орталықтармен салыстырғанда тығыз әрі тұрақты.

Жартылай ресми сараптамалық талдау орталықтары әкімшілік байланыстар арқылы саясатқа ықпалы анағұрлым зор, ал жеке меншік сараптамалық талдау орталықтар өз ықпалын жеке дара зерттеушілердің көмегімен жүзеге асырады. Сол себепті азаматтық сараптамалық талдау орталықтар үшін жеке тұлғааралық қарым-қатынас және сарапшылар маңызды болса, жартылай ресми сараптамалық талдау орталықтар үшін әкімшілік байланыстар анағұрлым үлкен роль ойнайды. Жартылай ресми сараптамалық талдау орталықтары саяси бағыттылыққа ие болса, жеке меншік сараптамалық талдау орталықтары анағұрлым әлеуметтік жағынан бағытталған.

Қазіргі уақытта Қытай сараптамалық талдау орталықтарының өсуіне 3 тенденция әсерін тигізеді:

1) қатаң саясат дәуірінің әрі ұжымдық жетекшіліктің аяқталуынан саясаткерлер өз саясатын заңдастыру үшін сараптамалық талдау орталықтарының қызметіне жүгінеді;

2) Қытайдың әлемдік экономикамен бірігу үдерісінің ұлғаюы шетел инвестициясы және халықаралық қаржы саласына ғалымдарды тартуды қажет етеді;

3) Қытай экономикасының дамуы мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік, саяси құрылымын ашып қана қоймай, көптеген мүдде топтарының пайда болуына әкеп соқтырады [78].

Сонымен, көптеген сараптамалық талдау орталықтары әлемдік саясаттағы қауіптер мен шақыруларға жауап ретінде құрылады. Сараптамалық талдау орталықтарының дамуы тікелей ел ішіндегі үдеріске емес, әлемдік дамуға да байланысты. Олар елдегі нақты оқиғаларға жауап ретінде пайда болып, олардың зерттеу бағыттарын және тақырыптарын анықтайды.

ҚХР саяси жаңаруын және қазіргі саяси дамуын ескере отырып, Қытайдың сараптамалық талдау орталықтарына қатысты мынадай негізгі тұжырымдарды құруға болады:

1) Соңғы 5 жылда Қытайда аналитикалық нарық, сараптамалық талдау орталықтары жұмысын реформалау белсенді сипатқа ие болуда;

2) Сараптамалық талдау орталықтарының түрлерін және қаржыландыру диверсификациясы тенденциясы тән;

3) Аймақтық және салалық деңгейде аналитикалық орталық жүйесін құру жөнінде мемлекет тарапынан мақсатты жұмыс жүргізілуде;

4) Жеке меншік сараптамалық талдау орталықтарды құруға заңнамалық тұрғыдан қолдау көрсетілуде;

5) Қытай сараптамалық талдау орталықтары демократия және адам құқықтары мәселелеріне қарағанда экономика, халықаралық экономика және халықаралық қатынастар мәселелерін көбірек зерттейді;

6) Қытай сараптамалық талдау орталықтары мақсатты топ ретінде өз зерттеу нәтижелерін тарату және жеткізу үшін қоғамдастық немесе БАҚ-қа емес, саясаткерлер мен саяси элитаға бағыттайды;

7) Қытай сараптамалық талдау орталықтарының 90%-ы үкіметпен негізі қаланған және мемлекет, партия тарапынан қаржыландырылады, бизнес құрылымдарының зерттеулерді қаржыландыруы ХХ ғасырдың соңғы он жылдығында ғана орын ала бастады;

8) Қытай сараптамалық талдау орталықтарының қызметінде білім беру саясаты, яғни магистрлік және докторлық бағдарламалардың болуы – негізгі жұмыс бағыттарының бірі болып табылады;

9) мемлекеттік органдармен, әсіресе жеке-дара саясаткерлермен байланыстардың болуы Қытай сараптамалық талдау орталығының тиімді әрі сәтті, нәтижелі қызмет етуіне әсер ететін факторлардың бірін құрайды;

10) сараптамалық талдау орталықтары мықты,

маманданған сарапшыларды дайындау платформасы ретінде қабылданып, аймақтық деңгейде белсенді даму-
да;

11) өзіндік әдіснамасы мен әдістемесі негізінде Қытай сараптамалық талдау орталықтарының (академиялық және университеттік) ұлттық рейтингісін жүргізуде;

12) Қытай үкіметі сараптамалық талдау орталықтарды «дамудың қытайлық үлгісін» танымал ету, оны тарату, өзінің жұмсақ күш құралы ретінде позициясын күшейтуде.

Жалпы алғанда, саяси режимнің және саяси жүйенің өзгешелігіне қарамастан, Қытай мемлекетінде де сараптамалық талдау орталықтардың дамуына ерекше назар аударатыны байқалады. Аналитикалық орталықтардың қызметінде білім беру саясатына үлкен мән беруі, яғни магистрлік және докторлық бағдарламалардың болуы саясаттану мамандығы бойынша мамандарды дайындауда үлкен ресурс болып табылады деп есептейміз.

2.3 Ресейдің сараптамалық талдау орталықтары

Ресей Қазақстанмен салыстарғанда қарқындылығы жағынан анағұрлым үлкен саяси үдерістерді иеленген аймақтық держава болып табылады, сол себепті сараптамалық талдау орталықтарының дамуы күрделі сипатқа ие.

Пенсильвания университетінің «Сараптамалық талдау орталықтары және азаматтық қоғам» бағдарламасының директоры Дж. Макганның «Сараптамалық талдау орталықтарының жаһандық таралымы» («The Global «Go-To Think Tanks») атты зерттеуіне сәйкес, бүгінгі таңда Ресейде 2007 жыл қорытындысы бойынша – 105, 2008 жылы – 107, 2009 жылы – 109 сараптамалық талдау орталығы болса, 2019 жылы, яғни 10 жыл өткеннен кейін аналитикалық орталықтардың жалпы саны 215-ке жетті. Бұл рейтингте аналитикалық орталықтар саны жағынан Ресей 7-ші орында, яғни 2017 жылмен салыстырған рейтингке қатысатын сараптамалық орталықтардың көлемі 65% артқан (41-сурет) [79].



41-сурет. Ресей сараптамалық талдау орталықтарының саны

Рейтингте Ресей сараптамалық талдау орталықтары географиялық принцип бойынша Орталық және Шығыс


Еуропа елдері қатарында есептеледі. 2018 жылғы мәлімет бойынша әлемдік ең үздік аналитикалық орталықтар номинациясында (АҚШ мемлекетін есепке алмағанда) 145 орталықтың арасында 3 ресейлік аналитикалық орталық бар (42-сурет) (Ресейдің сараптамалық талдау орталықтары туралы мәліметтерді толығырақ *3 қосымшадан* оқи аласыз)

Ресей сараптамалық талдау орталықтары



42-сурет. Ресей сараптамалық талдау орталықтары

Бүгінде Ресей сараптамалық орталықтары арасында 3 орталық әлемдегі 177 жетекші орталықтар тобына, 5 орталық қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік саласындағы жетекші 111 орталықтар номинациясына, 5 орталық экономикалық саясат саласындағы үздік 146 орталық тобына, 6 орталық халықаралық қатынастар саласындағы үздік 155 орталық номинациясында орын алған (43-сурет).



43-сурет. Ресей сараптамалық талдау орталықтары

107 аналитикалық орталық арасында 16 ресейлік орталық Орталық және Шығыс Еуропа елдері арасында үздік деп танылған, мысалға, Мәскеу Карнеги орталығы – 4 орын, РҒА Е.М. Примаков атындағы Әлемдік экономика және халықаралық қатынастар институты – 9 орын, Экономикалық және қаржы зерттеу орталығы – 16 орын, Ресей СІМ Мәскеу халықаралық қатынастар мемлекеттік институты – 17 орын, Әлеуметтік саясаттың тәуелсіз институты – 25 орын, АҚШ және Канада институты – 27 орын, Гайдар экономикалық саясат институты – 33 орын және т.б.

Дж. Макганның «Сараптамалық талдау орталықтарының жаһандық таралымы» («The Global «Go-To Think Tanks») атты рейтингісінде номинацияға басым бөлігі мемлекеттік зерттеу институттары не орталықтары енген.

Бұл зерттеуден бөлек, Ресейде сараптамалық талдау орталықтарының жұмысын бағалауға бағытталған индекс құрастырылған. Мысалы, Қазіргі заманғы ме-

диа институты Politanalitika.ru порталымен бірлесіп, 2016 жылы ресейлік аналитикалық және саяси зерттеу орталықтарының индексін жасаған болатын.

Рейтинг екі параметр бойынша құрастырылады: біріншіден, БАҚ-дағы аналитикалық орталық атауының жариялануы, екіншіден, ұйым өкілі не құжаты бар мақалаға қосымша балл беріледі. Бұл индексте БАҚ таралымы, түрі, деңгейі сияқты көрсеткіштер есепке алынады. Бұл рейтингке негізінен жеке меншік аналитикалық орталықтар енгізілген (44-сурет).

Ресейде, КСРО ыдырағаннан кейін басқа да посткеңестік елдердегідей, сараптамалық талдау орталықтарының пайда болуына және дамуына бастапқы кезде мемлекеттің барлық салаларындағы терең кешенді дағдарыс, қоғамның барлық салаларын қамтыған кешенді реформалар, сайлау институттарының, көп партиялық жүйенің қалыптасуы және дамуы, бизнес құрылымдардың дамуы және олардың тарапынан зерттеулерге тапсырыс беруі, ортақ зерттеу мәселелерімен айналысатын сараптамалық талдау орталықтары арасындағы бәсекелестік сияқты *ішкі себептер* өз септігін тигізді.

Сонымен қатар, *сыртқы себептерге* әлемдік саясаттағы өз орнын анықтау және негіздеу, аймақтық және халықаралық мәселелерге араласуы, сыртқы саясат стратегиясын және негізгі бағыттарын қалыптастыруы жатады. Негізінен, ТМД елдерінде сараптамалық талдау орталықтарының қалыптасуы мен дамуына ішкі және сыртқы факторлардың біріккен әсері болды.



44-сурет. Ресей сараптамалық талдау орталықтарының рейтингісі

<https://politanalitika.ru/posts/2015/08/04/uverennoe-liderstvo-fondaisepi-v-indekse-analiticheskikh-i-politologicheskikh-rossijskikh-tsentrov-2f.html>

Н.Беляева мен Д.Зайцевтің пікірінше, Ресейде сараптамалық талдау орталықтары автономды ұйымдар ретінде АҚШ-та саясаттың дербес субъектілері ретінде пайда болған уақытымен пара пар келеді. Оның пікірінше, ХХ ғасырдың 50-60-шы жылдарында құрылған Әлемдік экономика және халықаралық қатынастар институты, АҚШ және Канада институты сараптамалық талдау орталықтарының қатарына жатады [80, 26].

Әлеуметтік зерттеулердің сарапшылық институты дайындаған талдамалы баяндамада, институт сарапшылары Ресей сараптамалық талдау орталықтарының негізгі 5 бағытын (45-сурет) айқындайды [81]:

Қызметтері

өзекті саяси-әлеуметтік мәселелердің табиғаты мен негізін іздеу және түсіндіру

ағымдағы саяси ахуалдың дамуының әр түрлі сценарийлерін жасау

маңызды саяси институттар, жекелеген мемлекеттік және мемлекеттік емес акторлардың қызметіне талдау жасау


мемлекеттік саясаттың жүзеге асуына баға беру

әр түрлі деңгейдегі сыртқы саяси акторлардың (мемлекеттер, мемлекеттік бірлестіктер, трансұлттық корпорациялар) қызметіне талдау жасау

45-сурет. Ресей сараптамалық талдау орталықтарының қызметтері

XX ғасырдың 90-шы жылдарының ортасына қарай батыс елдерімен, сондай-ақ жаңа құрылған тәуелсіз мемлекеттермен сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтау сараптамалық талдау орталықтарының одан әрі дамуына әсерін тигізді. Ресейдегі сараптамалық талдау орталықтарының қалыптасуы және даму мәселелері ғалымдардың да, сонымен бірге сараптамалық талдау орталықтары қызметкерлерінің тарапынан да үлкен қызығушылық туғызды.

Сараптамалық талдау орталықтарына қатысты қызметтеріне байланысты Ресейдің ғалымдарының пікірлерін топтастырсақ, мынадай жіктеу жасауға болады (46-сурет) [82]:




46-сурет. Ресей сараптамалық талдау орталықтарының қызметтері

Ресей ғалымы В.Лобановтың пікірінше, «сараптамалық талдау орталығының негізгі қызметі – әр түрлі деңгейдегі саяси қайраткерлерді ғылыми және талдау ақпаратымен қамтамасыз етуді қамтитын мемлекеттік мекемелердің тапсырысы бойынша кеңес беру» [83, 128]. Білім беру қызметі негізгі болуы мүмкін емес, себебі кәсіби жағынан оқытуды мақсат еткен басқа құрылымдар бар. Бұл пікірді М.Горный, Э.Улахович ұстанады. АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтарында да

магистрлік және докторлық бағдарламалары бар, бірақ ол бірінші кезекті әрі маңызды қызмет болып табылмайды. Бұл қызмет сараптамалық талдау орталықтарының қызметінде қосымша сипатқа ие.

Жариялылық саясат орталығын ресейлік зерттеуші М.Горный сараптамалық талдау орталықтарына қатысты қызметтердің өз кешенін ұсынады (47-сурет) [84]:



47-сурет. Ресей сараптамалық талдау орталықтарының қызметтері

Біздің пікірімізше, жоғарыда аталған қызметтердің арасында, енгізуші қызмет сараптамалық талдау орталықтың негізгі қызметі болуы мүмкін емес, себебі олардың жұмысы ұсыныс кезеңінде аяқталады, ал ұсыныстарды қабылдау негізінен мемлекеттік органдар мен саясаткерлердің құзырына тиесілі болып табылады, сонымен бірге енгізуші қызмет лоббистік топтарға тән. Біздің пікірімізше, ресейлік ғалымдар да көп жағдайда сараптамалық талдау орталықтары өздеріне тән қызметтерді атқармайды, яғни «қызметтердің тым асыра сілтеушілігі» болып табылады. Бұл пікірді ресейлік ғалым Д. Зайцев те ұстанады. Мысалы, олар көп жағдайда саяси партия немесе саяси оппозиция

қызметін атқарады. Ресейдегі сараптамалық талдау орталықтарының даму кезеңдері мен түрлерін бір-бірімен байланыста қарастырған жөн.

Д.Зайцев Ресейдің сараптамалық талдау орталықтарының дамуы жөнінде бірнеше тұжырым ұсынады.

Бірінші тұжырым бойынша [85] Ресейдің сараптамалық талдау орталықтарының дамуы өз бастамасын ХХ ғасырдың 50-60-шы жылдарынан басталады. Бірінші кезеңде партиялық сараптамалық талдау орталықтары қалыптасып, сонымен қатар, академиялық зерттеу институттары дамыды. Екінші кезеңде, яғни ХХ ғасырдың 70-80-ші жылдарында академиялық зерттеу институттары маманданып, ақпарат жинау, талдау жасау, үгіт насихат жүргізу атты 3 бағытта маманданды. Үшінші кезең қайта құрудан бастала отырып, көптеген академиялық зерттеу институттары құрылымдық жағынан реформаларға ұшырап, жаңа мемлекеттік саясатты қалыптастыруға бағытталды. ХХ ғасырдың 80-ші жылдарының аяғы төртінші кезеңді құра отырып, автономды коммерциялық емес ақпараттық зерттеу орталықтарының пайда болуымен ерекшеленеді. Сонымен, Кеңес Одағының ыдырауы сараптамалық талдау орталықтарының ескі жүйесін өзгертіп, жаңа типтегі сараптамалық талдау орталықтарының пайда болуына септігін тигізді. Осы кезеңдегі барлық сараптамалық талдау орталықтарын үш топқа жіктеуге болады:

- 1) келісім шарт негізінде жұмыс істейтін «жеке

меншік» сараптамалық талдау орталықтары;

2) мемлекеттік тарапынан қаржыландырылып, саяси элитаның нақты бөлігі ықпал ететін мемлекеттік сараптамалық талдау орталықтары;

3) зерттеулері қолданбалы сипатқа ие бола отырып, шет елдердің гранттарымен қаржыландырылатын зерттеуші сараптамалық талдау орталықтары.

Екінші тұжырым бойынша [86] Ресейлік сараптамалық талдау орталықтары өз дамуында 4 кезеңнен өтті:

1) 1986-1993 жылдары – саяси режимнің либерализациясы жағдайында автономды сараптамалық талдау орталықтарының пайда болуы

2) 1994-1999 жылдары – саяси режимнің демократизациясы жағдайында автономды сараптамалық талдау орталықтарының дамуы;

3) 2000 – 2007 жылдары – «гибридтік» саяси режим жағдайындағы сараптамалық талдау орталықтарының азаюы;

4) 2008 жылдан – орталықтанған саяси режим жағдайындағы деконцентрация жағдайындағы сараптамалық талдау орталықтары.

Бұл кезеңдер елдегі саяси басшылықтың ауысуымен және сол факторлардың салдарынан мемлекеттегі саяси режимнің өзгеруімен байланысты жасалған. Бірінші тұжырым бойынша сараптамалық талдау орталықтарының дамуы Кеңес одағы кезінен басталса, екінші тұжырым бойынша XX ғасырдың

80-ші жылдарының аяғынан басталады. Осы екі даму кезеңін біріктіріп, Ресейдің сараптамалық талдау орталықтарының дамуын кеңестік дәуірдегі сараптамалық талдау орталықтардың дамуы және Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі сараптамалық талдау орталықтардың дамуы деп екі үлкен кезеңге бөліп қарастырған жөн сияқты. Н.Беляева және Д.Зайцевтің пікірінше, Ресей сараптамалық талдау орталықтарын саяси зерттеулер институты және академиялық, университеттік орталықтарынан тұратын іргелі зерттеу орталықтары, «мемлекеттік тапсырыс» және «ашық нарықтағы» бойынша жұмыс істейтін орталықтардан тұратын келісім шарттық сараптамалық талдау орталықтары, идеологиялық және азаматтық орталықтардан тұратын «қоғамдық мүддеге» сәйкес ықпал ету орталықтары деп бөледі [87].

Ресей ғалымы А.Зудиннің пікірінше, сараптамалық талдау орталықтарын жіктеу үшін саяси және қаржылық дербестік, дербес штаттағы сарапшылардың болуы, жедел талдауға бағытталған, мемлекеттік, сонымен қатар бизнес құрылымдарға көрсететін кеңес беру қызметінің кең ауқымдығы, тапсырыс бойынша, сондай-ақ тарапынан қалыптастырылған зерттеу жұмысы сияқты критерийлер тән болуы тиіс [88, 78]. Осы сипаттамалар негізінде ғана барлық сараптамалық талдау орталықтарды жіктеуге болады. Негізінен, біздің пікірімізше, сараптамалық талдау орталықтарының әлсіз институционалды дамуы болған жағдайда, өзіндік

жіктеме жасау күрделі болып табылады. Ресейде сараптамалық талдау орталықтарының қай салада, не үшін қажеттілігіне талдау жасаса, келесі тенденцияларды аңғаруға болады.

А.Сунгуров талдау орталықтарын төрт негізгі санатқа бөліп көрсетті.

Бірінші топ – айқын байқалатын қоғамдық-саяси миссиясыз ұйымдар, консалтингтік немесе клиенттік типтегі құрылымдар. Олардың қатарына ең алдымен «НикколоМ» және «Имидж-контакт» ұйымдарын жатқызуға болады, бұл алаңда ішінара Саяси технологиялар орталығы (СТО), Тиімді саясат қоры (ТСК) сияқты ұйымдар, ал кейбір жекелеген кезеңдерде (тоқсаныншы жылдардың ортасы мен екінші жартысында) – «Саясат» қоры мен ИНДЕМ8 ұйымы жұмыс істеді.

Екінші топ – қызметінің бағыты сайлау технологиялары емес, атап айтқанда, бұрыннан бар билікке кеңес беру және көпшілік мәселелерін шешуге қатысу болған ұйымдар. Тоқсаныншы жылдары бұл, ең алдымен, ИНДЕМ қоры және «Саясат» қоры, нөлдік — ФЭП, Стратегиялық әзірлемелер орталығы (СЭО) және Қоғамдық жобалау институты (ҚЖИ) (ал оныншы жылдары — Азаматтық қоғамды дамыту қоры және Әлеуметтік-экономикалық және саяси зерттеулер институты болды).

Үшінші топ – бастапқыда «жария саясат орталықтары» ретінде құрылған немесе саяси режимнің сипаты өзгергеннен кейін сондай орталықтарға айналған

ұйымдар.

Төртінші топ – «консервативті бағдарланған» талдау орталықтары. Сергей Кургинянның «Эксперименттік шығармашылық орталығы», Еуразиялық қозғалыстың интеллектуалды және саяси жобаларының жиынтығы [89, 115-137].

Әлеуметтік зерттеулердің сарапшылық институтының пікірінше, сараптамалық талдау орталықтарының келесі түрлері бар:

1) Билік маңындағы құрылымдар, яғни партиямен немесе саяси топпен үлестес насихат орталықтары (advocacy TT) - ангажирленген позиция, идеологиялық артықшылықтар

2) Академиялық талдау орталықтары – сарапшылардың анағұрлым өлшемденген позициясы, академиялық топтардың ашықтығы

3) Тәуелсіз орталықтар, яғни дербес зерттеу орталықтары [90, 4].

Бүгінгі таңда Ресей сараптамалық талдау орталықтарының ерекшеліктері мынада:

✓ **Халықаралық сарапшылар үшін коммуникация**

Зерттеу және сараптама жасау қызметтерінен бөлек делдалдық немесе ынтымақтастық қызметін де белсендіруде, яғни өзіндік халықаралық сарапшылар үшін коммуникация алаңдарын құру.

Мысалы, мемлекетаралық блоктарды және кеңестерді қалыптастыру: «Лев Гумилёв орталығы» ақпараттық-аналитикалық порталы, Ресей-Қазақстан сарапшылары

IQ-Клубы, «Валдай» халықаралық пікірталас клубы, Еуразиялық аналитикалық клуб.

ПИР-орталықтың



«Валдай» халықаралық пікірталас клубы 2004 жылы құрылды. Клуб қызмет еткен жылдары оның жұмысына әлемнің 71 елінен 1000-нан астам халықаралық ғылыми қоғамдастық өкілдері қатысты.

Триалог халықаралық клубы - дипломаттардың, саясаткерлердің, сарапшылардың, журналистердің кездесуі, өзекті аналитика көзі және әлемдік күн тәртібіндегі мәселелерді, жаһандық қауіпсіздік пен Ресейдің әлеммен қарым-қатынасының негізгі мәселелерін талқылауға арналған алаң. Клубтың міндеті

Клуб мүшелерінің Клуб пен серіктестердің тұрақты отырыстарына және басқа да іс-шараларына қатысуы арқылы халықаралық өзара түсіністікті нығайту, Клуб мүшелеріне эксклюзивті ақпараттық материалдар беру және Триалог халықара-лық клубының және серіктестік ұйымдардың қызметкерлері мен сарапшыларына кеңес беру болып табылады.

«Триалог» халықаралық клубының құрамына Чехия, Франция, Германия, Италия, Ұлыбритания, Венгрия, Израиль, Нидерланды, Қазақстан, Жаңа Зеландия, Пәкістан, Румыния, ОАР, Испания, Швейцария, Түркия елшіліктері, Мәскеудегі НАТО Ақпараттық бюросы және т. б., сондай-ақ бірқатар ірі халықаралық және ресейлік компаниялар кіреді.

✓ **Әдіснамалық және әдістемелік бағыттылық**

Екінші ерекшелігі - мемлекеттер мен шетелдік мемлекеттік емес акторлардың қызметін бағалау: рейтингілеу, индекстерді және т. б. әзірлеу. Ресейлік талдау орталықтары қызметінің негізгі инновациялық бағыттарының бірі индекстерді құру болып табылады.

2005 жылдың көктемінде Ресей СІМ МХҚМИ Қоғамдық жобалау институтымен және «Эксперт» журналымен бірлесіп «Қазіргі заманның саяси атласы» жобасын әзірледі. Жобаның мақсаты — әлемнің барлық 192 елін кешенді салыстырмалы талдауды жүзеге асыру, олардың көп өлшемді жіктемесін әзірлеу және әлемдік саяси құрылымдардың динамикасын талдауды жүзеге асыру. Бұл саяси компаративистика әдістерімен қатар, деректердің уақытша қатарында көп өлшемді статистикалық талдаудың әртүрлі әдістері (регрессиялық, кемсітушілік, кластерлік, басты компонент әдісі және т. б.) пайдаланылған пәнаралық сипатқа ие алғашқы жаһандық жобалардың бірі болды. Жоба 2014 жылға дейін жалғасты.

ҚПЗБРО және «Валдай» халықаралық пікірталас клубы 2017 жылы G20 елдерінің уақыттың қазіргі сын-тегеуріндеріне жауап беруге дайындығын бағалауға бағытталған «Елдердің болашаққа дайындық индексі-2019» бірлескен жобасын іске қосты. 20 мемлекеттің индексі 10 бағыт бой-



ынша бағаланады. «Болашаққа дайындық индексі» жобасының міндеті – елдердің ертеңгі күннің сын-тегеуріндеріне жауап беруге дайындығын, олардың болашақ сценарийлеріндегі рөлін, экономикалық, саяси өлшемдердің тұтас қатары бойынша бәсекеге қабілеттілігін, салалар мен әлеуметтік инфрақұрылымның дамуын ұдайы талдау. Индекс статистикалық көрсеткіштерге және сараптамалық бағалауларға негізделеді.

Сонымен қатар, мысалы, НАФИ Талдау орталығы «Шағын және орта бизнесті цифрландыру индексі» шығарады, «Эксперт» талдау орталығы түрлі ЖОО факультеттерін салыстыруға мүмкіндік беретін ресейлік университеттердің рейтингін дайындайды.

✓ **Сарапшылық дипломатия және бірлескен баяндамалар**

Саяси диалогтың барлық арналары жабылған уақытта мемлекеттер арасындағы шиеленісудің, келіспеушіліктер мен дағдарыстардың пайда болу кезеңінде балама ретінде сараптамалық дипломатия туындайды. Украина дағдарысынан кейін Ресей мен Батыс елдері арасында басталған дипломатиялық оқшаулау.

Ресейлік «талдау орталықтары» қатысатын сараптамалық дипломатия форматтарының бір бөлігі Ресей мен АҚШ және олардың одақтастары арасындағы қарым-қатынастардағы дағдарыстың алдындағы кезеңде қалыптасты. Мұндай форматтардың қатарына, мысалы, 2001 жылы негізі қаланған Ресей мен Германияның

«Петербург диалогы» атты азаматтық қоғамдар форумын жатқызуға болады.

2013 жылы Еуропа көшбасшылық желісі (European Leadership Network, ELN) талдау агенттігінің басшылығымен орталығы Лондонда болған және Халықаралық істер жөніндегі Ресей кеңесі, Польшаның халықаралық қатынастар институты мен Түркияның халықаралық стратегиялық зерттеулер институты қатысқан «Кеңейтілген Еуропадағы ынтымақтастық» жобасы жүзеге асырылды.

Ресей мен ЕО елдері арасындағы диалогты дамытуға ықпал ететін Мәскеу Карнеги орталығы мен ЕО-Ресей (EUREN) сараптамалық желісінің бірлескен жобасы іске асырылуда. Жаңа жобаның негізгі міндеті — Ресейде ЕО мен Ресей арасындағы қарым-қатынастар туралы кәсіби пікірталасқа арналған платформа құру.

2017 жылдың қаңтар айында Герман-Ресей форумы (Deutsch-Russisches Forum) «Мәскеу әңгімелері» жария қоғамдық пікірталастар бағдарламасын бастады.

Ресей талдау орталықтары мемлекетаралық өзара іс-қимылдың қолайлы нұсқаларын және әлемдік саяси даму сценарийлерін бірлесіп іздеуге қатысады және нәтижелері бойынша халықаралық сараптамалық баяндамалар дайындайды. «Валдай» халықаралық пікірталас клубы, РФА ӘӘХҚИ және Ресей халықаралық істер жөніндегі кеңесі осы бағытта белсенді жұмыс істейді.

Мысалы, 2016 жылы РҒА ӘӘХҚИ екі халықаралық зерттеуді ұсынды – «Сыни сәттегі жаһандық жүйе: жаңа бірқалыптылыққа жол» (Atlantic Council-мен бірлесіп), сондай-ақ «Азия-Тынық мұхиты өңіріндегі Ресей және АҚШ» (International Institute for Strategic Studies-бен бірлесіп) 2017 жылы ХІРК және Стратегиялық және халықаралық зерттеулер орталығының мамандары «Ресей-Америка қатынастарының жол картасы» атты баяндама дайындады. 118 бет көлеміндегі баяндамамен 2 жетекші талдау орталығының 17 қызметкері айналысты.

✓ **Жас сарапшыларды жүйелі түрде дайындау**

РХІК Ресей Журналистер одағымен және «Халықаралық өмір» журналымен бірлесіп, «Интерфакс» АА мен «Ресей жаһандық саясатта» журналының қолдауымен тұрақты түрде Халықаралық мәселелерімен айналысатын журналистер конкурсын өткізеді. Жоба серіктестері: Газета.ру интернет-басылымы, «Эксперт» медиахолдингі.

Конкурсқа қатысуға халықаралық мәселелер бойынша бес номинацияда материалдар қабылданады және оның ішінде «Үздік талдау мақаласы» номинациясы (22 жасқа толған және 36 жасқа толмаған қатысушылар арасында)» бар [91].

ПИР-Орталық жылына 3 рет конкурстық негізде жас мамандарға арналған тағылымдама ұйымдастырады. Аймақтық жоғары оқу орындарының студенттері

үшін тағылымдамадан өту кезінде Мәскеуде жол жүру мен тұру шығындарын ішінара өтейтін стипендия қарастырылған.

Тағылымдама шеңберінде студенттер өз зерттеу жобасын дайындайды, онымен жұмыс барысында тағылымгерге ПИР-Орталық қызметкерлері мен кеңесшілерінен кәсіби кеңес алу мүмкіндігі беріледі, олар мемлекеттік және ғылыми ұйымдардың сарапшыларымен кездеседі, ПИР-Орталық пен серіктестердің ғылыми-зерттеу және ақпараттық жобаларына қатысады [92].

Сыртқы және әлемдік саясат саласындағы жас зерттеушілер мен аналитиктерге арналған зияткерлік конкурстардың көпшілігін Горчаков қоры басқа да құрылымдармен бірлесіп ұйымдастырады. Мысалы, 2019 жылы Горчаков қоры мен Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің қолдауымен Ресей СІМ Дипломатиялық академиясы «Халықаралық қауіпсіздік жүйесінің болашағы. НАТО-мен бе немесе онсыз ба?» конкурсының өткізілетіні туралы хабарлады.

Сондай-ақ, 2019 жылы Е.М.Примаков атындағы Сыртқы саяси ынтымақтастық орталығы А.М.Горчаков атындағы Жария дипломатияны қолдау қорымен бірлесіп бакалавриат және магистратура студенттерін, сондай-ақ Балқан өңірін зерттеу саласындағы мамандарды Балқан проблематикасы бойынша студенттік ғылыми-талдау жұмыстарының халықаралық конкурсына қатысуға шақырады.

Сондай-ақ, «Еуропалық диалог» топтары 2019 жылы жас аналитиктер арасында «Ресей, Еуропа, әлем» талдау мақалаларының ұлттық конкурсын өткізді.

2015 жылы құрылған Е.М. Примаков атындағы Сыртқы саяси ынтымақтастық орталығы аймақтық әлемдік саясат мәселелері бойынша студенттік ғылыми-талдау жұмыстарының халықаралық байқауларын өткізеді. Ресей ғалымдарының пікірлерін қорытындылай келе, ең алдымен Ресейде сараптамалық талдау орталықтарының дамуы сапалы тиімді басқару үшін қажет. Осы пікірдің қаншалықты деңгейде Ресей үшін маңызды екенін ғалымдардың пікірлері де аңғартады. Мысалы, А.Нещадиннің пікірінше, «тәуелсіз сараптамалық талдау орталықтарының дамыған құрылымынсыз сапалы деңгейде мемлекетті басқаруда мүмкін емес» [93]. Тиімді мемлекеттік басқару мемлекеттік органдардың дұрыс ұйымдасуы өзара әрекеттесуі мен өзара қарым қатынасының механизмдеріне негізделеді. Кейде жедел дұрыс шешімді қабылдау мемлекеттік органдардың тиімді өзара әрекеттесуіне байланысты болады, сол себепті тиімді мемлекеттік басқаруды дұрыс ұйымдастырылуының ғылыми негіздемесін жасау үшін сараптамалық талдау орталықтарын да қатыстырған жөн.

Сонымен бірге, Е. Ковалишиннің пікірінше, елді тиімді басқару үшін ең алдымен жеткілікті деңгейде талдау жұмысын игерген кәсіби маманданған сарапшылар қажет. Тиімді мемлекеттік саясат дегеніміз не? Оны

тек тәуелсіз сараптамалық талдау орталықтарының көмегімен қамтамасыз ете аламыз [94].

Сараптамалық талдау орталықтарының қажеттілігін гуманитарлық саланың ғалымдары ғана емес, басқа ғылым салаларының өкілдері де талқылайды. Ресей математигі Г. Малинецкий сараптамалық талдау орталықтарының қызметінде болжамдардың, даму сценарийлерінің, талқылаулардың жоқтығын қазіргі уақыттағы Ресейдің дәрменсіздігі деп атайды. «Егерде Ресейдің өзінің дербес сараптамалық талдау орталықтары болмаса, ол міндетті түрде осындай болжам, талдау құрылымдары бар елдердің қолындағы ойыншыққа айналады. Ресейдің болашағы, мүмкіншіліктері туралы сөз қозғау үшін, ең алдымен күшті сараптамалық талдау орталықтарын иелену қажет» [95]. Ресейдегі сараптамалық талдау орталықтарының даму деңгейіне деген пікірлер бір жақты емес. Ресей ғалымдарының зерттеулеріндегі пікірлерді жалпылай келе, оларды шартты түрде сыни және бейтарап деген екі блокқа бөлуге болады.

Бірінші топқа В.Глазычев, О.Митрошенков, Н.Злобин пікірлерін жатқызуға болады. Олардың пайымдауынша, сараптамалық талдау нарығы жоқ, сараптамалық талдау орталықтарының тәуелсіздігі жөнінде айту мүмкін емес, себебі ол жүйе, институт, құбылыс ретінде қалыптаспаған [96]. Ресейдің сараптамалық талдау орталықтары сарапшылардың нақтылы қауымдастығы ретінде толық қалыптаспағанмен, біршама деңгейде,

әсіресе, жергілікті деңгейде дамыған. Жергілікті деңгейде сайлаудың кең етек алуы осы тенденцияның дамуының басты себебі болды деп есептейміз.

Екінші топқа А.Нещадин, Е.Ковалишина, Ю.Наумованың пікірлерін жатқызуға болады. Олардың пайымдауынша, Ресейде сараптамалық талдау орталықтары тек талқылайды, ал өзінің зерттеулерін жүргізбейді, сонымен бірге олар тәуелсіз принципіне сәйкес қызмет атқармайды, ол өз алдына толыққанды қаржыландырудың жоқтығынан туындайды. Сонымен, Ресейде сараптамалық талдау орталықтары бар, бірақ тиімді қызмет атқармайды, саясатқа тікелей түрде араласып, өз ықпалын толығымен жүргізе алмайды.

Математик ғалым Д.В.Леоновтың пікірінше, сараптамалық талдау орталықтарының тиімсіздігінің негізгі себептері сараптамалық талдау орталықтарының:

1) құрылымының әлсіз мобильділігі және тиімсіз нарықтық стратегиясы;

2) жобалық менеджменттің жоқтығы;

3) делиберативті процесті дамытуға, жариялылық саясат саласын қалыптастыруға мақсатты түрде бағытталған жұмысының болмауы;

4) талдау мәтіндерін кеңес беру сипатындағы мәтін түрінде, өз баяндамаларында ұсыныстар бере алмауы болып табылады [97]. Яғни, жоғарыдағы мәселелерді талдай келе, сараптамалық талдау орталықтарының дамуына мемлекет қана емес, сараптамалық талдау орталықтарының өздері де ықпалын тигізуі қажет. Кей-

де сараптамалық талдау орталықтарының тиімсіздігі мемлекеттік органдар тарапынан жекеменшік немесе мемлекеттік емес сараптамалық талдау орталықтарымен ынтымақтастығын орнатуға заңнамалық негіздің қамтамасыз етілмеуінен туындайды.

Сараптамалық талдау орталықтарының мемлекеттік билік органдарымен өзара әрекеттесу үдерісіндегі негізгі мәселелер көптеген шенеуніктердің саяси шешімдерді ақпараттық талдаулық қолдау көрсетудің жаңа үлгілерін қабылдамауынан, саяси шешімдерді ақпараттық талдау жағынан қолдау көрсетудің жаңа түрлерін заңдастыру саласындағы заңнаманың жетілмегендігінен, сапасыз зерттеу әдістерінен, билік саласында да, жариялылық саясат саласында да кәсіби дайындалған тиісті мамандардың болмауынан, мемлекеттік органдардағы көптеген ақпараттың жабықтығынан, қоғам мен билік арасындағы өзара байланысты қалыптастырушы тиімді механизмдердің болмауынан туындайды.

Әлеуметтік зерттеулердің сарапшылық институтының бүгінде Ресей сараптамалық талдау орталықтарының қызметінде келесі мәселелер кедергі болуда (48-сурет) [98]:

жеткіліксіз қаржыландыру және әлсіз инфрақұрылым	зияткерлік элита өкілдерінің әлсіз "айналымы"
<ul style="list-style-type: none">• Жоғары мектеп пен РФА құрылымдарындағы «ұрпақтар алшақтығы» ғылыми мектептердің дамуын, ел мен әлем ауқымындағы шығармашылық командалардың экспансиясын тежейді	<ul style="list-style-type: none">• revolving doors, яғни мемлекеттік қызметтен, жария саясаттан академиялық ғылымға, білімге, корпоративтік секторға және кері қарай ауысу үнемі жұмыс жасай бермейді

48-сурет. Ресей сараптамалық талдау орталықтары жұмысындағы кедергілер

Сонымен қатар, кәсіби мамандардың, әсіресе саясаттанушылардың жетіспеушілігі, сарапшылардың PR мамандарына айналуы, биліктің орталықтануы, азаматтық қоғамның әлсіз дамуы, үлкен бюрократиялық аппараттың болуы А.Зудиннің пікірінше, Ресей сараптамалық талдау орталықтарының әлемдік санаттағы сараптамалық талдау орталықтарының қатарына қосылмауының негізгі себептері болып табылады.

Ал Д.Зайцевтің пікірінше, сараптамалық талдау орталықтарының саяси мәртебесін көтеруге бірнеше шектеулер, яғни саяси үдерістің төмен бәсекелестігі және саяси институттардың әлсіздігі, бір ғана қаржы көзінің басымдығы, сараптамалық өнімдердің қолданбалы сипатының жоқтығы, өзінің сараптамалық өнімдерін тарату тәсілі ретінде маркетинг пен ғаламтордағы толық деңгейде пайдаланбауы өз әсерін тигізеді [99].

Жалпы алғанда, Ресей сараптамалық талдау орталықтарына тән мәселелерді зерттей келе,

сараптамалық талдау орталықтарының дамуында кедергі болатын негізгі іргелі 3 мәселені анықтауға болады:

- 1) сараптамалық қауымдастықтан жеке тұлғалық принциптің басым болуы;
- 2) азаматтық қоғамның толық қалыптаспауы;
- 3) қаржы механизмдерінің дамымағандығы.

Ресей сарапшыларының кәсіби жолында өзіндік тігінен мобильділіктің болмауы Ресей сараптамалық талдау орталықтары қауымдастығына тән. Қазіргі сараптамалық қауымдастық бұрынғы танымал сарапшылардан ғана тұратын жабық кеңістікті құрайды. Ол Ресейдегі саяси үдерістің жеке тұлғалық сипатқа ие болуынан туындаған тенденция деп тұжырымдаймыз. Мысалы, АҚШ сараптамалық талдау орталықтары нақтылы ұйыммен танымал болса, Ресейде сараптамалық талдау орталығы емес, сарапшы үлкен рольге ие болады, яғни қауымдастық, топтық идентификация қалыптаспаған. Ал сараптамалық талдау орталықтарының жұмысы негізінен топтық, ұжымдық, командалық принцип негізінде ғана тиімді жүзеге асады.

Ресейде азаматтық қоғам мемлекетке бәсекелес емес, егерде мемлекет өз тарапынан азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуына өзіндік қолдау көрсетпесе, сараптамалық талдау орталықтарының дамуы да мүмкін емес. Себебі, посткеңестік елдердің сараптамалық талдау орталықтары тұжырымдасы азаматтық қоғам тұжырымдамасының ажырамас бөлігі. Сараптамалық

талдау орталықтарын қаржылай көмек көрсету дәстүрінің және ғылыми зерттеу жұмыстарын қолдауға бағытталған демеушілік институттың әлсіздігі Ресей сараптамалық талдау орталықтарының дамуындағы өзекті мәселелердің қатарына жатады. Ресейде сараптамалық талдау орталықтарына деген сұраныстың болмауынан зерттеушілер көп жағдайда оқытушылық жұмысқа ауысып, шетелдік гранттар мен жобаларға тәуелді болып отыр.

Ресейдің сараптамалық талдау орталықтарының дамуындағы мәселелерге қарамастан ***негізгі келесі ерекшеліктерін атап өтуге болады:***

1) Кеңес Одағының ыдырағаннан кейін бірнеше зерттеу институттарының негізінде жаңа мемлекеттік, жеке меншік сараптамалық талдау орталықтарының дамуына жинақталған мәліметтер базасы, әдіснамалық негіз, ғылыми кадрлардың болуы жағымды әсер еткен фактор болды;

2) Ресейде сараптамалық талдау орталықтары саны жағынан біршама деңгейде дамып, саяси билікпен, мемлекеттік органдармен, шетелдік әріптестермен, азаматтық қоғам зерттеушілерімен де қарым-қатынас механизмдерін жетілдіруде;

3) Ресей сараптамалық талдау орталықтарының жұмысында тұлғалық принцип топтық, командалық принципке қарағанда басым, яғни сараптамалық талдау орталығының танымалдылығына, беделіне аты танымал сарапшының болуы маңызды;

4) Ресей аймақтық деңгейде сараптамалық талдау орталықтарын, соңғы 2-3 жылда федерацияның әлеуметтік-экономикалық дамуына талдау және мониторинг жүйесін құруда белсенді дамытуда;

5) Ірі әрі танымал, беделді сараптамалық талдау орталықтары тарапынан жас мамандарды және сарапшыларды дайындау механизмдері мен әдістерін дамытуда;

6) қоғамдағы саяси институттардың, азаматтық қоғамның әлсіз дамуынан сараптамалық талдау орталықтары өзіне тиесілі негізгі қызметтермен қатар, саяси партияға, басқа саяси құрылымдарға тән қызметтерді атқарады, ал сараптамалық талдау орталықтарының жұмысындағы қызметтердің алуан түрлілігі даму үдерісін тежейді.

Жалпы алғанда, Ресейдегі сараптамалық талдау орталықтарының дамуында зерттеулер тақырыбының диверсификациясы, нақтылы мамандану принципінің басымдығы, әлемдік деңгейде халықаралық бірлескен іс-шаралар мен баяндамаларды жүзеге асыру бағыттылығы келешектегі дамудың негізгі бағыттары болады.

3. ҚСЗИ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰҢҒЫШ АНАЛИТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ: 25 ЖЫЛДЫҚ ТӘЖІРИБЕ

3.1 Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты: дамуы және бағыттары

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 1993 жылғы 16 маусымда құрылған (49-сурет).

ҚСЗИ Қазақстандық менеджмент, экономика және болжау институтының Стратегиялық зерттеулер орталығы базасында құрылды. ҚМЭБИ заманауи стандарттар бойынша жұмыс істейтін алғашқы жаңа сапалы білім беру мекемесі болды. ҚМЭБИ бұрынғы Жоғары партия мектебінің базасында құрылғаны мәлім. Осылайша, Елбасының шешімі республиканың кезіндегі кадрлық қоры жаңа сапада қалыптасатын институтты қайта құруға бағытталды. ҚМЭБИ әлі күнге дейін жұмыс істейді. Оның жанында Ұлттық мемлекеттік басқару мектебі жұмыс істеген еді, ол кейіннен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы болды.

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының (әрі қарай - Институт) құрылған күнінен бастап оның негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының стратегиялық аспектілерін аналитикалық қамтамасыз ету.




49-сурет. ҚСЗИ құру туралы жарлықтар

С.Әкімбековтың пікірінше, «Сол бір 1993 жылы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының құрылуы жаңа тәуелсіз мемлекеттің интеллектуалды кеңістігін қалыптастырудағы маңызды кезең болды. Осы уақытта Қазақстанда мемлекеттік құрылыс процестерінің белсенді жүргізілгенін және барлық тиісті мемлекеттік институттардың іс жүзінде жаңадан құрылғанын ескерсек, бұның маңызы зор болды» [100].

ҚСЗИ Қазақстанда және оның стратегиялық және қоғамдық-саяси санасында маңызды орын алады (50-сурет). Бір жағынан, институт мемлекет саясатындағы жұмыс құралы болды. Екінші жағынан, ол елдің


зияткерлік әлеуетінің айнасы болды. ҚСЗИ-да өзекті тақырыптарға арналған көптеген монографиялар жарық көрді, ал институт интеллектуалды кеңістікте тұрақты негізде белсенді қатысады:



50-сурет. ҚСЗИ қызметінің негізгі бағыты

2014 жылға дейін Институт Алматы қаласында қызмет етіп, 2014 жылдың шілдесінен Нұр-Сұлтан қаласында жұмысын жалғастыруда.

Институттағы зерттеу және аналитикалық жұмыс негізінен Қазақстандағы әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-экономикалық және сыртқы саяси үдерістерді талдауға бағытталған (51-сурет).



51-сурет. ҚСЗИ қызметінің негізгі бағыттары

Әлеуметтік-саяси үдерістер шеңберінде елдегі ішкі саяси жағдайына талдау, оның ішінде қоғамдық-саяси

ахуалға мониторинг, қоғамдық-саяси үдерістерді болжау және модельдеу, саяси институттардың, азаматтық қоғам дамуы, ашық үкімет, мемлекеттік органдардың ашықтығы мен транспаренттілігі, азаматтар тарапынан мемлекеттік органдарды бақылау механизмдері, ақпараттық трендтерге, ұлтаралық және конфессияаралық қатынастарға, діни экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет мәселелеріне талдау жүргізіледі.

Әлеуметтік-экономикалық үдерістер аясында әлеуметтік саясат және даму мәселелері, еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайына мониторинг, әлемдік экономиканың даму қарқынын зерттеу және оның Қазақстан экономикасына әсерін талдау, өңірлік дамуды бағалау, урбанизация және көші-қон үдерістерін, экономикалық қауіпсіздігі мәселелерін зерттеу жүргізіледі.

Сыртқы саясаттағы мемлекеттердің стратегияларына сараптама жасау, халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді анықтау, шекаралас елдердің ішкі саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуына мониторинг жүргізу, Қазақстанның Ресеймен, Қытаймен, АҚШ-пен, Түркиямен, Орталық Азия, Еуропалық Одақ елдерімен екі жақты қарым-қатынастарына, аймақтық және жаһандық деңгейлердегі интеграциялық үрдістерді, халықаралық қауіпсіздік және Қазақстанның бітімгершілік бастамалары мен шешімдеріне талдау жасау сыртқы саясат бағытындағы зерттеулер кешенін құрайды.

ҚСЗИ ұзақ уақыт бойы Қазақстанның жалғыз «ақыл-ой» фабрикасы болды. Осы жылдар ішінде ҚСЗИ мен мемлекеттік басқару органдары арасында кадрлардың тұрақты түрде алмасуы жүрді және бұл оның ең басты ерекшелігі болды. Бұл институттың мемлекетті басқарудағы қажеттілігімен қатар, оның жұмыс нәтижелерінің көрінісі болып қана қоймай, сонымен бірге мемлекетті басқару үшін тиісті тәжірибесі бар адамдардың қажеттілігін көрсетеді.



52-сурет. 1993-2019 жылдар аралығындағы Институт басшылығы

ҚСЗИ жетістіктерінің бірі – ол көптеген қоғамдық және мемлекеттік қайраткерлер үшін нағыз кадрлар шеберханасы, болашаққа трамплин болып табылады. Бүгінде отандық сараптама алаңында маңызды рөл атқаратын көптеген қазақстандық сарапшылардың жаңа сараптамалық алаңдардың, оның ішінде Әлемдік экономика және саясат институты (ӘЭСИ) сияқты орындардың негізін қалаған ҚСЗИ-да жұмыс тәжірибесі бар.

ҚСЗИ кадрлық әлеуетті және жалпы стратегиялық зерттеулерді қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Ол арқылы өңірлік ішкі саясат басқармалары үшін әдістемелік жұмыс жүргізілді. Әрине, институт Мемлекет басшысы мен Президент Әкімшілігінің басшылығы үшін аналитикалық өнімнің негізгі жеткізушілерінің бірі болып саналады.


ҚСЗИ басқа талдау ұйымдарының арасында едәуір зерттеу тәжірибесіне ие. ҚСЗИ бірқатар тақырыптар мен бағыттар бойынша Қазақстандағы ғана емес, жалпы кеңестік кезеңнен кейінгі өңірдегі жетекші сараптамалық орталық болып табылады.

М.Әшімбаевтың пікірінше «Институттың негізгі артықшылығы оның кадрлық әлеуеті болып табылады. Институт әр түрлі құрылымдар мен ұйымдарға арнап аналитик кадрларды дайындайтын негізгі шеберхана және жеткізуші рөлін әрдайым атқарып келеді» [101]. Институттың көптеген бұрынғы қызметкерлері бүгінде Президент Әкімшілігі, Үкімет, Қауіпсіздік кеңесі және т. б. құрылымдарында жетекші позицияларда жұмыс істейді.

Қазақстанда да ҚСЗИ аналитикалық орталықтарға тән «айналмалы есік» механизмі қызметін орындайтын ұйымдардың бірі және мемлекеттік қызметте жоғары лауазымдық тұлғаларға тек бірнеше ғана мысал келтіріп көрсетейік:

Қазіргі таңда институтта саясаттану, әлеуметтану, мемлекеттік басқару, тарих, экономика және

халықаралық қатынастар секілді салалардың танымал мамандары – ҚР ҰҒА екі корреспондент-мүшесі, тоғыз ғылым докторы, бес ғылым кандидаты, төрт Ph.D. мен он екі ғылым магистрі қызмет атқарады (53-сурет).



53-сурет. ҚСЗИ ғылыми әлеуеті (пайызбен)


Талдау жұмысы, біріншіден, ішкі саяси, сыртқы саяси, экономикалық оқиғаларды, жағдайды, процестерді талдау жүйесі, екіншіден, оның көмегімен әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайдың дамуына болжам жасауға болатын талдау жүйесі, үшіншіден, бұл әлеуметтік-экономикалық және саяси саладағы қандай да бір шешімдерді ұсынуға мүмкіндік беретін талдау жүйесі болып табылады (54-сурет).

Талдау баяндамасы – іргелі талдау жұмысының жанры. Баяндама жазу проблемалық аймаққа шолу жасауды немесе қойылған мәселелерді терең, жан-жақты

қарастыруды көздейді. Әдетте, талдау баяндамасы мамандар ұжымының жұмысын болжайды.

Талдау жазбасы – аналитикалық шығармашылықтың ең танымал жанрларының бірі. Аналитикалық жазбаның айрықша ерекшелігі – салыстырмалы түрде аз көлемділігінде (1-2 б.б.). Әдетте, аналитикалық жазба бір сұраққа немесе тақырыпқа арналады. Мазмұны бойынша проблемалық жағдайдың егжей-тегжейлі талдауын, сондай-ақ проблеманы шешу жөніндегі ұсыныстар негіздемесін қамтуы мүмкін.

БАҚ мониторингі - бұл келіп түсетін ақпараттың барлық ауқымын өңдеу ғана емес. Баспасөз шолуының көмегімен қандай да бір науқандарды жоспарлауға, стратегиялық бағдарламаларды әзірлеуге және тактикалық қадамдар жасауға болады.



54-сурет. ҚСЗИ сараптамалық талдау жұмысы

М.Әшімбаев атап өткендей, «саяси аналитиканың неғұрлым сәйкес және функционалдық анықтамасы

мыналар болып табылады: бұл ішкі саяси және сыртқы саяси оқиғаларды, жағдайды, процестерді талдау жүйесі; бұл ол арқылы саяси жағдайдың дамуына болжам жасауға болатын талдау жүйесі; бұл саяси салада қандай да бір шешімдерді қабылдауға мүмкіндік беретін (ұсынатын) талдау жүйесі» [102].

3.2 Ғылыми кеңістіктегі Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты

Қазақстандық қоғамды дамытудағы өзекті мәселелерді талқылау үшін, сондай-ақ жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін талқылау үшін ҚСЗИ түрлі форматтарда сараптамалық талқылауларды ұйымдастырады және өткізеді. Іс-шаралар тақырыбы ішкі саясат, сыртқы саясат, сондай-ақ экономикалық үдерістер мәселелерін қамти отырып, едәуір әркелкіленеді.

ҚСЗИ түрлі форматта ғылыми-ұйымдастыру іс-шараларын (55-сурет): халықаралық конференцияларды, сараптамалық талқылаулар мен кездесулерді, дөңгелек үстелдерді, ҚСЗИ кітаптары мен журналдарының презентацияларын, баспасөз конференцияларын, хаттамалық іс-шараларды (ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қою рәсімдерін), семинар-тренингтерді, шетелдік журналистерге арналған баспасөз-брифингін, тарихи-деректі және кітап көрмелерін өткізеді.




55-сурет. ҚСЗИ іс-шараларының негізгі форматтары

Ғылыми конференциялардың пайдалылығы мен құндылығы **Коллинз әсеріне** негізделеді, онда тіптен ғалымдардың өздерінің жарияланымдарымен қарқынды алмасуға тартылғаны, олар өздеріне пайдалы ақпаратты бейресми ғылыми қарым-қатынас процесінде алатыны айтылған болатын және бұл заңдылықты түсіну оңай. Біріншіден, мұндай қарым-қатынас барысында пайда болатын ақпарат болмаса, бірде-бір ғылыми мәтінді дұрыс түсіну мүмкін болмайды.

Әсерді Пенсильвания университетінің әлеуметтану профессоры Рэндалл Коллинз сипаттаған [103]. Тәжірибе көрсеткендей, ғылыми конференцияларды өткізу қарапайым ғылыми қызметке қарағанда анағұрлым пайдалы болып табылады. Конференция өз

алдына ғылыми жұмысты толықтай алмастыра алмайды, бірақ олар осы қызметті толықтыра алады. Ғылыми конференциялар тәжірибе бөлісуге, ғылыми тақырыптарда қарым-қатынас жасауға, басқалардың жаңалықтарымен танысуға ғана емес, сонымен қатар өзінің жаңалықтарын жан-жақты ашуға, олардың дұрыстығына және т. б. көз жеткізуге мүмкіндік береді.


Ғалымдардың, аспиранттардың, студенттер мен бизнес өкілдерінің іскерлік және ғылыми коммуникациясының беделді алаңдары нәтижелерді талқылауға және жаңа ғылыми жетістіктерді қорытындылауға, заманауи білімді дамытудағы жаңа бағыттарды айқындауға мүмкіндік береді. Өткізілген халықаралық конференциялар, дөңгелек үстелдер, сараптамалық кездесулер және басқа да ғылыми-ұйымдастыру іс-шараларының саны суретте көрсетілген (56-сурет).



56-сурет. Халықаралық конференциялар, дөңгелек үстелдер, сараптамалық кездесулер, басқа да ғылыми-ұйымдастыру іс-шараларын өткізу (2007-2018)

ҚСЗИ қызметкерлері түрлі ғылыми іс-шараларға, соның ішінде ғылыми конференциялар мен дөңгелек үстелдерге, ғылыми семинарларға, сараптамалық кездесулерге белсене қатысады (57, 58-суреттер).

Сондай-ақ қызметкерлер шетелдік ғылыми-талдау орталықтары ұйымдастырған конференцияларға қатысады және оларда сөз сөйлейді. Мысалы, тек 2018 жылы ғана Институт қызметкерлері қазақстандық ғылыми іс-шаралар аясында 197 баяндама жасап, Ауғанстанда, Австрияда, Германияда, Иранда, Қытайда, Корея Республикасында, Қырғызстанда, Пәкістанда, Ресейде, АҚШ-та, Тәжікстанда, Өзбекстанда өткен шетелдік конференцияларға қатысқан болатын.




57-сурет. ҚСЗИ қызметкерлерінің 2007-2018 жж. конференциялардағы сөз сөйлеулері



58-сурет. ҚСЗИ қызметкерлерінің қазақстандық және шетелдік конференциялар бөлігіндегі сөз сөйлеулері (2011-2018 жж.)

Зерттеу нәтижелері шеңберінде Институт жұртшылыққа қолжетімді аналитикалық әртүрлі өнімдерді: кітап басылымдарын, соның ішінде авторлық және ұжымдық монографияларды, конференциялар мен дөңгелек үстелдер материалдарының жинақтарын, материалдар мен құжаттар жинағын, библиографиялық көрсеткіштерді, сұхбат жинағын, ұжымдық талдау баяндамаларын, әлеуметтік зерттеулер материалдарының жинағын, ақпараттық-талдау брошюраларын, ақпараттық-анықтамалық материалдарды, әдістемелік құралдарды дайындайды.

Институт қызметкерлері жыл сайын кітап басылымдарын, оның ішінде авторлық және ұжымдық монографияларды, конференциялар материалдары мен мақалалар жинақтарын, библиографиялық көрсеткіштерді жариялайды (59-сурет).



59-сурет. ҚСЗИ басылымдары (кітаптар, материалдар жинақтары, журналдар) (2007-2018)

Институт қызметкерлері сондай-ақ ғылыми-талдау материалдарын (ғылыми мақалаларды, ұжымдық монографиялардағы бөлімдер мен мақалалар жинақтарын) ҚСЗИ басылымдарында, басқа да қазақстандық басылымдарда, шетелдік ғылыми журналдар мен жинақтарда жариялайды (5-кесте).

5-кесте. ҚСЗИ қызметкерлерінің басылымдар бөлігіндегі ғылыми жарияланымдары (2011-2018)

Жылдар	Жалпы саны	ҚСЗИ басылымдарында	Басқа қазақстандық басылымдарда	Шетелдік ғылыми журналдар мен жинақтарда
2011	252	186	28	38
2012	219	139	50	30
2013	250	150	51	49
2014	144	85	33	26
2015	82	39	20	23
2016	58	22	18	18
2017	97	54	21	22
2018	104	58	33	13

2018 жылы Институт Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының құрылғанына 25 жыл толуына арналған библиографиялық көрсеткіш шығарды. Көрсеткіде ұжымдық және жеке монографиялар, ғылыми конференциялар мен дөңгелек үстелдер материалдары, ғылыми еңбектер жинағы, сондай-ақ анықтамалық-әдістемелік, мерзімді және электрондық басылымдар туралы ақпарат енгізілген.

Елдің алғашқы «ақыл-ой» орталығы құрылған сәттен бастап ҚСЗИ-дың маңызды бағыттарының бірі баспа қызметі болды. 25 жыл қызметі барысында (1993 ж. бастап, 2018 ж. мамырына дейін) Институт **300-ден астам** басылымдарды жариялады. Оның ішінде 210 жеке және ұжымдық монографиялар, 100-ден астам ғылыми жұмыстар материалдары жинағы, 10 анықтамалық-әдістемелік басылым бар.

Сонымен қатар, 25 жыл ішінде ҚСЗИ-дың «Қазақстан Спектр», «Analytic» (2000-2012 жылдар), «Қоғам және Дәуір», «Central Asia's Affairs» сияқты мерзімді басылымдарының **279 нөмірі** жарық көрді.



**6-кесте. ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ
журналдарының статистикасы
(2019 жылғы желтоқсанға дейінгі күйі бойынша)**

№	Журнал	Шығарыла бастаған жылы	Шығарылған нөмірлер саны	Жарияланған мақалалар саны
1	Қоғам және Дәуір	2004	64	700
2	Казахстан-Спектр	1994	90	911
3	Analytic	2000-2012	70	700
4	Central Asia's Affairs	2003	76	458

Азғантай санын есептегенде, ҚСЗИ-дың толықтай дерлік баспадан шығарған жұмыстары электронды түрде kaziss.kz (kisi.kz) сайтында «Кітапхана» бөлімінде орналастырылған.

ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ ғылыми кітапханасы «ақыл-ой» орталығы жұмысының маңызды бөлімі болып табылады. Ол Қазақстандық менеджмент, экономика және болжау институтының ғылыми кітапханасы және Қазақстан Компартиясы ОК жанындағы Партия тарихы институтының кітапханасы базасында жинақталды.

Сол кезде Партия тарихы институтының кітапханасы 108860 кітапханалық бірліктен тұрды, оның 20 мыңы қазақ халқының тарихы мен мәдениеті бойынша аса құнды басылымдар болды. Кітапхана қорында 27235 журнал мен 6268 газет жиналды, оның ішінде «Айқап» сияқты сирек кездесетін журналдар болды.

«Ақыл-ой» орталығы жұмысының бастапқы кезеңінде ұйымдастыру ресурстарының шектеулігіне байланысты мұрағаттық құжаттарды, жазба ескерткіштерін, сирек кездесетін кітаптарды осындай үлкен көлемде сақтау, жинақтау, есепке алу және пайдалану үшін қажетті жағдайлар қарастырылмады, бұл көптеген ғалымдар мен кітапхана қызметкерлерінің күшімен ондаған жылдар бойы жинақталған бірегей мәдени мұраны сақтап қалу мәселесін өзектендірді.

1994 жылы ҚСЗИ-дың бірінші директоры, белгілі қазақстандық халықаралық ғалым Ө.Т. Қасенов ғылыми кітапхананы қайта құру үшін комиссия құрды. Кітап қорын сақтау және оған оқырмандардың қолжетімділігі мақсатында көптеген кітаптар едәуір көлемде түрлі кітапханаларға берілді. 1994 жылдың қаңтар айында Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына сирек кітаптар қорынан 3090 кітап, сондай-ақ 6000 газет тігіндісі берілді. 1994-1995 жылдары Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік қазіргі заман тарихының мұрағатына – Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағатына 17385 дана кітап, сондай-ақ 5913 журнал тапсырылды.

ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының Тарих институтына 180 кітап, ҚР ҰҚК Әскери институтының кітапханасына 204 кітап берілді. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мұражайына қауіпсіздік органдары қызметінің тарихын баяндайтын өлкетану жөніндегі 22 кітап берілді.

1997 жылы директор Л.Ю. Тараков ҚР Президенті Мұрағатының балансына мұрағаттық құндылығы бар ҚСЗИ ғылыми кітапханасының кітап қорының бір бөлігін беру туралы мәселені көтерді. Сол жылдың қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлікті және активтерді басқару департаменті Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағатының балансына ҚСЗИ ғылыми кітапханасының кітап қорын 69 мың 939 данада тапсыру туралы қаулы қабылдады.

2014 жылы ҚСЗИ негізгі кітап қоры Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ҚСЗИ-ды Астана қаласына көшіру туралы Жарлығына сәйкес елордаға ауыстырылды. Қысқа мерзім ішінде кітапхана мен кітап сақтау орны жабдықталды, бұл ҚСЗИ зияткерлік қазынасының толыққанды жұмыс істеуін жедел режимде іске қосуға мүмкіндік берді: сарапшылар, зерттеушілер докторанттар, магистранттар және еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының ізденушілері өздерінің ғылыми жұмыстарында институттың кітапхана қорынан алынған кітаптарды белсенді пайдаланды.

ҚСЗИ ақпараттық-баспа қызметінің негізгі ерекшеліктері ретінде мыналарды атауға болады:

Біріншіден, кітапхананың кітап қоры белгілі бір дәрежеде ҚСЗИ басылымдары есебінен қалыптасады;

Екіншіден, ҚСЗИ басылымдары, мерзімді басылымдарды қоса алғанда, міндетті түрде республиканың

негізгі кітапханалары бойынша, мемлекеттік органдар мен мекемелерге, ғылыми орталықтарға, өңірлердің, Алматы және Астана қалаларының жоғары оқу орындарына, республикалық және өңірлік кітапханаларға, елшіліктерге, халықаралық ұйымдардың өкілдіктеріне тегін таратылады, бұл Институттың ғылыми-талдау өнімін оқырмандардың кең шеңбері үшін қолжетімді етуге мүмкіндік береді.

Үшіншіден, ҚСЗИ кез келген мерзімді басылымдарында – «Казахстан-Спектр» орыс тілінде, «Қоғам және Дәуір» қазақ тілінде, «Central Asia's Affairs» ағылшын тілінде журналдың тақырыбы мен бағытына сәйкес келетін қандай да бір проблематикамен кәсіби айналысатын кез келген әлеуетті автордың өз еңбегін жариялауға құқығы бар.

2018 жылы ҚСЗИ веб-сайтына 179 000 пайдаланушы кірген (2018 жылғы 25 желтоқсандағы күйі бойынша). Оның 33 115-і жақын және алыс шетелдердегі пайдаланушылар. ҚСЗИ сайтында есепті кезеңде барлығы 246 000 парақша қаралды (61-сурет).

Егер Институт веб-сайтының статистикалық деректерін өткен жылдың осы кезеңімен салыстырар болсақ, оң динамика байқалады: 2017 жылы ҚСЗИ веб-сайтына 169 334 пайдаланушы кірген (2017 жылғы 25 желтоқсандағы күйі бойынша), 2018 жылы Институт веб-сайтын пайдаланушылар 10 000-ға артты.


Facebook-тегі ҚСЗИ парақшасын жүргізу бойынша статистикалық мәліметтер: 2018 жылы аудиторияны қамту **103 626** пайдаланушыны құрады. Өткен жылмен салыстырғанда аудиторияны қамту екі



есеге артты – 50 058. Есептік кезең ішінде ҚСЗИ сарапшылары парақшада 848 жарияланым орналастырылды, бұл 415 жарияланымға көп (2017 жылы 433 жарияланым). «Ұнайды» белгісінің барлық саны: 3 190.

Жазылғандардың жалпы саны: 3 405 адам. Олардың жалпы саны 553 пайдаланушыға артқан (2017 жылы ҚСЗИ парақшасына 2 852 адам жазылған).





61-сурет. ҚСЗИ сайтының сандық көрсеткіштері



Twitter-дегі ҚСЗИ парағын жүргізу бойынша статистикалық мәліметтер: аудиторияны қамту 2018 жылы 10154 пайдаланушыны құраған. Есептік кезең ішінде ҚСЗИ қызметкерлері парақшада 269 твит орналастырды.


Оқылатын твиттер саны 130, барлық «ұнайды» белгісі: 58.

Жазылғандардың жалпы саны: 650 адам. Twitter-дегі ҚСЗИ парағы 2018 жылы іске қосылды.

ҚСЗИ шетелдердің ғылыми және сараптама құрылымдарымен ынтымақтастық орнатқан, қазіргі заманның өзекті мәселелері бойынша халықаралық және аймақтық зерттеу жобаларын іс жүзіне асырады.

ҚСЗИ қызметкерлері халықаралық ғылыми байланыстарды кеңейту және дамыту, ҚР ішкі және сыртқы саясатының негізгі ережелерін, Қазақстанның екіжақты және көпжақты ынтымақтастық саласындағы басымдықтарын түсіндіру мақсатында тұрақты негізде шетелдік елшіліктер, халықаралық ұйымдар, шетелдік ғылыми-зерттеу және талдау орталықтарының өкілдерімен кездесулер өткізеді.

Осы кездесулер аясында ҚСЗИ-да саясат, экономика, халықаралық қауіпсіздік саласындағы әлемдік және аймақтық дамудың өзекті мәселелері бойынша пікір алмасулар жүреді, ҚСЗИ-мен ынтымақтастық және бірлескен қызмет перспективалары талқыланады (62-сурет).



62-сурет. ҚСЗИ-дың шетелдік елшіліктер, халықаралық ұйымдар, шетелдік ғылыми-зерттеу және талдау орталықтарының өкілдерімен кездесулерінің саны (2011-2018 жж.)

Қазіргі уақытта ҚСЗИ 16 елдің талдау орталықтарымен ғылыми ынтымақтастық туралы 57 меморандум, келісімдер, шарттар жасасты (6-кесте).

6-кесте. ҚСЗИ халықаралық ынтымақтастығы

Ел	Шарттар саны	Ел	Шарттар саны
Ресей	7	Үндістан	2
Қытай	5	Пәкістан	1
Оңтүстік Корея	5	Польша	1
Беларусь	3	Ауғанстан	1
Қырғызстан	2	Иран	1
Түркия	2	БАЭ	1
Өзбекстан	2	Венгрия	1
Әзербайжан	2	Тәжікстан	1

3.3 Жаһандық рейтингтегі ҚСЗИ: негізгі көрсеткіштері



2008 жылдан бастап жыл сайын сараптамалық талдау орталықтарға қатысты жаһандық рейтинг жарияланады. Бұл рейтинг - АҚШ-тың «Foreign Policy Research Institute» зерттеу институты «Think Tanks and Civil Societies Program» бағдарламасының негізінде Пенсильвания университетінің профессоры Джеймс Макганның (James G. McGann) басшылығымен экономикалық, саяси және әлеуметтік тақырыпта объективті әрі шынайы зерттеу жүргізетін аналитикалық орталықтарының толық мәліметтер базасын құру мақсатында жүргізілетін зерттеу жобасы.

Бұл рейтинг әлемдегі сараптамалық талдау орталықтарының өкілдеріне сауалнама жүргізу арқылы анықталады. Олар өз әріптестерін келесі критерийлер бойынша бағалай алады:

- 1) мемлекетте және әлемде орталықтың ықпалы;
- 2) саясаткерлер мен танымал басылымдар арасында олардың беделі;
- 3) академиялық мәртебесі;
- 4) зерттеуге жетекші ғалымдар мен сарапшыларды қатыстыру;
- 5) саяси көзқарастар мен пікірге ықпалы;
- 6) жарияланған мақалалар, сұхбаттар, зерттеулер [104].

Сонымен қатар, рейтингі анықтау барысында сараптамалық талдау орталықтарының келесі түрлеріне талдау жасалады (63-сурет).



63-сурет. Рейтингтегі сараптамалық талдау орталықтарының түрлері

Іріктеу мен номинация процесі алдында «сараптамалық талдау орталықтары және азаматтық

қоғам бағдарламасының» тобы мәліметтерді жаңарту әрі толықтыру бойынша жұмыс жүргізеді.

Рейтинг бағаланатын орталықтарға, сондай-ақ экономикалық және саяси зерттеулер саласындағы 4 мыңнан астам журналистер, саясаткерлер мен сарапшыларға жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша жасалады (64-сурет). Рейтингті жасаудың қорытынды кезеңіне беделді сарапшылар тобы қатысады, олардың пікірлері бойынша қорытынды шешім шығарылады. Рейтингті қалыптастыру үшін «ақыл орталықтарын» құрылымдайтын географиялық орналасуы, функционалдық және ұйымдастырушылық бағыты, ғылыми-талдамалық жұмыстың сапасы мен беделі, орталықтың «танылымдығы», брифингтер мен ресми кездесулердің саны, сондай-ақ арнайы жетістіктері үшін бірқатар номинацияларды қамтитын 30-дан астам әртүрлі критерийлер қолданылады.



64-сурет. Рейтингтегі анықтау және жүргізу мерзімдері

Келесі суретте зерттеуде берілген географиялық шоғырлану принципі бойынша сараптамалық талдау орталықтарының саны туралы мәліметтерді көруге болады (7-кесте):

7-кесте. 2007-2017 жылдар аралығындағы географиялық шоғырлану принципі бойынша сараптамалық талдау орталықтарының саны

Аймақтар/ жылдар	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018
Африка	274	424	503	548	550	554	612	467	615	615	664	612
Азия	601	653	1183	1200	1198	1194	1201	1106	1262	1262	1676	1829
Еуропа	1681	1722	1750	1757	1795	1836	1818	1822	1770	1770	2045	2219
Латын Америкасы	408	538	647	690	722	721	662	674	774	774	979	1023
Орта Шығыс және Оңтүстік Африка	192	217	273	333	329	339	551	521	398	398	479	507
Солтүстік Америка	1924	1872	1912	1913	1912	1919	1984	1989	1931	1931	1972	1972
Океания	0	38	39	39	39	40	38	39	96	96	56	-

Кестеден көріп отырғанымыздай, әлемде жалпы сараптамалық талдау орталықтарының ұлғаюы байқалады, сонымен бірге, басым бөлігі Солтүстік Америка мен Еуропада орналасқан. Негізінен рейтинг бағалау, реттеу, жіктеу мағынасымен қатар, белгіленген шкала бойынша қандай да болмасын күрделі өлшенетін құбылыстарды субъективті бағалауды білдіреді.



65-сурет. Сараптамалық талдау орталықтарының үлесі

Рейтингте соңғы 5 жылда көрсетілген сараптамалық талдау орталықтарының санына назар аударсақ, жалпы аналитикалық орталықтардың ұлғаюы тенденциясы байқалады, дегенмен, әрбір аймақ бойынша бірыңғай емес [105]:

Біріншіден, Африка континентіне тоқталсақ, соңғы 5 жылда сараптамалық талдау орталықтарының саны жағынан өсім негізінен Гана, Кения, Нигерия, Оңтүстік Африка мемлекеттері арқылы болған.

Екіншіден, Солтүстік Америка бойынша өсім АҚШ сараптамалық талдау орталықтары есебінен байқалады.

Үшіншіден, Латын Америкасы мемлекеттерінде сараптамалық талдау орталықтарының даму үрдісі, яғни шынайы өсім байқалады, әсіресе, Уругвай, Парагвай, Аргентина, Боливия, Чили, Мексика мемлекеттерінде тұрақты даму анықталған.

Төртіншіден, өсім сонымен бірге, Орта Шығыс елдерінде де байқалады, нақтырақ айтсақ, Египет, Иран, Израиль, Йемен, Палестина, Түркияда байқалды.

Бесіншіден, Шығыс Еуропа елдеріндегі өсім Босния, Болгария, Польша, есебінен, бірақ Сербияда керісінше азаю байқалады.

2017 жылғы посткеңестік мемлекеттердегі жағдайға сипаттама берсек, Украинада – 39, Эстонияда – 20, Арменияда – 30, Әзербайжанда – 16, Беларусияда – 22, Латвияда – 11, Молдовада – 9, Қазақстанда – 31, Қырғызстан – 28, Өзбекстанда – 12, Тәжікстанда – 7. Бұл жерде толыққанды ақпарат жоқ, себебі, мысалға, Түркменістан мемлекеті бойынша ешбір сараптамалық талдау орталы жоқ деп көрсетілген, ал бұл мемлекеттегі ірі сараптамалық талдау орталықтарының бірі - Түркменістанның Стратегиялық жоспарлау және экономикалық даму институты бар.


Біздің пікірімізше, жоғары көрсетілген мәліметтер шынайы өсім болып табылмайды, көп жағдайда әрбір мемлекет бойынша толық мәліметтердің болмағандығын көрсетеді, сондай-ақ бұл мемлекеттегі сараптамалық талдау орталықтарының тіркелу және мәлімет беру жұмысына байланысты.



Жоғарыда аталған сараптамалық талдау орталықтарына қатысты жаһандық рейтингісінің 2018 жылғы қорытындысы бойынша ҚСЗИ бірқатар номинациялар

бойынша жетекші орында. Рейтингте 55 түрлі номинация бар.

ҚСЗИ сараптамалық талдау орталықтарының жаһандық рейтингісіне 2013 жылы енді. Ол уақытта тек Орталық Азиядағы жетекші сараптамалық талдау орталықтар номинациясы бойынша 2-ші орынды иеленді (66-сурет). Соңғы 6 жылда осы рейтингіде тұрақты үздік үштік қатарында.




Показатель рейтинга	Аналитический центр
2	Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК (КИСИ)
7	Институт экономических исследований (ИЭИ) Министерства национальной экономики РК
11	Центр анализа стратегических исследований (ЦАСИ) Министерства обороны и агропромышленного производства РК
20	Центр анализа общественных проблем
37	Центр исследований частного предпринимательства
42	Национальный аналитический центр при Назарбаев Университете
44	Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейманова ИИ МОН РК
46	Казахстанский институт менеджмента, экономики и прогнозирования (КИМЭП)
48	Институт мировой экономики и политики (ИМЭП)
51	Центр политического анализа и стратегических исследований партии «Нұр Отан»
55	Информационно-аналитический центр
58	Евразийский исследовательский институт
60	Research and Development Center

66-сурет. Орталық Азиядағы жетекші сараптамалық талдау орталықтары номинациясы

«Энергетика және ресурстық саясат саласындағы жетекші ақыл-ой орталықтары» және «Жетекші мемлекеттік ақыл орталықтары» екі номинациясы бойынша ҚСЗИ өзінің бұрынғы орындарын сақтап қалды (тиісінше, 32 орын және 57-орын (67, 68 суреттер).




67-сурет. Энергетика және шикізат саясатындағы жетекші сараптамалық талдау орталықтары номинациясы



68-сурет. Жетекші мемлекеттік сараптамалық талдау орталықтары номинациясы

Рейтингтің кейбір номинацияларында ҚСЗИ өз позицияларын жақсартты және сақтап қала алды. Мысалы, «Қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік саласындағы жетекші ақыл орталықтары» номинациясында ҚСЗИ 4 жыл қатарынан жетекші 100 сараптамалық талдау орталық арасында (2016 жылы 95 орын болатын), сол арқылы Қазақстан мен Орталық Азия елдерінен ұсынылған жалғыз «аналитикалық орталық» болды (69-сурет).



69-сурет. Қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік саласындағы жетекші сараптамалық талдау орталықтары

2018 жылдың қорытындысы бойынша «Әлемдегі алдыңғы қатардағы жетекші ақыл-ой орталықтары (АҚШ зерттеу орталықтарын есепке алмағанда)» жаһандық рейтингінде ҚСЗИ 142 орынға ие болды (2016 жылы бұл көрсеткішке алғаш рет кіргенде, ҚСЗИ 147-ші орынды иеленген еді. Рейтингде 8162 «аналитикалық орталықтың» қызметі талданған болатын). ҚСЗИ негізгі рейтингке кірген жалғыз қазақстандық сараптамалық талдау орталығы ретінде өзінің негізгі мәртебесін тағы да растады (70-сурет).




Таблица 2. Глобальный топ рейтинг аналитических центров (исключая США)

1. Brookings Institution (USA) (United States)
2. Chatham House (United Kingdom)
3. RAND Corporation (USA) (United States)
4. International Institute for Strategic Studies (IISS) (United Kingdom)
5. Asia Development Institute (ADI) (Republic of Korea)
6. Bertelsmann Institute for International Studies (BIS) (Germany)
7. Eurasia Institute (Eurasia) (USA) (United States)
8. Center for European Policy Studies (CEPS) (Belgium)
9. China Institute of Contemporary International Relations (CICIR) (China)
10. Council on Foreign Relations (CFR) (United States)
11. The Hong Kong Foundation (China)
12. International Institute for Environment and Development (IIED) (United Kingdom)
13. EPRU (Eurasia Center for Strategic Studies) (South Korea) (South Korea)
14. United Nations Economic Commission for Africa (ECA) (United States)
15. Australian Institute for Strategic Studies (AIISS) (Australia)
16. AI Center for Policy Studies (AIIPS) (Japan)
17. Center for East Asian Studies (CEAS) (USA) (United States)

70-сурет. Әлемдегі үздік сараптамалық талдау орталықтары» (АҚШ-ты есепке алмағанда) номинациясы

бойы өз зерттеулерінің сапасын арттырып, дәстүрді сақтай отырып, өзінің қажеттілігін дәлелдеді» [107].

3. Шаукенованың пікірінше, біздің алдымызда жаңа міндеттер тұр [108].

Біріншіден, өз қызметін жоспарлауды жетілдіру, ішкі құрылымды қайта қалыптастыру. Біз институтты үш буынды құрылым ретінде қарастырамыз: фронт-кеңсе (спикерлер), мидл-кеңсе (талдаулар және зерттеулер), бэк-кеңсе (ұйымдастыру-қамтамасыз ету). Бұл – орындалатын сараптамалық және зерттеу жұмысының сапасы мен ұтқырлығын арттыру үшін функцияларды бөлу болып табылады. Сонымен қатар, ҚСЗИ қоғамдық және академиялық пікірталастар үшін ашыла түсуде. Жалпы алғанда, құрылымның Стратегиялық жоспары көшбасшылар тобындағы біздің ұстанымымызды нығайтуға бағытталған.

Екіншіден, бұл әдістемелік және әдіснамалық жетілдіру, үздік зерттеу практикалары мен тәсілдерін зерттеу және кеңінен пайдалану.

Үшіншіден, бұл әлемдік сараптамалық мейнстримде болуға бағдарлану үшін шетелдік серіктестермен жұмысты қалыптастыру. ҚСЗИ әлемнің 30 елінен 100-ден астам шетелдік зерттеу және талдау құрылымдарымен байланыс жасайды. ЕО, Ұлыбритания, АҚШ, Қытай, Түркия, Жапония елдерінің зерттеу орталықтарымен бірлескен жобалар көзделген. Сондай-ақ бізді осындай ел Президенті жанында мәртебесі бар институттармен қарқынды дамып келе жатқан диалог қуантады.

Төртіншіден, біз ҚСЗИ-дың далалық зерттеулерді ұйымдастырудағы артықшылықтарын нығайтуды көздейміз. Әлеуметтік желілердің дамуына қарамастан, біздің географиямызды ескерсек, Интернет сауалнамаға жеке қатысуға мүмкіндік беретін ақпараттың толықтығы және жеткізілуіне әлі де мүмкіндік бермейді.

Бесіншіден, ҚСЗИ үнемі озық сарапшылар, әсіресе жастар үшін аса беделді гравитация орталығы болуы тиіс. Институт өзіндік «әлеуметтік саты» болуы тиіс. Мұнда келген жастар тәжірибе жинақтап, танылуы, жаңа мансап деңгейіне көтерілуі тиіс. Ол үшін ҚСЗИ қоғамдық академиялармен және әлеуметтанушылардың, саясаттанушылардың, философтардың, қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың кәсіби қауымдастықтарымен ынтымақтастықты жалғастырады.

Алтыншыдан, жастарды қолдай отырып, біз өз бэкграундымызды нығайтуымыз керек. Институттың үздік дәстүрлерін сақтау, оның қалыптасуына үлес қосқан ғалымдар мен зерттеушілердің алдыңғы буындарының құндылықтарын алға жылжыту қажет. Осылайша ұрпақтар сабақтастығы, тәжірибе тарату қамтамасыз етілетін болады.

Сонымен қатар, Л. Тараковтың пікірінше, «Талдау жұмыстарының жаңа құралдары мен әдістемелерін әзірлеу қажет, өйткені өткен тәжірибе мен өткеннің тіреуіне сүйенуден ешқандай нәтиже болмайды. Сондықтан ҚСЗИ перспективалары мен қажеттілігі біз өмір сүріп уақыт талабы болып табылады» [109].

Осының барлығы – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтын одан әрі жетілдіруге, оның мүмкіндіктерін кеңейтуге, беделін нығайтуға, оның Отан игілігі үшін жұмысын жалғастыруына бағытталған маңызды міндеттер.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, сараптамалық талдау орталықтары ХХ ғасырдың басында пайда болып, қазіргі заманғы мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясатын қалыптастыруда шешуші рөлді иелене отырып, заманауи саясаттағы негізгі акторларының бірі әрі стратегиялық ресурс.

Бүгінде сараптамалық талдау орталықтары:

- 1) дербес, автономды сипатта қызмет атқаратын ұйым;
- 2) кез келген саяси жүйе шеңберіндегі институт, құрылым;
- 3) қоғам мен билік, ғылым мен билік арасындағы делдал;
- 4) мемлекеттегі саяси шешім дайындау процесінің ажырамас бөлігі.

Сараптамалық талдау орталықтары - қоғам мен ел өмірінің күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді шешу жөнінде нақты ұсыныстар мен тетіктерді ұсыныс ретінде дайындап, ішкі және сыртқы саясат мәселелеріне талдау жасап, баға беруге бағытталған, болжамдық сипатта қызмет ететін, күрделі құрылымдық жүйесі бар, пәнаралық тұрғыда зерттеу жүргізетін сарапшылардың кәсіби қауымдастығы.

Жалпы, сараптамалық талдау орталықтарының даму тарихын, атқарған қызметтерін талдай келе, олардың қызметтері тарихи контекст, яғни қоғамдағы тарихи

процестер, құрылу мақсаттары және алдына қойған міндеттері жүзеге асыратын миссиясы салдарынан өзгеруі мүмкін.

Сараптамалық талдау орталықтарының қызметтері, сонымен бірге, олардың азаматтық қоғам, не саяси жүйенің элементі, яғни қандай контексте қарастырылуына да тәуелді. Сараптамалық талдау орталықтары өз қызметінің барлық бағыттарында ең алдымен зерттеу, талдау, ұсыныс жасау, сараптау, болжам жасау, сонымен қатар, қоғам мен билік, мемлекет арасындағы делдал қызметтерін атқаруы тиіс.

Сараптамалық талдау орталықтарын қаржыландырудың үш түрінің тек бір түрін ғана пайдалану сирек кездесетін жағдай. Негізінен көптеген сараптамалық талдау орталықтары бірнеше қаржы көзін пайдалануға тырысады, себебі бір жағынан жалпы қаржы көлемін ұлғайтса, екінші жағынан, олардың тұрақтылығын арттыра түседі. Сараптамалық талдау орталықтарының бірнеше қаржы көзін біріктіріп пайдалануы әртараптандыру принципіне сәйкес келеді. Сараптамалық талдау орталықтарын қаржыландыру түрлерін жүйелей келе, мемлекеттік және жеке меншік қаржыландыруды сыртқы қаржыландыруға, ал өзін өзі қаржыландыруды ішкі қаржыландыру деп есептеуге болады.

Сараптамалық талдау орталықтарын қаржыландыру механизмдері мен арналары олардың қызметтерін тиімді және толық деңгейде орындауға мүмкіндік

береді. Сонымен қатар, мемлекетте сараптамалық талдау орталықтарының әр түрлерінің қалыптасуына да әсерін тигізеді. Бірақ, бұл негізгі фактор емес, себебі, сараптамалық талдау орталықтарының дамуына мемлекеттің саяси режимі, саяси жүйе ерекшелігі, заңнамалық негізі, экономиканың, азаматтық қоғамның, білім және ғылымның, бизнес құрылымдардың даму деңгейі сияқты бірнеше факторлар жиынтығы ықпалын тигізеді. Сараптамалық талдау орталықтары мемлекет дамуындағы ішкі және сыртқы факторлардың біріккен әсерінен, әлемдік саясаттағы негізгі мәселелерге жауап ретінде пайда болып, дамуы да мүмкін.

Әр мемлекеттің дамуындағы сараптамалық талдау орталықтарын қарастыра келе, өзіндік ерекшеліктерін атауға болады.

АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтары
АҚШ Президенті Әкімшілігі мен Конгресті өз сараптамалық зерттеулерімен және жұмыстарымен тең жағдайда қамтамасыз етеді, сонымен бірге олар өз кезегінде сараптамалық талдау орталықтарын қаржыландырушы негізгі арналардың бірі, сондай-ақ мемлекет тарапынан қолдау таба отырып, ірі бизнес корпорациялары мен құрылымдарының қаржылық қолдауына ие. АҚШ-тың сараптамалық талдау орталықтары мемлекеттің сыртқы саясатының негізгі бағыттарын қалыптастыра отырып, мемлекеттік билікке білікті де тәжірибелі мамандарды дайындау тетігі, басқа мемлекеттерде өз өкілдіктерін ашу арқылы мемлекеттің ықпалын күшейту механизмі

ролін атқара отырып, өздерінің идеологиялық, зерттеу бағыттарының қарама-қарсылығына қарамастан мемлекеттік мүдде мақсатында бірнеше сараптамалық талдау орталықтарының бірлескен түрінде қызмет атқарады.

Қытайдың сараптамалық талдау орталықтары демократия және адам құқықтары мәселеріне қарағанда экономика, халықаралық экономика және халықаралық қатынастар мәселелерін көбірек зерттейді, өз зерттеу нәтижелерін қоғамдастық немесе БАҚ-қа емес, саясаткерлер мен саяси элитаға бағыттайды. Сонымен бірге, сараптамалық талдау орталықтары желісін дамыту, мамандарды дайындау платформасын құру, нақты аймақтар бойынша мамандану, мемлекеттік билік тарапынан оларды дамытудың нақты стратегиясын жүзеге асыру Қытай сараптамалық талдау орталығының тиімді әрі сәтті, нәтижелі қызмет етуіне ықпал ететін негізгі факторлар.

Кеңес Одағының ыдырағаннан кейін бірнеше зерттеу институттарының негізінде жаңа мемлекеттік, жеке меншік сараптамалық талдау орталықтарының дамуына жинақталған мәліметтер базасы, әдіснамалық негіз, ғылыми кадрлар болуы **Ресейдің сараптамалық талдау орталықтарының** дамуындағы жағымды әсер еткен факторлар болды. Бүгінде сараптамалық талдау орталықтары саяси билікпен, мемлекеттік органдармен қарым-қатынас механизмдерін жетілдіруге, халықаралық деңгейде өзіндік жобалар мен пікірталас

алаңдарын құруға, жас сарапшыларды дайындауға үлкен мән беруде.

Сонымен, сараптамалық талдау орталықтары мемлекеттік аппарат пен интеллектуалды орта арасындағы, қоғам мен саясат арасындағы делдал бола отырып, қоғам және мемлекет дамуындағы өзекті мәселелерді анықтаушы, талқылаушы, шешуші, сонымен бірге, мемлекеттік органдар тарапынан саяси шешім қабылдау үдерісінің бір тізбегі, қоғамдық пікірді қалыптастырушы механизмдердің бірі, азаматтық қоғамның даму деңгейін анықтайтын көрсеткіш. Бұл қызметтерді сараптамалық талдау орталықтарының атқаруы үшін мемлекеттегі сараптамалық талдау нарығына мемлекет тарапынан мақсатты түрде жүйелі негізге қойылған кешенді жұмыс бағыттары болуы тиіс.

Н.Назарбаев 12-ші Астана экономикалық форумында «бүгінгі әлемдік геосаяси ахуалды ескере отырып, мемлекеттер арасында әрі қарай даму жолдары мен бағыттары әрдайым талқылануы тиіс, ал бұл талқылау ең алдымен әлемнің негізгі сараптамалық талдау орталықтарының диалогынан басталуы тиіс» [110] деп атап өтті, яғни ХХІ ғасырда бұл зерттеу институттары тек өз мемлекеттеріндегі ішкі мәселелерді талқылап қана қоймай, қазіргі әлемдік экономика мен саясаттағы өзекті мәселелерді шешу үшін ортақ диалог пен талқылау платформасы қызметін атқаруы тиіс.

1-қосымша

АҚШ-тың жетекші сараптамалық талдау орталықтары

1. RAND Corporation
(United States)



Құрылған жылы	1946, Санта-Моника (АҚШ, Калифорния)
Сараптамалық талдау орталықтың тарихы	«РЭНД жобасы» (кейіннен «РЭНД корпорейшн») елдің ұлттық қауіпсіздігін қорғау мақсатында 1945 жылдың соңында Санта-Моникадағы «Дуглас» Әуе компаниясының шеңберінде АҚШ әскерінің бірқатар генералдары Арнольд, Боулес, Норстад, ЛеМэе, Реймонд, Коллбом және Дугласпен құрылған болатын. 1948 жылы мамырда РЭНД «Дуглас» компаниясынан бөлініп, тәуелсіз, жеке меншік, коммерциялық емес, партиядан тыс ұйым болды. Сол кезден бастап РЭНД сараптамалық талдау орталығының басты миссиясы — саяси бағытты анықтауға және шешім қабылдауға ықпал ету.
Құқықтық-ұйымдасу түрі	тәуелсіз, коммерциялық емес ұйым
Ұйымдық құрылымы	корпорация құрылымы аралас, ол салалық, сонымен бірге, территориялды белгілері бойынша бөлінген. Вашингтонда, Питтсбургте, Ұлыбританияда, Катарда өз офистері бар.
Кадрлары	1600-ге жуық сарапшылар, 50 мемлекеттің өкілдері
Зерттеу бағыттары	Қорғаныс зерттеулері, білім беру, Еуропа, экономика, инфрақұрылым, қауіпсіздік, қоршаған орта, халық және еңбек ресурстары тақырыптарында зерттеу жүргізеді. Сонымен бірге, Сапалы саясат орталығы, Территориялдық тәуелділікті басқару орталығы, Азаматтық құқық институты бар. Әскери-әуе күштері жобасы бар.
Өнімдері	Монографиялар, мерзімді басылым (RAND Review), президенттік әкімшілік үшін даму бағдарламалары, сыни инфрақұрылымдар, мемлекеттік бағдарламалар

Білім беру бағдарламалары	1970 жылы РЭНД мемлекеттік саясатты талдау бойынша Жоғарғы мектептің негізін салды. Бүгінде мектепте 20 мемлекеттен астам 100 жуық студент оқиды. Сонымен қатар, РЭНД бірқатар тағылымдамалар, бағдарламалар, шәкіртақылар ұсынады. Ең үздік студенттер РЭНД-тің ағымдағы жобалары шеңберінде қысқа мерзімді зерттеулерге қатысуға мүмкіндік алады. Сонымен докторанттарда бірнеше шәкіртақы арқылы жаңа білімдер мен дағдыларды игеруге мүмкіншілігі бар.
Сайты	http://www.rand.org
Байланыс мәліметтері	Headquarters Campus 1776 Main Street Santa Monica, CA 90401-3208 Tel: (310) 393-0411 Fax: (310) 393-4818

**2. Брукингс институты / Brookings Institution
(United States)**

BROOKINGS

Құрылған жылы	1916, Вашингтон
Сараптамалық талдау орталықтың тарихы	1916 жылы бір топ жетекші реформаторлар ұлттық деңгейде мемлекеттік саясат мәселелерін талдау үшін алғашқы жеке меншік ұйым Мемлекеттік зерттеулер институтын құрған болатын. 1922 және 1924 жылдары Институтты негізін қалаушылардың бірі - Роберт Сомерс Брукингс (1850-1932) қосымша тағы екі ұйым, яғни Экономика институтын және магистратура ашқан болатын. 1927 жылы үш ұйым бірігіп, Брукингс институты пайда болды. Ұраны – «Сапа. Тәуелсіздік. Ықпал ету».
Құқықтық-ұйымдасу түрі	коммерциялық емес ұйым
Ұйымдық құрылымы	Институт нақтылы әкімшілік және ғылыми-зерттеу құрылымдарына бөлінген. Ғылыми ұйым ретінде жеке-леген ғылыми және зерттеу мектептерінің жиынтығы. Құрылымдық бөлімшелер қызмет бағыттары бойынша ұйымдастырылған.
Кадрлары	1000-ға жуық
Зерттеу бағыттары	Институт келесі салаларда іргелі және қолданбалы зерттеулерді жүргізеді: ұлттық қорғаныс, экономика, урбанистика, бизнес-үдерістер, білім беру, қоршаған ортаны қорғау, халықаралық саясат, ғылым және техника.
Өнімдері	Ұжымдық монографиялар, ұсыныстар, заң жобаларын өңдеуге қатысу
Білім беру бағдарламалары	Брукингс институты шешім қабылдау үдерісі және мемлекеттік басқару мәселелерін зерттейтін корпоративті және мемлекеттік қызметкерлерге жоғары сапалы білім беру курстарын ұсынады.
Сайты	http://www.brookings.edu
Байланыс мәліметтері	1775 Massachusetts Ave, NW, Washington, DC 20036 Phone 202.797.6000

3. Мұрагер қоры / Heritage Foundation (United States)



Құрылған жылы	1973, Вашингтон
Сараптамалық талдау орталықтың тарихы	Мұрагер қоры 1970 жылдарда орын алған қоғамдық маңызды мәселелерге жауап ретінде пайда болды. Ұйым еркін нарық, мемлекеттің қоғам өміріне шектеулі қатысу, күшті үлкен қорғаныс, адамның еркін бостандығы идеяларын ұстанды. Сонымен бірге, «коммунистік қауіп» сол кездегі американдық элитаның консервативті бөлігін біріктірген болатын.
Құқықтық-ұйымдасу түрі	Тәуелсіз, салықтан босатылған зерттеу ұйымы
Ұйымдық құрылымы	Ұйым Қамқоршылар кеңесі және Атқарушы комитет атты реттеуші органдар және 11 ішкі департаменттен тұрады.
Кадрлары	200-ге жуық сарапшы
Зерттеу бағыттары	Орталықта Азия зерттеу орталығы, Америка зерттеу орталығы, Мәліметтерді талдау орталығы, халықаралық сауда және экономика орталығы, құқықтық және сот зерттеулер орталығы, БАҚ және жариялық саясат орталығы, Инновациялық саясат орталығы, Дін және азаматтық қоғам орталығы және т.б. орталықтар бар. Ұйым жоғарыда аталған зерттеу бағыттарында жұмыс атқарады.
Өнімдері	Мұрагер қоры танымал «Экономикалық еркіндік индексі» құрастырған ұйым. Сонымен бірге, орталық нақты саяси мәселелер бойынша талдамалық анықтамалар дайындап, оны тегін таратады. Зерттеу нәтижелерін, сараптамалық баяндамалар, сұхбаттарды еркін сатып алуға болады.
Білім беру бағдарламалары	Мұрагер қорының тағылымдама бағдарламасы, студенттік виртуалды сараптамалық талдау орталығы, жастар үшін арналған ұйымдар коалициясы бар. Олар Мұрагер қорының сарапшыларымен өзара әрекеттесіп, тәжірибе жинай алады.
Сайты	http://www.heritage.org
Байланыс мәліметтері	The Heritage Foundation 214 Massachusetts Ave NE Washington DC 20002-4999 Phone: 202.546.4400



4. Urban Institute (United States)

Құрылған жылы	1968, Вашингтон
Сараптамалық талдау орталықтың тарихы	1960 жылдары Джонсон тәуелсіз партиядан тыс зерттеулердің қажеттілігін көрді. Президент қоғам қайраткерлерінен тұратын беделді комиссия құрып, орталық ашылған болатын. Орталық басты мақсаты - әлеуметтік, азаматтық және экономикалық әлауқаттылықты жақсарту үшін саясатқа, бағдарламаларға талдау жасау, қоғамдастықты ақпараттандыру.
Құқықтық-ұйымдасу түрі	
Ұйымдық құрылымы	Білім беру саясаты орталығы, Денсаулық сақтау саясаты орталығы, Халықаралық даму және басқару орталығы, Әділет саясат орталығы, Еңбек және әлеуметтік қызмет орталығы, Тұрғын-үй саясаты орталығы, Коммерциялық емес ұйымдар және қайырымдылық орталығы, Салық саясаты орталығы бар. 50 штатта және шетелде 28 елде жұмыс істейді.
Кадрлары	
Зерттеу бағыттары	Көп бағыт бойынша: балалар және жастар, қалалар мен аудандар, қылмыс пен сот жүйесі, экономика және салықтар, білім беру, еңбекпен қамту, отбасы және тәрбие, басқару, денсаулық сақтау, тұрғын үй, иммигранттар, халықаралық даму, коммерциялық емес ұйымдар, кедейшілік, нәсілдер және этностар, зейнеркерлік пен қарттық, ел астанасы.
Өнімдері	
Білім беру бағдарламалары	Жазғы академия, шәкіртақылар, тағылымдамалар
Сайты	http://www.urban.org
